

Абдуллина Г.К.

**АУЫТҚУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ-ҚЫЛЫҚ
ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫ МЕН
ПСИХОКОРРЕКЦИЯСЫ:**

2017 ЖЫЛ

УДК 159.923.2

Пікір жазғандар:

Сатиева Ш,С. – Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті психология ғылымдарының кандидаты, профессор
Кундакова А.К. –Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Абдуллина Гүлнар Қабдышеитқызы. Ауытқушылық әрекет-қылық психодиагностикасы мен психокоррекциясы: оқулық құрал – Семей, 2017 – 154бет.

Оқу құралы ауытқушылық мінез-құлықтары бар жеткіншектердің психофизиологиялық даму ерекшеліктері, әлеуметтенудегі қиындықтары жайлы ғылыми-теориялық зерттеулерге негізделген мәліметтермен, мінез-құлық және әрекет көріністеріндегі кемістіктер мен әртүрлі ауытқуларды психодиагностикалау мен психокоррекциялау жөнінде әдістемелік білімдермен қаруландырады.

Алғы сөз

Жеткіншектердің кез-келген ортада әлеуметтенуі, өзін-өзі көрсете алуы және өзін-өзі бекіте білуі күрделі үрдіс. Дұрыс әлеуметтене алмаған жеткіншектердің мінез-қылықтарында ортақ ережелерден ауытқитын жағымсызәлеуметтік іс-әрекеттер мен түрлі ауытқушылық жағдайлар: баланың дегбірсіз қимылы, орынсыз айқайы, ұйқысының нашарлығыкөрініс табады. Бұндай бала төбелескіш, басқа құрбыларымен тату ойнай алмайтын, өркөкірек болады. Ауытқуы бар балалар мен жеткіншектердіңпсихикалық дамуы уақытша тежелген, баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінезінде психопатиялық формалар кездесетін, қозу күйін дәрі-дәрмек беру арқылы тежейтін, кәметке жасы толмаған құқықтық тәртіп бұзушы, ақыл-ойы кем. Басқаша айтсақ жағымсыз дау жанжал шығаратындар. Мінез-құлық ауытқушылығын сипаттау үшін арнайы терминдер қолданылады – делинквенттілік және девианттылық.

Мінез-құлықта ауытқушылығы бар жеткіншектердіңпсихикалық даму ерекшеліктерінде кездесетін кемшіліктерді іздестіріп, одан әрі оларды терең білу үшін қалыпты дамыған балалардың мінез-құлығымен салыстыра отырып зерттеуқажет. Себебі жеткіншектік кезеңнің психофизиологиялық даму ерекшеліктері бар. Жеткіншектік кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың барлық жақтарын қамтитын шұғыл әрі сапалы өзгерістер. Жеткіншектік кезеңдегі өзгерістер әр балада әртүрлі уақытта өтеді: біреуінде кеш, біреуінде ерте. Дамудың динамикалық сипаты, творчестволық ойлаудың белсенді дамуы және жеткіншектердіңәлеуметтік жетілуі, өмірлік тәжірибенің жеткіліксіздігі – өзбетінше ой қорытындысын жасап, оны шындық ретінде қабылдауға әкеледі.

Ауытқушылық мінез-құлық және әрекет көріністеріндегі кемістіктер мен әртүрлі ауытқуларды болдырмау және алдын-алуда психодиагностика мен психокоррекцияның маңызы өте зор.

Оқу құралы ауытқушылық мінез-құлықтары бар жеткіншектердің психофизиологиялық даму ерекшеліктері, әлеуметтенудегі қиындықтары жайлы ғылыми-теориялық зерттеулерге негізделген мәліметтермен, мінез-құлық және әрекет көріністеріндегі кемістіктер мен әртүрлі ауытқуларды психодиагностикалау мен психокоррекциялау жөнінде әдістемелік білімдермен қаруландырады.

I-бөлім. Ауытқушылық әрекет-қылық диагностикасы мен коррекциясының ғылыми-теориялық негіздері

1.1 Ауытқушылық әрекет-қылық диагностикасы мен коррекциясының маңызы

Қазіргі таңда ауытқушы бар балалар мен жеткіншектердің мінез-құлықтары жалпы дамуында айрықша орын алады. Осы кезеңде даму үрдісі қалыптасуының жеткіліксіз деңгейлерінің нәтижесінде мінез-құлқында қиындығы бар балалар мен мұндай балалардың еркін дамып жетілмеуі оның іс-әрекетін, мінез-құлқын бақылап, басқарып отыруға кедергі келтіруімен қатар іс - әрекетіне қойылатын талаптар мен ережелерді үйлестіре алмауы байқалуда. Мінез-құлқындағы ерекшеліктер жас кезден байқалады: балалардың деғбірсіз қимылы, орынсыз айқайы, ұйқысының нашарлығымен сипатталады. Бұндай бала төбелескіш, басқа құрбыларымен тату ойнай алмайтын, өркөкірек болады. Ауытқушы бар балалар мен дамуы уақытша тежелген, баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінезінде психопатиялық формалар кездесетін, қозу күйін дәрі-дәрмек беру арқылы тежейтін, кәмелетке жасы толмаған құқықтық тәртіп бұзушы, ақыл-ойы кем. Басқаша айтсақ жағымсыз дау жанжал шығаратындар. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің психикалық даму ерекшеліктерінде кездесетін кемшіліктерді іздестіріп, одан әрі оларды терең білу үшін қалыпты дамыған балалардың мінез-құлығымен салыстыра отырып, зерттеу қажет.

Ауытқушылық әрекет-қылық психодиагностикасы мен психокоррекциясы пәні мінез-құлық және әрекет көріністеріндегі кемістіктердің, әртүрлі ауытқулардың шығу себептерін, ағымдарын және оларды дер кезінде анықтау (диагностикалау) мен қалыпқа келтіру (коррекциялау) мәселесін зерттейді. “Ауытқушы” мінез-құлық термині “девианттық” терминімен (латын тілінде *deviatio* - аутқу) немесе “деликвенттік” (латын тілінде *delinquens* - құқық бұзушы) сәйкес келеді. Қоғамда қалыптасқан нормалардан ауытқуға жол ашатын мінез-құлық девианттық мінез-құлық деп аталады. *Девианттық мінез-құлықтың түрлеріне қылмыскерлік, ішкілікке салыну, нашақорлық, жезөкшелік, құмар ойындарына қызығушылық, психопатиялық бұзылу және т.б. жағымсыз қылықтарды жатқызуға болады.* Девианттық іс-әрекет екі үлкен категорияларға бөлінеді. *Біріншіден*, ашық немесе жабық психопатологиясы бар психикалық саулық нормасынан ауытқитын іс-әрекет. *Екіншіден*, құқықтық, әлеуметтік және мәдени нормаларды бұзатын әлеуметтік емес іс-әрекет. Егер бұл іс-әрекет еленбейтін болса, оларды құқық бұзушылық деп, ал егер назар аударатындай болса және қылмыстық рет бойынша жазаланатын болса – қылмыс деп атайды.

Девианттық мінез-құлық істеген істерінің жүйесінен немесе жеке істерінен көрінеді (қоғамдағы ережелерге қарсы болу негативті ауытқу ретінде сипатталады), яғни қоғамдағы құқық және адамгершілік нормаларға қарсы болу. Психологиялық әдебиетерде *деликвенттік мінез-құлық термині жиі қолданылады.* Бұл түсінік латын сөзі “*dilinguens*” – “қылық, айып” деген мағынаны білдіреді. Бұл терминнен біз тұлғаның нақты іс-әрекеті, қоғамдағы

және берілген уақыттағы заңдардан ауытқыған, басқа адамдарға қауіп төндіретін және әлеуметтік реттілік пен қылмыс үшін жазаланған. Заңға қарсы мінез-құлық көрсеткен тұлға – деликвенттік тұлға ретінде жіктелінеді (деликвент).

Мінез-құлық ауытқушылығын сипаттау үшін арнайы терминдер қолданылады – *делинквенттілік және девианттылық*. *Делинквентті мінез-құлық* – заң арқылы жазаланатын күрделі заң бұзушылық пен қылмыстан өзге ұсақ заң бұзушылық, тәртіпсіздік, айыптар. *Девиантты мінез-құлық дегеніміз* – қоғамда қабылданған ережелерге бағынбау, ауытқу. Бұл ұғым өте кең, оған делинквентті және т.б. мінез-құлық ауытқушылықтары (ерте маскүнемдіктен суицидті мінез-құлыққа дейін) жатады. Соңғы екі термин ғылыми әдебиеттерде синонимдер ретінде қолданылады. Бұл терминдер дамуында ауытқушылықтары бар балаларды бейнелейді. Адамдардың мінез-құлығының кенеттен өзгеріп отыруы девианттық деп аталады. Ұзақ уақыт бойы кез-келген девианттық мінез-құлықтың себебі ішкі ортадан ізделінді (семьяда дұрыс тәрбиеленбеу немесе басқада әлеуметтік орта). Көптеген ғылымдар саласында «қалыпты» және «аномалды» құбылыстар деген ұғымдар бар. Сөздің тура мағынасында «қалыпты» және «аномальды» мінез-құлық түсініктерінің анықтамасы қиындай түсуде. Бірақ ғылымда және үйреншікті өмірде бұл түсініктер барлық жерде қолданылады. Қалыпты мінез-құлық көптеген адамдарға тән, ауру бұзылыстарға байланысты емес, нормативті-қабылданған мінез-құлық деп түсіндіреді. Осыған ұқсас, қалыптан тыс мінез-құлықты: нормативті-қабылданбаған, патологиялық немесе стандартқа сай емес деп бөлуге болады.

Ауытқушылық мінез-құлық және әрекет көріністеріндегі кемістіктер мен әртүрлі ауытқуларды болдырмау және алдын-алуда психодиагностика мен психокоррекцияның маңызы өте зор. «*Психодиагностика*» сөзі психологиялық диагноз «қою» немесе адамның психологиялық жағдайы туралы мәнді шешім қабылдау. Негізі бұл термин бір мағынада болмайды. Бұл ұғымның бір анықтамасы тәжірибеде әртүрлі психологиялық құралдарды қолдануға қатысты психологиялық білімдердің арнайы аумағына жатқызылады. Психодиагностика бұл бағытта төмендегі сұрақтарды шешетін ғылым болып табылады:

- Психологиялық құбылыстардың табиғаты неде және оған ғылыми баға берудегі негізгі мүмкіншілік?
- Психологиялық құбылыстарға сандық баға беру мен оны танудың қазіргі уақыттағы жалпы ғылыми негіздері қандай?
- Қазіргі қолданыстағы психологиялық құралдар қаншалықты қабылданған жалпы ғылыми әдіснамалық талаптарға сай?
- Психодиагностиканың әртүрлі құралдарына қойылатын негізгі әдіснамалық талаптар?
- Психодиагностиканың әдістерінің ғылымилығын тексеру мен құру процедураларының негізі қандай, соның ішінде тесттер?

Психодиагностика терминінің екінші анықтамасы: «психологиялық диагноз қою». Психолог қызметінің ерекше аймағы, психодиагностиканы өткізу мен ұйымдастыруға байланысты теориялық та, практикалық та сұрақтар шешіледі:

- психологқа психодиагност ретінде қойылатын кәсіби талаптар анықталады;

- өз жұмысын сәтті атқаруға арналған білім, іскерлік, дағдыларды меңгеру;
- практикалық жағдайларды анықтау, психодиагностиканың бір әдісін кәсіби меңгеретініне кепілдік бере алады;
- психологтың практикалық дайындығына арналған бағдарламаларды, әдістерді, құралдарды жасау, өңдеу.

Теориялық және практикалық сұрақтарды шешудегі бұл үлкен екі кешен бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бұл аймақта жоғары квалификациялы маман болу үшін, психолог психодиагностика аймағындағы теориялық және практикалық білімдерді меңгеруі тиіс.

Психодиагностика тарихы ХІХ-шы ғасырдың бірінші жартысында психология ғылымының жетілуіндегі клиникалық кезеңінде ашылған. Бұл кезеңде адамдар жайлы эмпирикалық психологиялық білімдерді талдау жасауда негізгі шешуші рөлді дәрігерлер алды. Сол жылдары дәрігерлерді әлемде кең тараған ауыр емделетін невроз, жан ауруларына шалдыққан адамдардың ауруларының шығу тегімен себептері қызықтырды. Дәрігер психиатрлар Европа клиникаларында ауруларға жүйелі түрде бақылау жасай отырып, оның нәтижелерін талдады. Бұл уақытта психодиагностиканың бақылау, сұрақнама, құжаттарға талдау сияқты әдістері шыққан еді. Сол жылдары психодиагностикада бір ауруды бір ғана әдіс арқылы оқып, білумен әртүрлі ой-қорытындыларға келу психодиагностика әдістерінің бағалы құндылықтарымен сипатталады.

ХІХ ғасырдың бірінші жартысында әйгілі неміс психологы В.Вундттың басшылығымен әлемде бірінші рет психологиялық лаборатория ашылып, техникалық құралдар қолдана бастады. Бұл ашылған жаңалықтар сезімдерді өлшеуге арналған суб шкалалардың шығуына әкеліп соқты. Осы заңға байланысты түйсікті өлшеудің негізгі объектісін адам деп, ХІХ ғасырдың аяғына дейін ұзақ уақыт тәжірибелі психодиагност түйсікті өлшеумен ғана шектеліп келді.

Негізгі психологиялық процестерге байланысты адамның көңіл-күйі мен қасиетіне қатысты психодиагностиканың қазіргі қалыптасуы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы деп есептеледі. Бұл уақытта белсенді түрде мүмкіншілік теориясы мен математикалық статистика дамыды. Бірінші және екінші статистикалық өңдеуден өткен эксперименталдық мағлұматтар дәл осы жылдарда шықты. Бірақ математикалық статистика алғаш психологияда емес, басқа ғылымдарда: биологияда, экономикада, медицинада қолданылды. Осыдан кейін психологиялық құбылыстардың сандық психодиагностикасы үшін арнайы құралдар шығарылды, мысалы: факторлы анализ. Бұл бірінші рет тұлға ерекшеліктерін, интеллектуалды жетілу деңгейін білу үшін қолданылды.

Ең бірінші психометриялық арнайы мекеме Англияда ағылшын психологі Ф.Гальтонның басшылығымен ашылды. Ол 1884 жылы лабораторияның негізін салды, оның бар міндеті тұлға қасиеттері туралы статистикалық міндеттер алу. Бұл лабораторияға келгендер өз қабілеттерін өлшеуге мүмкіншілік алды, бұл психометриялық эксперименттен 10000 адам өтті. Гальтон психологияда статистиканы қолданудың инициаторы болды. Гальтон 1877 жылы психологияда «Корреляция» әдісін қолдануды ұсынды. Ол сондай-ақ бірлесіп жұмыс жасағанға математиктер Пирсон, Фишерді шақырды. Фишер

дисперсионды анализді жасады, ал екінші ағылшын оқымыстысы Спирмен факторлы анализ жасады. Осылардан кейін, Г.Айзенк және Р.Кеттел факторлы анализды психодиагностикада тұлға ерекшелігін анықтау үшін қолданды.

Ең алғаш статистикалық негізделген интеллект тестін 1905-1907 жылы француз оқымыстысы А.Бине өңдеп, жариялады. Соңынан, екінші француз оқымыстысы Т.Симонмен бірге бұл тесті жетілдіріп, психодиагностика тарихына Бине-Симон тесті болып кірді. XX ғасырдың екінші жартысында жаңа психологиялық, соның ішінде интеллектуалды, тұлғалық тестер пайда бола бастады. Психодиагностика тарихында соңғы тестер қатарына, әлеуметтік-психологиялық зерттеулермен байланысты сандық сипаттағы құралдар кірді. Бұл америка психологі Я. Морена жасаған «Социометриялық тест».

Психокоррекция дегеніміз адамның мінез-құлқы мен психологиялық қасиеттерін өзгерту мақсатымен оған арнайы әсер етіп, оның шытырман жағдайдағы өзін-өзі ұстау стилінің ыңғайсыздығын көрсетіп, бұл жағдайдан шығу жолын іздеп табу. Психокоррекция жүргізу мақсатымен зерттелінген адамдардың жеке даралық психологиялық ерекшеліктері туралы жинақталған мәліметтерге байланысты бұл жұмыс екі бағытта жүзеге асырылады:

- нормативтерді құру коррекциясы,
- адамның даралық мүмкіндіктерін дамыту коррекциясы.

Нормативтерді құру коррекциясы. Адамның ішкі жан-дүниесінің жеке даралық сипаттамасын әлеуметтік ортада қабылданған нормативтерге сай келтіру коррекциясы топпен жүргізіледі. Олар көбінесе қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, мазасыздану және агрессия көріністерін төмендету, жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне байланысты орын алатын акцентуация мәселелерін шешуге бағытталған. Коррекциялық әдістердің нәтижелі болуы ауытқудың синдромына және бұзылудың көрініс беру симптомдарының түрлеріне тәуелді. Мектеп оқушылары және олардың ата-аналарымен жүргізілетін коррекцияда қарым-қатынас тренингінің барлық түрлері қолданылады, олар мінез-құлықтың нақты формаларын меңгеруге көмектеседі және клиентке өзінің жан-дүниесіндегі неше түрлі құбылыстардың орын алғанына жауапкершілікті өз мойнына алуды үйретеді.

1.2 Жеткіншектердің психофизиологиялық даму ерекшеліктері

Жеткіншектік кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың барлық жақтарын қамтитын шұғыл әрі сапалы өзгерістер. Жеткіншектік кезеңдегі өзгерістер әр балада әртүрлі уақытта өтеді: біреуінде кеш, біреуінде ерте. Жеткіншектік кезеңдегі психикалық дамудың негізгі факторы жетекші әрекет ретіндегі құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы. Бұл кезеңде танымдық процесстер нәтижелі әрі қарқынды дамиды: қабылдаудың мақсатқа бағыттылығы, логикалық ес пен ырықты зейіннің тұрақтылығы қалыптасады. Нақты елестермен байланыссыз ұғым-түсінікке негізделген абстрактілі теориялық ойлау белсенді қалыптасып, болжам жасау мен оны тексеру және күрделі ой қорытындыларын құрастыра білу қабілеті пайда болады. Рефлексиямен тығыз

байланысты ойлаудың дамуы жеткіншектердің өзіндік санасы дамуына негіз болады [1]

11-12 жас кезеңі нақты ойлаудан теориялық ойлауға, өзіндік естен логикалық еске ауысатын кезең. Аталған өзгерістерге оқу әрекетінің екі жағы әсер етеді: үлкендердің оқу әрекетін ұйымдастыруы және оқу әрекетінің оқушыда қалыптасуы. Өзіндік дербес ойлаудың, интеллектуалды белсенділіктің, творчестволық шешім қабылдаудың дамуы мен интеллектуалды әрекеттегі дербестілік сапалы дамиды. Сондықтан *11-14 жас аралығын творчестволық ойлаудың сензитивтілік кезеңі* деп атайды.

Дамудың динамикалық сипаты, творчестволық ойлаудың белсенді дамуы және жеткіншектердің әлеуметтік жетілуі, өмірлік тәжірибенің жеткіліксіздігі – өзбетінше ой қорытындысын жасап, оны шындық ретінде қабылдауға әкеледі (осыдан жасөспірімдік кезеңде көп қателіктер жасайды). Л.С.Выготский «дағдарыстың кез-келген негативті симптомының астарында жаңа жоғарғы формаға өтетін позитивті мазмұн жатыр» деген. Қақтығыс, кедергілермен бетпе-бет араласа жүріп, жеткіншек өзін, өзінің мүмкіндіктерін танып біледі және өзіндік қалыптасу қажеттілігін қанағаттандырады.

Жеткіншектік кезеңдегі дағдарыстан үш фаза арқылы өтеді:

- *негативті немесе дағдарыс алды фазасы* бұрынғы құрылымдардың ыдырауы, ескі қалдықтар мен стереотиптердің бұзылуы,
- *жасөспірімдік кезеңдегі дағдарыстың кульминациялық (ең биік) нүктесі* ереже бойынша бұл 13 жас, дегенмен дербес ерекшеліктер болуы мүмкін,
- *дағдарыстан кейінгі* немесе жаңа қатынастардың орнауы мен жаңа құрылымдардың қалыптасуы.

Жаскезеңдік дағдарыс негізгі екі формадан өтеді:

I. *тәуелсіздік дағдарысы* негізгі симптомдары: қыңырлық, негативизм, өз еркімен болу, үлкендерді қадыр тұтпау, үлкендердің талаптарына жағымсыз көзқарас, жеке меншігіне қорғаныш. Өзінің ішкі әлемін терең сезіну және оны басқалардан қорғау.

II. *тәуелділік дағдарысы (тәуелсіздік дағдарысына қарама-қайшы)* үлкендер мен күштілерге тәуелді болу, мөлшерден тыс бой ұсыну, тіл алу және мінез-құлықтың, қызығушылық пен талғамның ескі формаларына шегіну (регресс).

Бірінші формасында «мен енді бала емеспін», ал екінші формасында «мен баламын және бала болып қалғым келеді» деген өзіндік анықтау қалыптасады. Ал жасөспірімдердің дамуы үшін жағымдысы бірінші форма, дегенмен жасөспірімнің дербестікке ұмтылуымен қатар әлеуметтік және психологиялық толық жетілмегендіктен үлкендерден әрқашанда көмек күтеді [1].

Қарым-қатынастың дамуы жасөспірімдік кезең үшін өте маңызды. Балалық және жасөспірімдік кезеңдердегі құрбыларымен тіл табыса алмау құқық бұзушылыққа бейімділік пен невроздың, мінез-құлықтың әртүрлі бұзылуларына әкеледі және есейген шақтарда да сақталады. Құрбыларымен қарым-қатынасқа түсу мен тіл табыса білген жасөспірімдердің психикалық саулығы, ақыл-ойының дамуы, оқу үлгерімі мен ұстаздары арасындағы қарым-қатынасы да сапалы болады.

Жасөспірімдік кезеңдегі психофизиологиялық дамудың негізгі ерекшеліктері психосексуалды (психожыныстық) даму үрдісінің екі жолын айқындайды: жыныстық жетілуі мен жыныстық идентификация (теңестіру, ұқсастыру). Жасөспірімдік кезеңнің психофизиологиялық деңгейіндегі дискомфорт (қолайсыздығы) мынандай себептермен түсіндіріледі:

- эмоциялық тұрақсыздық,
- жоғарғы жүйке жүйесінің ерекшеліктері
- жағдайларға қатысты алаңдаушылықтың жоғары деңгейі.

Жасөспірімдік кезең өтпелі, сыни, қиын, өзгерілу, жыныстық жетілу деп сипатталады. Л.С.Выготский жетілудің үш көзқарасын қарастырады: *органикалық, жыныстық және әлеуметтік*. Француз этнографы, тарихшысы Ф.Ариес жасөспірімдік кезеңнің пайда болуын 19 ғасыр деп есептейді. 1924 жылы Э.Шпрангердің «Психология юношеского возраста» еңбегі де жасөспірімдік кезеңге арналған еңбектердің бірі болды. Э.Шпрангер жасөспірімдік кезеңнің мәдени-психологиялық тұжырымдамасын жасады. Э.Шпрангердің айтуынша, бұл кезеңде бала мәдениетті бойына сіңіреді және жаңа құрылымы - «Менінің» ашылуы, рефлексияның пайда болуы мен өзінің индивидуалдылығын анықталады[2.].

Жасөспірімдік кезеңнің негізгі ерекшеліктері:

- әлеуметтік статустың балалықтан айырмашылығы жоқ;
- психологиялық статус қарама - қайшы: оларда даму темпі мен деңгейде максималды диспропорция тән;
- «ересектік сезім» жаңа тартымдылық деңгейін анықтайды[2.123].

Жасөспірімдік кезеңнің дамуындағы биологиялық фактор проблемасы баланың организмінде нақ осы шақта биологиялық толысу жолына түбегейлі өзгерістердің болуынан туындайды: дене күшінің дамуында жаңа кезең басталып, жыныстық жетілу процесі өрістейді. Организмнің морфологиялық және физиологиялық қайта құрылу процестері тұрады.

Жыныстық толысуға байланысты өз организмі мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, жағдайдың біршама тұрақсыздығы (бала болғанмен, ересек те емес), өмірлік әрекеттің күрделенуі, өз мінез-құлқын үйлестірге ұмтылу – осының барлығы жасөспірімдік шақта өз қасиеттерін танып, жаңа білімді меңгеруге, оларды бағалауға итермелейді. Бала өзін көрсетуге ұмтылады, өзінің «мені» мен өз қасиеттеріне зор ынта қояды, келбеті және дене тұлғасын жаңаша қабылдайды.

Ш.Бюллердің пікірінше, жасөспірімнің психикалық даму ерекшеліктерін пубертат позициясы арқылы түсіндірге болады. *Пубертат (лат. Puberts – есею, ер жету, бой жету) – физикалық даму мен жыныстық жетілу кезеңі*. Ш.Бюллер физикалық пубертаттан басқа, психикалық пубертаттылықты және оның үш даму фазасын ерекшелейді. *Бірінші – фаза психикалық пубертат кезеңінің нышаны ретінде көрінеді. Оның симптомдары 11-12 жаста көрінеді. Жасөспірімдер бұл кезде төбелескіш, кішкентайлардың ойындары оларға қызықсыз, ал ересек жасөспірімдер түсініксіз болады. Екінші – негативті фаза, қыздарда 11-13 жасқа дейін, ұлдарда 14 жастан 16 жасқа дейін созылады. Оларға тым жоғары сезімталдық, ашшандық, тынышсыздық, тез қозатын күй,*

өз-өзіне қанағаттанбаушылық тән. *Үшіншісі – позитивті фаза*, жасөспірім қоршаған ортаның позитивті аспектілерін қабылдауға қабілетті бола бастайды. Бұл кезеңнің ойдағыдай өтуіне шығармашылық, ғылым және махаббаттың орыны ерекше.

Жасөспірімдік кезеңдегі дамудың негізгі міндеттері[3]:

1. тұрақты дамудың, логикалық естің, ойлаудың жаңа деңгейінің қалыптасуы,
2. қабілеттер мен қызығушылықтар жиынтығының спектрлерінің қалыптасуы, тұрақты қызығушылық шеңберінің айқындалуы,
3. басқа адамға тұлға ретінде қызығушылығының қалыптасуы,
4. өзіне деген қызығушылықтың дамуы, өзінің қабілеттері мен істеген істерін түсінуге ұмтылуы, алғашқы өзіндік талдау дағдысының қалыптасуы,
5. есейген сезімінің жетілуі мен дамуы, өзіндік автономиясы мен адекватты өзіндік шешім қабылдау формасының қалыптасуы,
6. өзіндік ішкі бағалау мен өзіндік жетістіктеріне мақтаныш сезімінің дамуы
7. топтағы құрбыларымен өзара түсінудің тәсілдері, тұлғалық қарым-қатынас дағдылары мен формаларының дамуы,
8. басқа адамдарды түсіну мен қайғыларына ортақтасу формалары мен моральдық сапалардың дамуы,
9. жыныстық жетілуге байланысты болып жатқан өзгерістер мен өсу жайлы түсініктерінің дамуы.

Организмнің қайта құрылуы эндокриндік жүйедегі өзгерістерден басталады. Гипофиздің, әсіресе, оның алдыңғы бөлігінің қызметі күшейеді, гипофиздің гормондары талшықтардың өсуіне және ішкі секрецияның басқа да өте маңызды бездерінің (қалқанша, жыныс, бүйкер үсті бездерінің) қызметіне қолайлы жағдай жасайды. Олардың қызметі жасөспірімдердің организмінде көптеген өзгерістер(жыныс органдарының дамуы және екінші жыныстық белгілерінің көрінуі) туғызады. Бұл процестер қыз балаларда 11-13 жаста, ер балаларда 13-15 жаста неғұрлым жедел жүреді. Дене күшінің толысуы мен жыныстық жетілудің акселерациясы байқалып отырған қазіргі уақытта кейбір қыз балалар 10-11, ер балалар 12-13 жаста жыныстық жетілудің бастапқы сатысында болады.

Бойдың ұзаруы, салмақтың артуы, кеуде клеткасы шеңберінің өсуі қызметі жасөспірімдік шақтағы дене толысуының өзіне тән жағдайлары, бұлар күрт өсу деген ерекше терминмен беріледі. Дененің пропорциясы ересек адамға тән пропорцияға жақындайды, бас сүйегінің бет бөлігінің жедел жетілуі нәтижесінде бет әлпеті де өзгереді. Жасөспірімдік жаста омыртқа жылдық өсуіне бойдың өсу қарқынынан қалып қояды. 14 жасқа дейін омыртқалар арасындағы кеңістік әлі шеміршекпен толы болады да, ұзақ уақыт бойы сыңаржақ салмақ түскен немесе шамадан тыс күш түскен жағдайларда омыртқа қисайып кетуге бейім тұрады. Дене түзілісінің неғұрлым көбірек бұзылуы 11 – 15 жаста болады, дегенмен нақ осы жаста мұндай кемшіліктерді түзеу де одан кейінгі кездердегіден оңай болады. 20 – 21 жаста жамбас сүйектерінің бекуі аяқталады (қыз балалардың жыныс органдары осы сүйектердің бекуі аралығында болады). Өте биіктен секірген кезде бұл сүйектердің тайып кетуі

мүмкін, ал биік өкшелі аяқкиім кигенде жамбастың формасы өзгеріп, мұның кейінгі босану функциясына зиянды әсері болуы мүмкін.

Бұлшықеттің және бұлшықет күшінің неғұрлым жедел артуы жыныстық жетілудің аяғында болады. Бұлшық еттің дамуы ер балаларда еркектер типінде, ал қыз балаларда әйелдер типінде болады, осыдан келіп әр жыныстың өкілдерінде еркектерге тән немесе әйелдерге тән белгілер қалыптасады, бірақ бұл процестің аяқталуы жасөспірімдік шақтан өткеннен кейін болады.

Бұлшықет күшінің артуынан жасөспірімнің дене күші мүмкіндіктері ұлғаяды. Мұны ер балалардың өздері де ұғынады және олардың әрқайсысы үшін оның үлкен маңызы бар. Алайда ересектерге қарағанда жасөспірімдердің бұлшық еттері тез шаршайды, сондықтан ұзақ уақыт жұмыс істейтін қабілеті әлі болмайды, спортпен және дене еңбегімен шұғылданған кезде мұны ескеріп отыру керек. Қозғалыс (моторлы) аппаратының қайта құрылуымен қатар көбіне қозғалыстарындағы үйлесім жоғалады, өз денесін дұрыс ұстай бермеушілік (шамадан тыс көп қозғалу, олардың жете үйлестірілмеуі, жалпы ебедейсіздік, қолапайсыздық) байқалады. Бұдан күйзеле қынжылу, өзіне сенімсіздік секілді жағдайлар туындауы мүмкін. Алайда 6-7 жастан 13–14 ке дейінгі шақ көптеген қозғалыс сапалары тиімді дамиды, қозғалыс функцияларының бірқатар көрсеткіштері жедел артып жетілетін кезең. Сондықтан спортта жетістіктерге жету мүмкіндіктері де артады [4].

Әр түрлі мүшелер мен талшықтардың өсуі жүректің қызметіне шамадан тыс талаптар қояды. Жүректің бұлшық еттері де өседі, әрі қантамырларына қарағанда тез өседі. Мұның өзі жүрек – қан тамырлары жүйесінің қызметіндегі функциялық бұзылулардың себебі болып, жүректің қағуы мен қысымының артуы, бастың ауруы мен айналуы, тез шаршау түрінде көрінуі мүмкін.

Жасөспірімдік шақта организмнің ішкі ортасында белсенді қызмет атқаратын ішкі секреция бездері жүйесіндегі өзгерістерге байланысты күрт ауысулар болады, қалқан бездері мен жыныс бездерінің гормондары, атап айтқанда, зат алмасудың катализаторлары болып табылады. Эндокриндік және жүйке жүйелері функциялық жағынан өзара байланысты болғандықтан, жасөспірімдік шақ, бір жағынан, *энергияның қауырт өсуімен*, ал екінші жағынан *патогендік әсерлерге деген сезімталдықтың артуымен* сипатталады. Сондықтан ақыл – ой немесе дене күшінің қажуы, ұзақ уақыт жүйке жүйесіне күш түсу, аффектілер, күшті эмоциялық толғаныстар (қорқыныш, ыза, реніш) *эндокриндік қолайсыздықтар* (етеккірциклінің уақытша тоқтауы, гипертиреоздың дамуы) және *жүйке жүйелерінің функциялық бұзылуына* себеп болуы мүмкін. Олар тез шамданғыштықтан, тежегіш механизмдердің әлсіздігінен, тез шаршаудан, ұмытшақтық пен аңғалдықтан, жұмыста өнімділіктің төмендеуінен, ұйқының бұзылуынан байқалады. Жасөспірімдік шақта эндокриндік және жүйке жүйелерінің қызметіндегі балалық шақта болатын тепе–теңдік бұзылады да, жаңа тепе–теңдік енді ғана қалыптаса бастайды. Бұл қайта құрылу жасөспірімнің ішкі жағдайларына, әсерлеріне, көңіл күйіне әсер етіп, оның жалпы *ұиқалақтылығының, шамданғыштығының, қозғыштығының, қимыл белсенділігінің, мезгіл – мезгіл селсоқтануының,*

енжарлануының негізі болады. Қыз балаларда мұндай жағдайлардың көрінуі етеккір циклі басталардан біраз немесе осы цикл кезінде байқалады.

Жыныстық толысу мен дене күші дамуындағы өзгерістердің жаңа психологиялық құрылымдардың пайда болуында бірталай маңызы бар. *Біріншіден*, жасөспірімнің өзі анық сезетін бұл өзгерістер оны объективті тұрғыдан ересекке айналдырады және өзінің ересектігін сезінуі (өзінің ересектерге ұқсастығын түсіну негізінде) басталуына негіз болады. *Екіншіден*, жыныстық толысу басқа жынысқа ден қоюдың дамуына, жаңа түйсіктердің, сезімдердің, толғаныстардың шығуына себепші болады. Өзімен өзі болу жасөспірімнің жаңа түйсінулер мен толғаныстарына ден қоюы, жасөспірім өмірінде ерекше орын алатын кең әлеуметтік және нақтылы дара жағдайлары оның тәрбиеленуі мен қарым – қатынасының ерекшеліктеріне қарай анықталады. Үлкендерге арналған кітаптар мен кинофильмдер де теріс ықпал жасауы мүмкін. Махаббат пен жыныс проблемалары туралы құрбыларымен әңгімелесулер, адамдардың жыныстық қарым-қатынастарына көбірек көңіл бөлу мен қызығушылық ерте жыныстық дамуына ықпал етеді. Қыз болсын, ұл болсын жасөспірімдік кезеңде алғашқы романтикалық сезімдердің оянуы – қалыпты құбылыс.

Жасөспірімдік кезеңде жеке басы қалыптасуындағы психологиялық өзгерістер дағдарысқа әкеледі[5]. Балалық шақтан есею кезеңіне өту кезіндегі дағдарыс жасөспірімнің қоршаған ортаға деген қатынасын білдіріп, қажеттілік және тілектерінің өзгеруіне, ішкі дүниесінің қайта құрылуына әкеледі. Жасөспірім ағзасы қысқа уақыт ішінде үлкен өзгерістерге ұшырайды. Жасөспірімнің айналасындағылардың өзіне деген құрметі мен санасуын талап етеді. Ортадан өз орнын алуға тырысады. Өзін кейде біреулердің айтқанымен жүріп тұратын, не үлкендердің көрсетуімен өмір сүретін бар болғаны біреулердің көшірмесі ғанымын деп қабылдайды. Сондықтан да ерекшеленуге, өз мінезін көрсетуге тырысады. Әсіресе мұндай көңіл-күй, психологтардың көрсетуінше, ер балаларда 11-13 жаста, қыз балаларда 13-15 жаста көптеп кездеседі. Осы кезеңдегі балалар мінез қиырлығымен сипатталады. Бұл кезеңдегі дағдарысының мәні еліктейтін бейнесін табу. Мұндай кезде бала өнер, кино «жұлдыздары» мен спорт шеберлерін, кейіпкерлер мен айналасындағы адамдарды өзіне пір тұтады. Егер жасөспірім кезеңінде еліктеу орынсыз болса, өзге кезеңдерде адамның ролдерін шатастыру және олармен эмоционалды қарым - қатынасқа түсу қиын болады. Жасөспірімнің осы кезеңде тәрбиесі қиындап, оқу үлгерімі нашарлайды, жалпы еңбек, күш қабілеті төмендейді[4.166]. Осындай өзгерістер жасөспірімнің интеллектілік, тұлғалық, дербес қасиеттерінің қалыптасуына әсерін тигізеді, осы арқылы жасөспірімнің мінез-қылығында ауытқушылықтар пайда болды. Олардың даму кезеңі үшін бұл шынайы болатын үрдіс, өз-өзіне сын көзбен қарап, беделге ұмтылғысы келеді. Әлеуметтенуі барысында қылық-әрекетінің жағымсыз жағдайлары: диперсонализация, дисморфофобия, ипохондриялық синдром, тамақтың бұзылуы, өзіне-өзі қол жұмсау және әлеуметке қарсы мінез- құлық сияқты синдромдары көріне бастайды.

Жасөспірімдік кезеннің шектері шамамен балалардың орта мектептің V–VIII сыныптарында оқитын кезеңмен сәйкес келеді де, 11 –12 жастан 14-15 жасқа дейін аралықты қамтиды, бірақ жасөспірімдік жастың іс жүзінде басталуы V сыныпқа көшумен тура келмей, бір жыл ерте не кеш болуы мүмкін.

Жасөспірімдік кезеңдегі баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процесінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл – ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұнымен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Балалық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, сана-сезімінің, үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынасының, әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу іс-әрекетінің, мінез-құлығына, і –әрекеті мен қарым-қатынасына арқау болатын моральдық этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

Жасөспірімнің жеке басы дамуының аса маңызды факторы –өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым – қатынас орнатуға (өзінің жеке басы мен өзінің болашаған және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау) бағытталады. Алайда жаңаның қалыптасу процесі, бір жағынан,біраз уақытқа созылады, көптеген жағдайларға байланысты болады. Екінші жағынан, паспорттық жастағы жасөспірімдерде ересектерге тән дамудың түрлі жақтары дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтардың болуымен анықталады. Қазіргі мектеп оқушыларының өміріндегі жағдайларда *екі түрлі* сәттерінің болуымен байланысты:

1. ересектіктің дамуын тежейтін жағдайлар: балаларда тұрақты және байыпты міндеттер болмай, тек оқумен ғана шұғылдануы; көптеген ата-аналардың балаларды тұрмыстағы еңбектен, қиыншылықтар мен қынжылыстардан қоршауға, түгелдей қамқорлыққа алуға тырысуы;
2. ересектендіретін жайлар: мазмұны жөнінен сан алуан информацияның орасан зор тасқыны; көптеген ата – аналардың бос уақытының аздығы және осының мүмкін салдары ретінде балалардың дербестікке ерте жетуі, жолдастарымен қарым – қатынастың жедел дамуы; дене күші дамуы мен жыныстық толысудың акселерациясы[6].

Осының бәрі ересектің дамуын анықтайтын алуан түрлі жағдайлар, белгілі бір жақтары дамуының алуан түрлі көріністері мен елеулі айырмашылықтары келіп шығады. Мәселен VII сыныпта бет – пішіні мен мүдделері әлі балаға ұқсас ер балалар да бар, сонымен қатар ересектер өмірінің қайсыбір жақтарына ортақтасқан өте ересек балалар да бар: өздігінен білім алып жүрген «интеллектуалдар» да бар, бірақ сонымен қатар оқу материалының өзін өздігінен игере білмейтіндер де бар; болашаққа деген жоспары айқын еместер, болашақ мамандығына саналы түрде даярлана бастағандар да бар; кейбір қыз балалардың бар ойлағаны сән қуу мен ер балалар ғана, басқалары бұған онша мән бермейді; кейбір балалар үйінде нағыз қолғанат – жәрдемшілер болса, енді

біреулері әбден ерке болып кеткен, тіпті тұрмыстағы қарапайым жұмыстарға да ебі жоқ.

Жасөспірімдер ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әр түрлі және әрбір бағыттың көптеген нұсқалары болуы мүмкін. Мәселен, кейбір «интеллектуал» үшін өмірде ең бастысы кітап пен білім, бәрін ол әлі «нәресте» десе; енді бірі нағыз «интеллектуал» үйде электроника туралы мақалаларды оқып, радиотехникамен әуестенсе де, сабақта түк бітірмейді, жасөспірімдермен сөйлескенді бәрінен артық көреді; үшіншілері «интеллектуалды» ересектің сыртқы көріністері қызықтырмайды, бірақ ол шешесінің сүйеніші. Қыздардың пікірінше, өзін балаша ұстайды, галстугін тартқылап, шаштарын ұйпалап кетеді. *Жасөспірімдік кезеннің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері қолданылады және олардың қалыптасуының жалпы бағыты белгіленеді және олардың қалыптасуы жалғасады.*

Жасөспірімдік кезең қиын әрі сыналатын кезең деп саналады. Біріншіден, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты; бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қарым – қатынастарын түбірінен өзгертетін сипатта болады; мұның өзі біршама қысқа мерзімде болуы немесе көбінесе күтпеген жерден даму процесі секірмелі, қауырт сипат алады. Екіншіден, болып жатқан өзгерістер жасөспірімнің өзінде әртүрлі елеулі субъективтік қиыншылықтармен ұштасады: ересектердің ықпалына көне қоймайды, тіл алмаудың, қарсылық пен наразалақтың әртүрлі формалары шығады (қиқарлық, дөрекілік, қарсылық, тентектік, бүкпелік, тұйықтық).

Жасөспірімдік кезеңдегі дамудың сыналу көріністерінің пайда болуында биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың ролі туралы теориялық талас жарты ғасырдан астам уақыттан бері болып келеді. Жасөспірімдер организмінде болатын елеулі өзгерістер ұзақ уақыт бойы осы кезеңдегі дамуының сыналу құбылыстарының биологиялық шарттастығы туралы әртүрлі теорияларға негіз болады. Мұндай ұғым біздің ғасырымыздың алғашқы ширегінде үстем болды. Биогенетикалық универсализмнің негізін салушылар С.Холл мен З.Фрейд жасөспірім дағдарысы мен өзіне тән ерекшеліктері комплексін биологиялық шарттастығы себепті болмай қоймайтын әрі универсал құбылыс деп саналады[7].

Жасөспірімдік кезеңде балалардың өзіндік санасының қалыптасуы өзіне-өзін дәлелдеу, сыртқы келбетін, ақыл-ой, моральдық, ерік сапаларын бағалауы арқылы жүзеге асады. Өзін идеалмен байланыстыру, өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігі пайда болады. Ерікті реттеуі күшейеді, зейінінің шоғырлануы артады, естің көлемі, оқу материалының қонымдылығы, абстрактілі-логикалық ойлаудық қалыптасуы жүреді. Жалған өзбеттіліктің жоқтығы, құрбыларының әсеріне шалқыққандық және құрбыларына деген қатынастағы конформизмі тән. Жыныстық жетілудің аяқталып, эмоционалдық сферадағы мәнді қайта құрулардың жүзеге асуы көрінеді. Жасөспірімдер өз қылықтарының салдарын толық деңгейде сезінбейді.

Қазіргі психология мен әлеуметтік-педагогика ғылымдары саласында жасөспірімдік кезең-жеке адамның тұлғалық өмір жолына, өзінің қандай

жағдайға жеткеніне, неге шамасы келетініне, дүниеде не үшін өмір сүріп, нені біліп, не қойғысы келетініне яғни өз болашағына айрықша үніліп қарайтын кезең деп түсіндіріледі.

Жасөспірімдік кезең туралы ғылыми теориялар көптеп кездеседі:

- *Биологиялық теориялар*: жасөспірімдік шақтағы өсудің биологиялық процестері басқаларының бәрінен басым болады деген оймен, ең алдымен, организм эволюциясының белгілі бір кезеңі деп қарайды.
- *Психологиялық теориялар*: даму эволюциясының заңдылықтарына, ішкі дүние мен өзін - өзі ұғынудың тән сипаттарына назар аударады.
- *Психоаналитикалық теориялар*: жасөспірім ділікті психосексуалдық дамуының белгілі бір кезеңі деп біледі. Олар жасөспірімдікті алдымен индивид немесе жеке адамның дамуы ретінде ішкі процесс тұрғысынан қарайды. Бірақ бұл даму әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортада әр келкі болып өтеді.
- *Әлеуметтанушылық теориялар*: жасөспірімдік кезенді әлеуметтенудің белгілі бір кезеңі, тәуелді балалықтан ересектік дербес те жауапты іс - әрекетіне көшу деп қарайды. Әлеуметтік зерттеушілер адам меңгеруге тиісті әлеуметтік ролдерге, бағалаушылық бағдарламаның қалыптасуына, еңбек өміріне аяқ басумен байланысты мәселелерге назар аударады, яғни даралық - психологиялық мәселелер әлеуметтік мәселелерден шығады[4.171].

Жасөспірімдер өзінің қандай екенін, қаншалықты қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзіндік сана-сезім тұлғаның өзін практикалық және танымдық іс-әрекетінің субъектісі, жеке тұлға ретінде ұғынуы және бағалауы болып табылады. Өзіндік сана-сезім индивидке ғана емес, қоғамға, сыныпқа, әлеуметтік тапқа, ұлтқа тән өзіндік сана-сезім рефлексиясымен тығыз байланысты. Мұнда ол теориялық ойлау деңгейіне көтеріледі. Жасөспірімдік рефлексия бір жағынан, өзінің «Менін» ұғынуы («Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілетім қандай?», «Мен өзімді не үшін сыйлай аламын?»), ал екіншіден, дүниедегі жағдайын ұғынуы («Менің өмірлік мұратым қандай?», «Менің достарым, жауларым кімдер?», «Кім болғам келеді?», «Өзім де, айналадағы дүние де жақсы болу үшін мен не істеуге тиістімін?»).

Жасөспірімнің өмірлік жоспары өзін-өзі талдауда, көбінесе қиялдағы сипатта болады, бірақ өзін-өзі талдауды қажетсінуі дамыған адамның қажетті белгісі және нысаналы түрде өзін-өзі тәрбиелеудің алғы шарты. Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері-мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық саяси қызметке даярлану, некелесуге немесе жанұясын құруға әзірлену. Осымен байланысты болатын ол өзіндік сана мен өзіндік тану қабілеттілігі - адамның ерекшелігі, яғни өзінің өзіндік сана-сезімінде қарым-қатынас пен іс-қимылдың, сананың субъектісі ретінде, өзіне тікелей қатынасты орнатуды таниды.

Өзіндік сана-сезім сана дамуындағы ең жоғарғы деңгейі, ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың және өзінің пікірі мен іс-қимылындағы жеке дербестілігінің негізі. Өзіндік сана-сезімді қысқаша түрде өзінің образы және өзіне деген қатынас ретінде анықтауға болады, өзін-өзі өзгертудегі, өздігінен жетілуге ұмтылумен тікелей байланысты. Өзіндік сана-сезімнің жоғарғы формаларының бірі - өзінің жеке әрекетіндегі мағынаны табуға тырысу. Өзіндік сананың пайда болу кезеңі адам алғаш рет өзіне мынандай сұрақтар қою кезінде пайда болған:

өзінің әлемін зерттеуге және бағындыруға қандай күш әсер етті; оның ақыл - ойының табиғаты қандай, оның рухани өмірі қандай заңдылықтарға бағынады? және т.б. Мұны қысқаша түрде былай деуге болады: егер адам алғашқы кезде өзінің сыртқы әлеміне бағытталса, ал қазіргі кезде ол өзіне-өзі көңіл аударады. Адам өзіндік ойлауды зерттеуді, ойлаудың көмегімен бастауға батылдық көрсетеді [7].

Жасөспірімдік кезеңдегі жеке басының дамуында әртүрлі көріністері оның әр қайсысына қатысты жағдайларындағы жасөспірімнің сана-сезімі дамуымен қалыптасатын нәтижесі, жеке басының даму үрдісі. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы, өзіндік сыйласуы, өзіндік сезімінің тұрақты трансформациясы-өзіндік сана-сезімінің динамикасын сипаттайды. «Мен» бейнесінің адекваттылық дәрежесі, жасөспірімнің маңызды аспектілерінің бірі өзін-өзі бағалауында көрінеді. Өзін-өзі бағалау жасөспірімнің өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сай бағдарлай білуі. Өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндей алу қабілеттілігі. Өзін-өзі бағалау адамның айналасындағылармен қарым-қатынасын, өзіне сын көзбен қарауын және талап қоя білуін, жетістікке және сәтсіздікке қалай қарайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау адамның іс-әрекетінің тиімділігіне және оның тұлға ретінде дамуына әсер етеді. Өзін-өзі бағалауы адамға, басқаларға беретін бағасына қарай қалыптасады. Жасөспірім өзін айналасындағылар қалай бағалайтынына қарай өзін-өзі бағалауға бейім келеді. Жасөспірім өзін-өзі бағалауы негізінде өзін-өзі жетілдіре түседі. Өзін-өзі жетілдіру бұл өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш-қуат сандық және сапалық өзгеріске түсіретін ішкі объектілік процесс. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы өзінің мүмкіндіктерін, сапаларын және басқа адамдардың арасындағы орнын бағалауы.

Жасөспірімдік шаққа аяқ басқан баланың жеке басы қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрыңғы қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты және өзіне тән жаңа құрылым оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы, өзін ересектің деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады. Ересектік сезімі деп аталған бұл ерекшеліктің өзіне тән белгісі жасөспірім өзін балалар қатарынан шықтым деп санайды, бірақ «төңірегіндегілер менің ересек болғанымды таныса» деген қажетсіну бар болғанымен, онда шынайы, толық ересектікті сезіну әлі болмайды.

Ересектік сезім дене дамуы мен жыныстық толысудағы ілгерленушіліктерді ұғынып, бағалаудың нәтижесінде шығуы мүмкін; бұларды жасөспірім анық сезінеді және оны өз ұғымында да объективті түрде неғұрлым ересек етіп көрсетеді. Қазіргі бар акселерация балада өзін өзі түсіну мен өзі өзі бағалаудың ерте пайда болуына жағдай жасайды. Ересектік сезімдердің енді бір қайнары - элеуметтік негіздер. Мұның өзі ересектермен қарым-қатынаста бала объективтік тұрғыдан балалық жағдайда болмай, еңбекке қатысып, елеулі міндеттері болғандай реттерде туындауы мүмкін. Ересектердің сенімі және

жастайынан дербестікке жетуі әлеуметтік қана емес, объективтік тұрғыдан да баланы тез есейтеді.

Ересектік сезімі сана–сезімнің өзіне тән жаңа құрылымы ретінде жеке адамның өзекті ерекшелігі, құрылымдық ортасы болады. Өйткені ол жасөспірімнің өзіне, жұртқа және дүниеге деген жаңа өмірлік позициясын білдіреді, оның әлеуметтік белсенділігінің өзіне тән бағыты мен мазмұнын, жаңаша талпыныстарының, толғаныстары мен аффективтік ықпалдардың жүйесін анықтайды. Жасөспірімдердің өзіне әлеуметтік белсенділігі ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынастарындағы бар нормаларды, құндылықтар мен мінез–құлық тәсілдерін меңгеру алғырлығы болып табылады. Мұның ұзаққа созылатын салдары болады, өйткені ересектер мен балалар әр түрлі екі топты көрсетеді және олардың міндеттері, құқықтары, артықшылықтары мен шектеулері түрліше болады. Жасөспірімдерде өзі туралы енді балалықтың шекарасынан өткен адаммын деген түсініктің пайда болуы, балалық нормалар мен құндылықтардан ересектік нормалар мен құндылықтарға қайта бағдар алуын айқындайды.

Жасөспірімдердің ересектерге теңелмектігі оларға сырттай ұқсауға, олардың өмірі мен іс-әрекетінің кейбір жақтарына ортақтасуға, олардың қасиеттері мен іскерліктеріне. Құқықтары мен артықшылықтарына жетуге ұмтылуынан, осының өзінде бұлардың ішінде алдымен балалармен салыстырғанда ересектердің ерекшелігі мен артықшылықтары көзге анық көрінетіндеріне жетуге ұмтылуынан көрінеді.

Жасөспірімдік шақта эндокриндік және нерв қызметтеріндегі бұрынғы тепе-теңдік бұзылады да, жаңа тепе теңдік қалыптасады және ішкі жағдайларына көңіл күйіне әсер етіп, оның жалпы шыдамсыздығының, ашуланшақтығының, шамданғыштығының, қозғыштығының, мезгіл-мезгіл селқостылығының, енжерлығының негізі болып табылады [7]. Жасөспірім өзін ересекпін деп сезе бастайды. Жолдастарымен қарым – қатынас жасөспірім үшін ерекше құндылыққа ие болады. Оларда бір жағынан құрдастарымен қарым-қатынаста бірлесіп, іс әрекет жасауға ұмтылу, ұжымда өмір сүргісі келіп, жақын жолдас, дос тауып алуға ұмтылу өте айқын көрінеді, ал екінші жағынан, жолдастарының арасында қабылданып, танысуға, олардың оны сыйлауына деген ұмтылыстан көрінеді, бұл ұмтылыстар түрліше болып келуі мүмкін. Мысалы, өз қасиеттерін тікелей көрсетуде ересектер қоятын талаптарды орындамау, сондай-ақ қиқандап, сайқы мазақтну, күлдіруге тырысқан іс-әрекеттер, өтірік–шыны аралас әртүрлі жағдайларды айтуда болуы мүмкін.

Жасөспірімнің өміріндегі жан жақты болатын ауыспалылықты білдіретін атаулары да әртүрлі: жасөспірімдік, өтпелі кезең, пуберталды, пубертатты, жеткіншек, жыныстық дамудың фазалық кезеңі. Жасөспірімдік кезеңнің басталуы қасқағым сәтте организмнің қарқынды өсуінде: бойының өсуіне, жыныстық белгілердің дамуына байланысты байқалады. Биологиялық даму фазасы жасөспірімдердің қызығушылық фазасы дамуымен сәйкес келеді. Бір жағынан бұрын қызықтырған нәрселерге көңілі қалады, қабілеттері де, қалыптасқан қылық - әрекетіндегі механизмдері де жоғалмайды. Екінші жағынан жаңа қызығушылықтар пайда болады: жыныстық жағдайлар жайлы

кітаптар қызықтырады. Эмоционалды дамуы қарқынды жүреді, жасөспірімдік шақ іштей қобалжу мен эмоционалды қиыншылық кезеңі деп саналады (өзін бақытсыз сезінуі, жылауы, өз - өздеріне қол жұмсауды да ойластыруы). Жасөспірімдерге тән ерекшелік өте ұялшақтық, бет әлпетіндегі және әрекет – қылығындағы кемшіліктерге маңызды көңіл бөледі. Олардың әрекет – қылығына кейбір тұрақсыздықтар тән: сезімталдылық, көңіл күйінің тез өзгеруі, құбылмалдылығы, оның бетіне күлетіндіктен қорқу, өзіндік бағалаудың төмендеуі. Қыз балалардың эмоциялық ерекшеліктері депрессия, қорқыныш және қобалжу күйлері, әрекет – қылықтағы бұзылулар ұлдарға қарағанда төрт есеге көбірек болады. Әрине, аталғандардың көпшілігі уақыт өте бұл қылықтар басылады, ал кейбіреулеріне психологтың көмегі де қажет болады [9].

1.3 Жасөспірімдер мінез-құлық ауытқушылықтарының теориялық негіздері

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылуы жан-жақты зерттеліп, жаңа сипаттағы әлеуметтік-психологиялық, клиникалық-медициналық, қылмыстық-криминологиялық тұрғыларда қарастырылуда. Жеке адамның әлеуметтенуі барысындағы ауытқулардың көптеген факторларға байланысты екендігін отандық және шетел психологтары зерттеп, генетикалық (тұқымқуалаушылық), физиологиялық (туу кезіндегі асқынулар), әлеуметтік (ата-аналарының, үлкендердің жағымсыз мінез-құлық формаларын меңгеру) жағдайларға байланысты туындаған бірнеше себептердің психикаға әсерін анықтаған[8].

Жасөспірімдердің психикалық даму мәселесін Э.Шпангер, Р.Хейс, Б.Г.Ананьев, В.И.Войтко, Ю.З.Бельбух, К.М.Гуревич, А.Г.Шмелев, К.Н.Корнилова, Л.С.Выготский, Л.И.Божович, Н.Д.Левитов, А.Е.Личко, Л.Анн, О.А.Матвеева сияқты ғалымдар зерттеген. Ал жасөспірімдердің жаскезеңдік ерекшеліктері негізінде болатын мінез-құлық ауытқушылығы жайлы О. Конт, Т. Тард, А. Кетле, Э.Дюркейм, М. Вебер сияқты ғалымдар көтерген. Жасөспірімнің кез-келген ортада әлеуметтенуі, өзін-өзі көрсете және өзін-өзі бекіте білуі күрделі үрдіс. «Қиындардың» шығуы және «қиын» жолға түсу мәселесі Г.А.Уманов, Ә.Ж.Жұмабаев, В.В.Трифонов, Л.К.Керімов сияқты қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің тақырыбына айналды. Жасөспірім кезеңіндегі балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін, жүріс-тұрысындағы жат қылықтарды зерттеп, оларды қайта тәрбиелеу жолдарын көрсетті. Ғалымдардың зерттеулері қиын оқушылардың пайда болуының бірнеше себептерін ашып көрсеткен.

Жеке адамның психикасы және балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарындағы кемістіктерді зерттеуде психиатрия ғылымда генетикалық себептерге байланысты факторлар қарастырылады. Мысалы, қауіп-қатерлерге бейімділік, агрессиялық жағдай, ұл балалардағы жоғарғы делинквенттілік сияқты жағымсыз қасиеттерді «Y» хромосомалардың артық болуымен байланыстырады[5]. Н.Ю.Максимова, Е.Л Милютин әртүрлі психопатиялық

көріністердің, әуестенулер мен құмарланулардың қалыптасу барысында генетикалық факторлардың алатын роліне ерекше мән берген.

Мінез-құлық көріністеріндегі әртүрлі реакцияларды (бұзылулар, ауытқулар, кемістіктер) жалпы биологиялық тіршілік иелеріне тән құбылыс екендігін елімізде және шетелде зерттейтін *этологиялық* бірнеше бағыттар бар. Жасөспірімдер мен жануарлардың балаларындағы еліктеу мен имитация реакцияларының (пингвиндер, қасқырлар, т.б.) ұқсастықтарын биологиялық заңдылықтармен сипаттап, жасөспірімдердегі қаңғыбастыққа әуестенуді ана-анасының ұясынан басқа жаңа территорияны меңгеру қажеттілігі ретінде қарастырады.

Қазіргі психотерапиялық зерттеулер жеке адамның бұзылуын эмбриондық (құрсақтағы) дамуға, өмірге келу-туу кезіндегі, өмірінің алғашқы бір жасқа дейінгі және одан кейінгі әлеуметтік ықпалдардың әсерлеріне байланысты екендігін сипаттайды. Р.Хаббард «Дианетика» атты еңбегінде невротикалық реакцияларды, мінез-құлықтың бұзылуын, ойлау стереотиптерін анасының құрсақтағы нәрестесіне деген қарым-қатынасымен байланыстырады [17]. Ал Станислав Гроф баланың жеке басының дамуы мен есеюін туғанға дейінгі және туу кезіндегі ағымдық ерекшеліктерімен байланыстырады. Ол өмірге келу-туу кезеңдері және оларға байланысты адамдар арасындағы дау-дамайлар мен жанжалдарды, үлкен адамдардағы басым қажеттіліктерді айқындайтын *төрт «негізгі перинатальды матрицаларды»* ұсынады.

Бірінші перинатальды матрица – құрсақтағы алаңсыздық тіршілік, қанағаттанғандылық, бірқалыптылық, айналадағылар барлық қажеттіліктерді қанағаттандыруы керек сияқты сезімдерімен сипатталады. *Екінші перинатальды матрица* – толғақ кезеңінде қоршаған орта үзіліссіз және белгісіз уайымдар, депрессия, өзін-өзі өлтіру сияқты сезімдер негізінде қабылданады. *Үшінші перинатальды матрица* – толғатудың күшею кезеңіндегі эмоциялық уайымдар, тәуекел жағдайларға жақын болу жоғарлығы, өзін-өзі өлтіру сияқты сезімдермен сипатталатындықтан, қызығушылықтың бұзылуын, өртеуге ұмтылу, қаңғыбастық, агрессиялық сияқты бұзылулардың пайда болуын үшінші матрицамен байланыстырады. *Төртінші перинатальды матрица* – туғаннан кейінгі шаттық сезім, жеңілдену, кедергілерді жеңу сезімдерімен сипатталады. С.Гроф жыныстық: эксгибиционизм, әйелдер гомосексуализмі сияқты бұзылуларды төртінші матрицамен байланыстырады. Дегенмен, С.Грофтың перинатальды матрицалардың функциялары мен эмоциялық реттелулердің негізгі деңгейлерімен байланыстылығы жайлы пікірлер әртүрлі.

О.Ранктың теориясы бойынша адамның өмірге келуінің өзі – құрсақтағы өте жайлы жағдайдан және анасының денесінен ажырау, сондықтан қоршаған ортасына дұшпандылық, «жоғалтып алу», жалғыздық сияқты сезімдерді туғызады [17].

Ерте балалық шақтағы баланың жеке басының қалыптасуына ықпал еткен жағымсыз факторлардың ішіндегісі, З.Фрейдтің пікірі бойынша, анасының баласына деген немқұрайлығы. Санасыз қажеттіліктер мен әлеуметтік қалыптасқан ережелер арасындағы қақтығыстар көптеген психопатиялық симптомдардың дамуына әсер етді. З.Фрейд невротикалық қақтығыстардың

қалыптасу кезеңі туғаннан бес жасқа дейінгі кезең деген тұжырымда[4]. Бұл кезеңде бала жыныстық жетілу кезеңінен өтеді. Төрт жастағы балада жыныстық мүшелерге қызығушылық (фалликалық) кезеңі басталады. З.Фрейд жыныстық қызығушылыққа қысым көрсету мен тұлғааралық қарым-қатынастың бұзылуы арасындағы байланыстылықты анықтаған. Отбасылық тәрбиедегі кемістіктер (тым қаталдылық, баланың табиғи қылық әрекетін шектеуге ұмтылушылық) невроздың қалыптасуына ықпал етеді. Жеке тұлғалық және психосексуалды ерте даму деңгейлеріндегі тежелулер мінез бітістерінің, қылық әрекеттің және жыныстық қызығушылықтың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ал қылық-әрекеттің бұзылуын топтастыру мәселесіне қатысты үш негізгі бағытты атап көрсетуге болады: *әлеуметтік-құқықтық; медициналық; психологиялық*. Психологиялық бағыт жағымсыз қылық-әрекеттің психологиялық ерекшеліктерін анықтауға негізделген сипаттар арқылы көрінеді: - жағымсыз жағдайлардың түрі; - қылық-әрекеттің психологиялық мақсаты және оның мотивациясы; - қылық-әрекеттің нәтижесі және зардабы; - қылық-әрекеттің дербес-стильдік мінездемесі.

Атақты орыс зерттеушілері И.А. Короленко және Т.А. Донских қылық-әрекеттің барлық бұзылуларын екі үлкен топқа бөледі: *стандартты емес; деструктивті*. Концепция авторларының пікірі бойынша стандартты емес қылық-әрекет жаңа ойлау, жаңа идея және қылық-әрекеттің әлеуметтік стереотиптер шектерінен шығып кететін жаңа әрекеттер формасына ие. Бұндай форма қоғамның прогрессивті дамуында позитивті рөлді ойнайтын белсенділікті талап етеді. Стандартты емес қылық-әрекеттің мысалы ретінде белгілі бір білім саласындағы алғашқы жол салушылар іс-әрекеті бола алады. Бұндай қылық-әрекеттің түрлері «девианттылықтың» талаптарына сәйкес келмейді, яғни ауытқушылық қылық-әрекетке жатқызылмайды [18].

Деструктивті қылық-әрекет өзінің мақсаттарына байланысты топтастырылады. Бір жағынан, әлеуметтік нормаларды бұзуға бағытталған сыртқы деструктивті мақсаттар (сыртқы деструктивті қылық-әрекет). Екінші жағынан, тұлғалық ұйымдастырушылықтың дезинтеграциясына бағытталған ішкі-дербес деструктивті мақсаттар (мақсаттарға сай келетін деструктивті қылық-әрекет) [18].

Ц.П. Короленко және Т.А. Донских (1990) сыртқы деструктивті қылық-әрекеттің құрамындағы төмендегілерді былайша қарастырған:

- *аддиктивті қылық-әрекет* – шындықтан қашу мен қажетті эмоцияларды алу мақсатында белгілі бір заттарды қолдану немесе арнайы белсенді қылық-әрекет жасауды білдіреді;
- *әлеуметке қарсы қылық-әрекет* – әлеуметке, қоғамға, құқыққа қарсы, аморальды-адамгершілікке қарсы формасында болатын заңдар мен адамдардың құқықтарына қысым көрсетілетін әрекеттерді білдіреді.

Ішкі-дербес деструктивті қылық-әрекетке мыналар жатқызылады:

- *суицидтік* қылық-әрекет - өзін-өзі өлтірумен сипатталады;
- *конформдық* қылық-әрекет – мұндай қылық-әрекет түріндегі адам сыртқы авторитеттерге бейімделген, дербестікке бағытталған болады;

-*нарцисстік* қылық-әрекет типіне жататын адам өзін басқалардан жоғары, керемет сезіну сезімімен ерекшеленеді;

-*фанатикалық* қылық-әрекет – белгілі бір идеяға, көзқарасқа соқыр сезіммен бағытталуы;

-*аутистикалық* қылық-әрекет – адамдардан, қоршаған шындықтан бөлектенуімен және өзіндік қиял әлеміне енуімен сипатталады.

Жасөспірімдердің қылық-әрекеті және жыныстық функциялары мен жыныстық қатынастары бұзылуы жайлы да психологтар, медиктер көп айтуда. С.Л.Соловьева, Райнер Тёпле, Н.Ю.Максимова, Е.Л.Милютин және т.б. зерттеушілердің пікірінше *жыныстық бұзылулар* невроздармен тығыз байланысты: жүйке жүйесі дамуының, невротикалық және психосоматикалық бұзылулардың пайда болуымен. Сондай-ақ, жыныстық функциялардың бұзылуына соматикалық себептер: жалпысоматикалық аурулар (эндокриндік сипаттағы), гениталии (жыныс мүшелері) мен жоғарғы жүйке жүйесінің органикалық зақымданулары жатады. Қабылданатын гипотензивті және нейрוליптикті дәрілер, никотин, наркотик, алкоголь, психореактивті себептер және т.б. жыныс функциясына әсерін тигізеді. Жыныстық бұзылулар әйелдер мен еркектерде сипатына және себептеріне қарай *функционалды* бұзылуға жатады. Бұзылулар көбінесе соматикалық себептерге байланысты болады.

Жыныстық девиацияларға (жыныстық ауытқушылықтарға): психодинамикалық және биографиялық жағдайларды қабылдаудағы мінез-қылық формалары жатады. Қалыпты жағдайға ұқсамайтын жыныстық тәжірибенің бірнеше түрлері бар. *Садизм мен мазохизм* – жыныстық қатынас кезінде кісендеу, байлау, ұру, зорлау, қорлану – содан ләззат алу немесе рәсімдерін сақтау. *Педофилия* - өз-өзіне сенімсіз, әлеуметтік және жеке дамуы шектелген адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандырудың жолын балаларды зорлаудан (ұл бала немесе қыз бала) табады. *Эксгибиционизм* - өзінің жыныс мүшелерін, әсіресе, әйелдерге не балаларға көрсету. Көбінесе 30-40 жастағы (тәртіпті, жанұялы) еркектерде кездеседі. Балалық шақтағы жанұядағы психодинамикалық жанжалдар, «беделді» әкелер – ұл балаларды әлсіз, жігерсіз, өз-өзіне сенімсіздікке әкеледі. Жыныс мүшесін күш-жігердің символы ретінде көрсету; көргендердің қорқуы, үрейленуі және заң қызметкерлерінің ізіне түсуінен жігерлену, өзін-өзі бекіту [19]. *Эксгибиционизмнің* мынандай түрлері бар: *- вуайеризм* басқалардың жыныс қатынасын, әйелдердің жалаңаш денесін, шешінгенін сығалау, көру арқылы жыныстық ләззат алу. Көбінесе дамуы шектелген, жыныстық мінез-құлықтың рудиментарлығы, қорқақ адамдар, балалық жыныс қызығушылығы сақталуымен сипатталады. *Фетишизм* – киімнің бір бөлігі, заттар, шаштар немесе дененің бір мүшесі жыныстық қоздыру туғызады. Көбінесе аяқ киім мен ішкі киімдер (әсіресе пубертанттық және бозбалалық кезеңде кездеседі) қоздыру туғызады. *Трансвестизм* (транссексуалдар) – еркек адамда әйелдердің, әйелдер еркек киімдерін киюден қанағат алуы. *Клептомания* – фетишистік объектілерді зорлықпен ұрлаудан жыныстық қозудың жоғарылауы. Ұрлық процесінен қанағат сезімін сезіну. *-Зоофилия* (содомия) – жануарлармен жыныстық қатынаста болу, көбінесе интеллектуалдық дамудың жетіспеуі мен шектелуінен

болады. *Гомосексуализм* – ер адамдар арасындағы жыныстық қатынас. *Лесбияндық қатынас* - әйел адамдар арасындағы жыныстық ұмтылыс. Осы аталған қылық-әрекеттің формалары жасөспірімдердің дамуындағы әртүрлі ауытқулардың және девианттылықтың негізгі шарттарына сәйкес келеді. Жасөспірімдердің өмір сапасының төмендеуі; қылық-әрекетіне деген сын көзқарастарының төмендеуі; когнитивті, эмоционалды жағдайлардың және өзіндік бағалаудың төмендеуі әлеуметтік дезадаптациялық күйге түсуіне, толықтай шектелуіне әкеп соқтырады [].

Л.Ф.Обухова өзінің психологиялық зерттеулерінде «Жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылдықтың көрінуі ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында және айрықша ерекшелігі өзіндік рефлексиясының күштілігінде көрінеді» - деген. М.Ю.Красовицкий жасөспірімді барлық қатынас жағынан ересек адам дей келе, бірақ оларды толығымен жетілген адам деп айта алмаймыз, сондайақ нақты осы жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүреді деген. Л.И.Рувинский мен С.И.Хохлованың еңбектерінде жасөспірім шақта қоғамдық жүйедегі көзқарасқа байланысты дүниетанымның бірінші элементі байқала бастайды, бірақ та әлемге деген көзқарасын толығымен пайымдай алмайтындығы қарастырылған. Ш.Бюллер жасөспірімдік кезенді позитивті және негативті фазаларға бөліп қарастырады. Негативті фазаға пубертанттылық кезеңдегі жеткіншектердің дамуын, позитивті фазаға өмірге деген қызығушылықтың пайда болуын, адамға деген ыстық сезімді, табиғатты түйсінуді жатқызады. М.И.Шардаков жасөспірімдік кезеңде адамның тұрмыстық құндылықтары ретіндегі заттық дүниеге психологиялық тәуелділігі қалыптасып, жасөспірім өмірге ой жүгірте бастайды және соның арқасында ортаға кіреді, әр затпен дүниеге таңдау жасау арқылы тұтынушыға айналады, өз иелігіне қажетті заттарды жинай отырып әртүрлі құндылықтарды жинайды, ақыл-ой, адамгершілік пен әлеуметтік жағынан есейеді деген пікірде. Э.Штерн жасөспірімдік кезенді жеке тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі деп қарастырса, Э.Шпрангер өзіндік – сана сезімді, құнды бағыт-бағдарлықты жасөспірімдердің дүниетанымын зерттеуге бастауы деп санаған.

Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық мәселелер жайлы көптеген ғылыми зерттеулер бар. Белгілі әлеуметтанушы И.Кон жасөспірімдік кезеңдегі жағымсыз, әлеуметке қарсы қалыптасқан мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе адами қалыптарының жалпы қабылданған ережелерінен ауытқыған іс-әрекет жүйелері ретінде қарастырады. Ал С.Беличева жасөспірімдік кезеңдегі жағымсыз мінез-құлықтың әлеуметтік ауытқуын жіктеген. А.Е.Личко мақсатты ұстанымдарға байланысты жасөспірімдердің қызығушылықтарын топтастырған.

Жасөспірімдік кезеңдегі жеке бастың қалыптасуындағы психологиялық және әлеуметтік ауытқулардың алдын алу педагогикалық заманауи мәселелерге айналған. Сондықтан жасөспірімдік кезеңдегі жеке бастың қалыптасуындағы

психологиялық және әлеуметтік ауытқуларды алдын алу үшін мұғалімдер мен ата-аналарға арналған педагогикалық-психологиялық мынандай маңызды шаралар ескерілуі керек:

- жасөспірімдік кезеңнің ерекшелігі;
- жасөспірімнің «Мен» концепциясының құрылуы;
- жасөспірімдік кезеңдегі дағдарыс ерекшелігі;
- жасөспірімнің жыныстық жетілуі;
- жасөспірімдік кезеңдегі еліктеу және оның маңызы.

Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық және әлеуметтік қалыптасуындағы ауытқулардың алдын алу үшін аталған мінез-құлық ерекшеліктеріне ата-ана мен педагогтар үлкен мән бере отырып тәрбиелесе, психолог дер кезінде психодиагностикалық әдістеме жүргізе білсе, әр жасөспірім жеке басының қалыптасуы дұрыс бағытта болады [19].

Жасөспірімдік кезеңдегі болатын қиыншылықтардың алдын алу, мінез-қылығын дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе әлеуметтік ортаның көмегімен жүзеге асады. Жасөспірімдік кезең осы шақтағы балалар үшін өте ауыр кезең. Себебі осы кезеңде психикасында күрделі өзгерістер пайда болады. Жасөспірімдік кезеңде психологиялық даму үрдісімен қатар жеке басы қалыптасып, ойлауында, сөйлеуінде, эмоциясында, қиялында және т.б. танымдық процестерінде өзгерістер пайда болады.

Заманауи саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі, жасөспірімдер арасындағы жүріп жатқан әлеуметтік дифференциация өсіп келе жатқан ұрпаққа негативті әсерін тигізді және әлі де тигізуде. Әрбір жаңа ұрпақ өзіндік өзгешелігімен ерекшеленеді, себебі олар қалыптасқан әлеуметтік шарттарда тәрбиеленеді. Саяси әлеуметтік дағдарыстар, қарым – қатынас саласындағы үлкен негативті ақпарат жүйесі баланың субмәдениетін бұзып, адамдар арасындағы коммуникативті байланысын шектейді. Бүгінгі өмір ағысының қарқыны балалардың белсенділігін, олардың жаңаны танып білуге ұмтылысын, өзін іс - әрекеттің әр түрінде сынап көруін төмендетеді.

Жасөспірімдік кезең–балалық шақтан ересектікке өткір өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық қақтығыстармен сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. «Жасөспірім» сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірімдік кезеңді «қоғамдық импринтинг» кезеңі деп те атайды, себебі: осы кезеңде барлық заттар мен құбылыстар адамдарға ерекше әсерлі болады және бұл жасөспірімнің есеюіне мүмкіндік береді [21].

Қорыта келе, жасөспірімдер дамуындағы ауытқулардың себептерін, тәртіптерінің төмендеуі мен нашарлауын үштопқа бөліміз. *Бірінші топқа* - күнделікті мектеп тәртібін бұзатын, оқығысы келмей мектептен қашқақтап жүретін, кішігірімұрлықтар жасап, анда-санда темекі тартып, шарап ішетін оқушылар жатса, *екінші топқа* аталған ерекшеліктермен қатар қоғамдықорындарда бұзақылық жасап, қоғам мүліктерін тонайтын, үлкенге сый-көмек көрсетпейтін балаларды жатқызуға болады. *Үшінші топқа* - денсаулығы нашар, ақыл-ойы жасына сәйкес дамымаған, жүйке жүйесі әртүрлі ауруларға ұшыраған жасөспірімдер жатады. Сондықтан, «қиын» жасөспірімдердің пайда болу себептерін, жас және дербес ерекшеліктерін,

пәндерге деген ынта-ықыластарын, қызығушылығы мен қабілеттіліктерін, мінез бітістерін, әлеуметтену барысындағы қарым-қатынастар мен ықпалдардың әсерлерін оқу-тәрбие үрдісінде және мектептен тыс жұмыстарында үнемі ескеріп отыру аса маңызды.

1.4 Жасөспірімдер қылмысы жайлы ғылыми – теориялық зерттеулер

Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері мінез-құлық модельдерін анықтайды. Жасөспірімдік кезеңде балаларға тән мінез-құлықтың жағдайлық бұзылуы кездеседі. Ол психикалық инфантилизм құбылысы және мидың резидуалды-органикалық бұзылуы тән жасөспірімдерге де қатысты. Мінез-құлықтың арнайы және жасөспірімдік формалары бар[24]. И.Еникеев сипаттамасы бойынша жасөспірімдерге заңды бұзған көптеген қылмысты артуға болады. Олар: сабақтан қашу, сабаққабармаудан бастап адам өліміне дейінгі қылмыстар. Жасөспірімдердің бойында кездестірілетін мінездер:

1. *Қарсыластық реакциясы.* Жасөспірімдер іс-әрекетіне, тәртібіне үлкендер тарапынан шек қоюына қарсылықты білдіреді. Бұл іс-әрекеттерүйден қашумен, шулы серуендермен сипатталады.
2. *Имитация реакциясы.* Нақты образға, жеке дамға еліктеу. Кейде бұл белгілі «кейіпкер» болуы мүмкін. Мысалы, жасөспірімдерге «қылмыскер-суперменнің» үлкен ықпалды екені белгілі. Соңғы кездегі детективті әдебиеттер кейіпкерлерге еліктеу жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына кері әсерін тигізеді.
3. *Компенсация реакциясы.* Бір саладағы сәтсіздіктің енді бір салада дұрыс берілуі. (Мысалы, мектепте сәтсіздік болса «батыл» іс-әрекеттермен орын толтыру).
4. *Гиперкомпенсация реакциясы.* Жасөспірімдерге қиын түсетін салада табандылықпен талпынып, жетістіктерге жетуге тырысу. Көбінде өз-өзіне сенімсіз, ұялшақ жасөспірім, ерекше спорт түрлерін тандайды (мысалы, бокс, карате, т. б.).
5. *Топтасу реакциясы.* Бірдей жастағы жасөспірімдердің топтасауы. Жасөспірімдік топтар, ортақ мақсаттылығымен, жинақылықтармен, ортақ бағыттылықтармен ерекшеленеді.

А.Е.Личконың айтуы бойынша әрбір құқық бұзушының мотивтері де әртүрлі болып келеді. Мысалы, гипертимді жасөспірімдердің ұрлыққа түсуі - өзінің жолдастарына өзінің мықтылығын көрсету, дәлелдеу болып табылады. Көбінесе жасөспірімдердің қылмысты істеуі топ қылмысының арқасында жүзеге асады, яғни жолдастарын қолдаудан соқыр талпыныс сияқты мотивпен топ ішінде «авторитетке» иемдену. Криминогенді топтың тұрақтылығы, белгілі жасөспірімдердің қылмысты істеумен қамтамасыз етіледі. Жасөспірімдердің қылмыстық мінезінің негізінде көптеген мотивтер жатыр, олардың ішінде бірінші орында өзін таныту мотиві және топтың ішіндегі бірінші орынға талпыну және т.б. Криминогенді топ арнайы психологиялық механизмдер арқылы өздерінің мүшелеріне жан – жақты әсерін тигізеді :

1. Криминогенді топ қылмыстық әрекеттің негізінде жатқан бағдарлардың және көзқарастар қалыптасуының базасы болып табылады. Психологиялық механизмімен топ өзінің мүшесіне қылық көрсетсе, ол конформизм деп аталады. Бұндай топтардың қаншалықты антиәлеуметтік бағыты көрінетін болса, онда конформизм соншалықты қатты болып келеді.
2. Криминогенді топпен жасөспірімдердің идентификациясы қылмысты орындаудағы кедергілерге деген ішкі мотивтерінің әлсізденуіне әкеп соғады. Бұл құбылыстың негізінде психологиялық қорғаныс механизмдері жатыр. Әсіресе осының негізінде орындалған және орындалатын қылмыстық істің жауапкершілігінен іштей босатылады.
3. Криминогенді топ өзінің мүшелеріне қылмыстық әрекеттің психологиялық механизміне конформизм сияқты, енді елітеу қосылады.

Көптеген зерттеулердің нәтижесі бойынша криминогенді топтың бір мүшесі қалғандардың көзінше қылмысты орындайды. Содан кейін құрбы құрдастарымен әңгіме барысында қылмыстық әрекетіне мақтанып, олардан қолдау алады. Жасөспірімдер істеген күштеу, зорлау қылмыстарына: бұзақылық, өлтірушілік, денеге ауыр зардаптар түсіру, зорлау жатады. Жасөспірімдердің қылмыстық ісі көбінесе бұзақылық әрекетінде жиі байқалады. Сондықтан да ауыр дене зардаптары және өлтірулер негізінде *бұзақылық мотивтері* жатыр. Криминологиялық зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, қылмыстық істің негізінде жасөспірімдердің өзін таныту қажеттілігі басым болып келеді. Өзін таныту қажеттілігі әрбір адамға тән, бірақ бұл жасөспірімдік кезеңде анық көрінеді. Жасөспірімдердің күштеу мотивациясы жоғары эмоциялық және ситуативтілікпен сипатталады. Жасөспірімдердің күштеу әрекет-қылығы қайырымсыздықпен байланысты болып келеді.

А.В.Филонов қайырымсыздықтың генезисін зерттей келе, мынандай қорытынды шығарды: жасөспірімдердің қайырымсыздық әрекеті көп жағдайларда 11-16 жас аралығында тым қатты байқалады. Психологтардың ойынша бұндай қайырымсыздықтың, мейірімсіздіктің көрінуі көп жағдайда баланың ересектермен өзара қарым-қатынасындағы қайырымсыздықтан, әсіресе ата-анасымен қарым – қатынасында туындайды. Тұлғаның балалық шақта дұрыс дамымауына көптеген ғалымдар көңіл бөлген. Әсіресе, Б.Холыст, Н.Ф.Кузнецова. Кузнецованың айтуы бойынша, ерте балалық шақтағы қарым – қатынас патологиясы аяғында бұзақылықты және күштеу мотивациясын ескертуі мүмкін.

Қылмысқа барған жасөспірімнің мотивациялық қажеттілік сферасында терең қозғалыстар байқалады, олардың әрекеттері төменгі импульсивті нұсқаулық деңгейде жүреді. Мұндай әрекеттің мотивациясы жасырын болып, «мотивсіз» қылмыс деген жалған көрініс береді. Ал олардың қажеттіліктері бір жақтылығы мен шектеушілікпен, әлеуметтік жағымды қажеттілік түрлерінің дамымай қалғандығымен, төменгі деңгейдегі қажеттіліктердің гипертрофиялық болуымен ерекшеленеді.

Жалпы интеллектуалды дамудың жеткіліксіздігі, алдын-ала бейнелеудің қалыптаспағандығы, өзіндік рефлексияның төмен болуы қылмыскер

жасөспірімдердің негізгі айрықша ерекшелігі. Қылмыс жасаған жасөспірімнің жүріс-тұрыс механизмдерін түсіну үшін «тұлғалық типі» деген ұғымды да қарастыру керек. Тұлғалық тип дегеніміз – бағыттылық, жүріс-тұрыстың жалпы әдістерімен сипатталынатын құндылық бағдар.

Қылмысқа барған жасөспірімдердің тұлғалық типологиясында негізгі үш нәрсені қарастыру керек[25]:

1. қылмыскер жасөспірімнің жалпы түрі;
2. белгілі категорияның қылмыскер тұлғасы;
3. белгілі түрдің қылмыскер тұлғасы;

Бұл градациялар бір – бірімен жалпы, ерекше, біркелкі деп сәйкестенеді. Тұлғаның әлеуметтік негізі: бағыты, өмірлік қатынастардың жүйелері, мотивациялық-құндылық бағдары болса, онда осы негіз қылмыскер жасөспірімнің типін анықтауы керек. Қылмыскер жасөспірімнің типтік критерийі: асоциалды, антиәлеуметтік деформация мөлшері, өзіндік психологиялық реттеу кемшілігі оның қоғамдық қауіпсіздік дәрежесі болып табылады.

Осы критерий бойынша қылмыскер жасөспірімнің үш түрін бөліп шығаруға болады:

1. антиәлеуметтік жасөспірім,
2. асоциалды жасөспірім,
3. психологиялық өзіндік реттеудің кемшілігімен сипатталынатын қылмыскер жасөспірім.

Жалпы әрекет қылмыс жасаған адамның субъективті жақтарын толық ашпайды. Заңды белгі бойынша ұсақ әрекеттер әртүрлі психологиялық факторлармен негізделеді. Қылмыскер жасөспірімнің криминалды психологиялық классификациясының негізінде басыңқы позициялар: итермелеуші күші, мотивтары, қалыпты мақсаттары, қылмыс жасаудың амалдары, тұлғаның десоциализация өлшемі, антиәлеуметтік бағдардың сипаты жатыр.

Жасөспірім қылмысының сипаты келесі белгілер жиынтығымен анықталынады:

1. қылмыстың түрімен объект, қылмыстық салдардың ауырлық сипаттылығымен;
2. айыптау формасы, қылмыстың мақсаты мен мотиві;
3. қылмыс жасаудың амалы немесе әдісі;
4. қылмыс жасаудың жағдайымен;
5. жұмсарту-жеңілдету жағдайының бар болуы;
6. қылмысқа жасөспірімнің қатынасы, жасалынған қылмыстан кейінгі жүріс-тұрысы.

Жасөспірімдердің арасында қылмыстың көптеп таралуы зерттеушілердің көңілін алаңдатып отыр. Бұл қылмыс таралуының себептерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жұмысын жүргізуге итермеледі. Негізгі себептерін үлкен үш топқа бөлуге болады:

-Социологиялық фактор: Қоғам және мәдениет құрылымдарына байланысты.

-Психологиялық фактор бойынша: Белгілі адам мінезінің ерекшелігімен қарым-қатынас ерекшелігіне байланысты.

-Физикалық және органикалық элементтерінің әсерінен биологиялық фактор
-Социологиялық-әлеуметтік фактордың ішінде, зерттеу нәтижесінде, келесі себептер көп кездескен: төменгі экономикалық-қоғамдық статус; мәдениеттегі зорлық және бұқаралық ақпарат құралдары; алкоголь және наркотикалық заттар; құрдастарының әсері; отбасындағы психологиялық және атмосфералық жағдай.

Заң бұзушы адамның ағзалық-жүйелік жүйесінің бұзылуы заң қызметкерлеріне қарағанда біртіндеп қалпына келеді. Сондықтан да жазалаудан кейін өз тәрбиелерін өзгерте алмайды. Шеппард көзқарасы бойынша органикалық себептер әр қылмыскердің 25% құрайды. Мысалы, ол 10-15 жасар қыз бала туралы айтады. Ол инсулиннің жетіспеушілігінен зардап шеккен, яғни қанының құрамында қанттың мөлшері өте аз болған. Жасөспірім құбылмалы көңіл күйімен, импульсивтілігімен, агрессивтілігімен ерекшеленген. Дұрыс емделу мен диета толық емделуге мүмкіндік берді. Органикалық себептер сонымен қатар босануға дейінгі және кейінгі асқынулардан болуы мүмкін.

О.Д. Ситковская сот қылмыстық әрекеттің механизміне әсер еткен адамның психикалық қасиеттерімен жағдайларына көңіл аударуды ұсынған. Сондықтан О.Д.Ситковская адамның қылмыстық қасиеттерін 2 топқа бөлген :

1. Адамның адамгершілік құндылықтары, өмірлік позициясы, интеллект даму деңгейі, қылмыстық әрекетке қатынасын, сондай – ақ заңдылықтарды түсінуге мүмкіндік береді;
2. Өз мінез – құлықтарын ырықты меңгеру қабілеті: өз - өзін ұстай алуы, реттеуі, жүйке жүйесінің ерекшеліктері, еріктік, эмоциялық тұрақтылығы.

Көптеген психодиагностикалық әдістер арқылы қылмыскердің психикалық ерекшеліктерімен қасиеттері психология ғылымында кеңінен анықталып жүргізілуде. Қылмыстық әрекеттерді жасаған жасөспірімдер арасында құқықтық дамуында кемістігі, ауытқуы, тежелуі немесе «аномальды» жағдайлар да кездеседі. Олардың эндогенді себептері бар және мінез – құлықтың әрекеттік өзіндік сипаттары анықталған. Көптеген аномальді мінез – құлықтар ішінде соттық психиатрлар мен психологтарды *психопатиялық жағдайлар* көп аландатты: олардың еріктік, эмоциялық тұрақсыздығы, интеллект даму ерекшеліктері, криминогендік әрекетке тез бейімделуі.

Психопатиялық бұзылуы бар адамды былайша топтастырады[26] :

- **Психопатияның қозба (аффективті) түрі:** эмоциялық тұрақсыздық, өзін ұстай алмау, тез қозғыш, ашуланшақ, импульсивті, кез – келген ескертуге жоғары қозу байқатады, қатыгездік, кекшілдік тән. Психопатияның қозба түрі мынандай топтарға бөлінеді:

а) *Қозба психопатияның тұрақсыз түрі:* еріксіздік, немқұрайлық, барлығына жеңіл қарау, сын тұрғысынан қарау өте төмен, шыдамсыз. Олар алаяқтық, бұзақылық, қаңғыбастық, құжаттық режимді, қоғамдық тәртіпті бұзумен айналысады.

ә) *Қозба психопатияның паранойальды түрі:* өзін басқалардан жоғары қою, өкпелегіш, күдікшіл, қозуы жоғары, басқалардың көзқарасына шыдамсыз, ақыл – ойы таяз, бір жағдайларға байланғыш. Олар зорлау, қинау әрекетімен айналысады.

б) *Қозба психопатияның истероидты түрі:* интеллектісі өте төмен, өтірік айтатын, қарым – қатынасында жалғандық басым, эмоциялық тұрақсыздық, көптің көзінше өзін көрсетуді ұнатады, «артистік – театрлық» әрекеттерін жиі пайдаланады.

- **Психопатияның баяу түрі:** олар **астениктер, психоастениктер, психопатиялық аутисттік** түрлері болып бөлінеді :

а) *Астеникалық сипаты* - әсер алғыштығы жоғары, тез шаршағыш, сезімталдығы жоғары, ұялшақ, өзіне сенімсіз, өз бойындағы кемшіліктерді ерекше сезіну тән.

ә) *Психопатияның психоастеникалық түрі:* күдікшіл, алаңдаушылық, сенімсіздік, қиын жағдайларда өзінің күдікшілдігінен шешім қабылдай алмау. Олар қоғамда қалыптасқан тәртіпке қарсы әрекет жасайды, қоғамға пайдалы еңбекпен айналысудан, әскери міндет атқарудан қашады.

б) *Психопатиялық бұзылудың аутистикалық шизоидты түріне:* тұйықтық, сезімталдықпен жараланудың жоғарылығы, эмоциялық бөтенсінумен суықтық басым, қатігез болады. Олар алдына қойған мақсатқа жетуге ұмтылу, аффективті уайымдау, дау – дамай жағдайларды зорлық – зомбылық, агрессивтілік, қатыгездік көрсету сияқты ерекшеліктермен сипатталады.

Н.Ф.Кудряцева мен В.Е.Эминова еңбектерінде әрбір адамға тән темпераменті болады. Сондықтан да бұл кейбір жағдайда тұқым қуалаушылық фактор және де бала туа сала жаман тәрбиеге жақын болуы мүмкін. Егер бұны ата-анасы қалай жеңуді білмесе, жөндемесе, жасөспірімдік кезеңде әртүрлі психикалық бұзылыстарға ұшырауы мүмкін. Х.С.Жадбаев бойынша бұл топтардың өкілдері жасөспірімдік жастағы ұл балалар. Бұл балалардың осы топтарға енуіне бірнеше себептері бар. Мысалы, жолдастарына деген еліктеушілік, қорғаныш іздеумен, гереосексуалды және ерекше сезімдерді сезіну мақсатында. Жасөспірімдердің қылмыстық топтарына кіруіне итермелейтін себептерінің бірі – жанұядағы түсініспеушілік мәселесі. Егер жасөспірімдер өздерінің эмоционалды және жанұядағы социалды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаса, ол қылмыстық топтардың құрамына еніп, өзін сол жерден табуға тырысады. Қылмыстық топқа енген соң, жасөспірім жалғыз өзі жүрсе ешқашан қолы бармайтын қылмыстарды жасайды. Бұл топтар барлық қоғамға қорқыныш, қауіп тудырып «қиын оқушы» деп аталуда.

«Қиын оқушы» деген термин қазіргі практикада жеке басын тәртіпке салу қажет балалардың ортасын білдіреді[29]. Қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыда талқыланды. Бұл мәселенің ары қарай талқылануына үлес қосқан зерттеушілер қатары да біршама. Бастауыш мектеп кезеңі баланың жеке басының ары қарай қалыптасуы үшін аса маңызды роль атқарады. Оның өмірінде мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап айтарлықтай өзгерістер пайда болады, бала үшін жетекші орын алатын оқу әрекеті қалыптасады. Баланың жеке қасиеттерінің, психикасының дұрыс дамып жетілуі үшін педагогтік ұжымдардың кәсіптік бірлігі, ата – аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелі жұмыс қажет. Оқушының жеке басына тән қасиеттерді

тек «мен» деген қасиет тұрғысынан ғана бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік – жігері қандай, ашуланғыш, не сабылы келе ме, әсемдікті ажыратудағы талғамы және өзгелермен қатынасы қандай – осы жөнінен алып қарауға болады.

Мінезі қиын балаларды мектеп мотивациясы төменгі деңгеймен сипатталады. Мінез-құлқы төмен балалармен жұмыс істеу барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алып отыру керек. Өзін-өзі бағалау, ең алдымен жеке тұлғаның әрекеті арқылы қалыптасады. Бірақ бағаны әрдайым айналадағы адамдары береді. Өзіне деген сенімі өзгелердің пікірі арқылы қалыптасады. Егер айналадағы адамдар балаға үнемі дұрыс қарым-қатынас жасаса, онда ол өзін осы сыйластыққа лайық екенмін деп санайды, ал егер керісінше, оның жасаған істерінің кемшіліктерін бетіне басып, ұрсып, жаратпай жатса, оған өзім лайық емеспін дегеннен басқа ештеңе қалмайды. Және бұл жағдайда баланың реакциясы әр түрлі болады[32].

Тәртіп бұзушылықтың салдарының негізі–сабаққа үлгері алмаушылық. Кейбір оқушы құрбыларынан сабақта артта қалып қойып, тәртіп бұзуын өзінше батырлық деп санайды. Мұны өзгелердің көзінше көрсеткісі келеді. Бұл көбіне мән – менсінген, бала мінезінің дұрыс тәрбиеленбеуінен болады. Бірақ, осылай болған жағдайда да, тәртіпсіздікті баланың бойына біржолата сініп кеткен әдеттен деп, барлық себептен содан іздестіруге болмайды. Өйткені, тәртіп бұзу тек өзіне ғана байлаысты емес, оның үй ішіндегі жағдайларға да, айталық, ата – ана бірлігінің жоқтығына және баласына қойған талаптың әр түрлі болып келуіне байланысты. Бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет. Сонда балада жағымды «мен» бейнесі қалыптасады, өзіне деген сенімділігі туады. Мұндай «мен» бейнесі кез – келген баланың жақсы жағдайда, нәтижеге жетуіне, дұрыс дамуына мүмкіндік береді.

1.5 Ауытқушылық мінез-қылықтардың шығу себептері

Ауытқушы мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. *Біріншісі* – бұл анық немесе жасырын психопатологиялық, барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптары ауытқыған мінез-құлығы. *Екіншісі* – әлеуметтік мәдени және әсіресе, құқықтық қалыптарды бұзатын ассоциалды мінез-құлық. Мұндай әрекеттер аз болса, олар құқық бұзушылық, ал салмақты әрі жазаланса қылмыс деп атайды, яғни құқыққа қарсы және қылмыстық іс-әрекеттер туралы айтылып отыр[27]. С.Беличева ауытқушылық мінез-құлықтың әлеуметтік ауытқуын былайша жіктейді.

- 1. *Пайдакүнемдік бағытта*: құқық бұзушылық материалдық, қаржылық, дүние-мүліктің пайда табуға ұмтылумен байланысты (ұрлау, тонау, алып-сату, алаяқтық және т.б.) жасаған теріс әрекеттер.
- 2. *Агрессиялық бағытта*: адамға қарсы бағытталған әрекеттер (бағалау, бұзақылық, ұрып-соғу, өлтіру, зорлау).
- 3. *Әлеуметтік – енжар тип*: белсенді өмір сүруден, азаматтық борыштарын өтеуден қашуға, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешкісі келмеуге ұмтылу

(жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өзіне-өзі қол жұмсау).

Мазмұны мен мақсатқа бағытталғанымен ерекшеленетін асоциалды мінез-құлық әртүрлі әлеуметтік ауытқулардан, адами қалыптарының бұзылуынан бастап-құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға дейін, көрінуі мүмкін. Асоциалдық көріністер сыртқы мінез-құлық жағынан ғана емес, мінез-құлықты іштей реттеудің: адамгершілік, әлеуметтік бағдарлардың және өзіне-өзі бағалай алудың деформациясынан да байқалады.

Балалардың және жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылық деп өзіне назар аударатын және тәрбиеленушілердің сақтығын тудыратын ерекшеліктері мен оның көріністерін (ата-аналарының, мұғалімдерінің, қоғамның) айтамыз. Бұл мінез ерекшеліктері жалпы қабылданған қалыптардан, талаптардан ауытқуды ғана білдірмейді, сондай-ақ, болашақта жасалатын қателіктердің, адамгершілік, әлеуметтік, құқықтық нормалардың заң талаптарының бұзылуы бастауының негізін қалайды. Осындай мінез-құлық субъект тұлғасының дамуына, оны қоршаған адамдарға, жалпы қоғамға әлеуметтік қауіп төндіреді. Балалармен мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқына кері әсер ететін сыртқы факторларға мыналарды жатқызуға болады.

Қоғамда өтіп жатқан үрдістер:

- қоғамдық құндылықтар иерархиясын өзгертуге бағытталған айқын жағымды мемлекеттік идеологияның жоқтығы;
- заңдардың және құқық қорғаушы органдардың жетілмегендігі, қылмыстардың жазаланбауы;
- жұмыссыздық (нақты және жасырын);
- экономикалық тұрмысы төмен балалы отбасыларға әлеуметтік кепілдіктермен және мемлекеттік қолдаудың жоқтығы;
- өскелең ұрпақтың әлеуметтенуі дәстүрлі институттарының күйреуі мен дағдарысқа ұшырауы;
- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы зорлық-зомбылық және қатігездікті насихаттау;
- балалардың денелік және психикалық денсаулығының бұзылуындер кезінде анықтаудың, соған сәйкес көмек көрсетудің және квалификациялық диспансеризацияның болмауы;
- сапалы тегін, қосымша білімге балалардың қолының жетпеуі (үйірмелердің, секциялардың және тағы басқа);
- темекіге, ішімдікке, нашақорлық заттарға жолдың ашықтығы

Отбасының жағдайы және оның микроклиматы:

- толық емес отбасы;
- отбасының материалдық жағдайы (кедейлік, байлық);
- ата-аналардың әлеуметтік-мәдени жағдайының төмен деңгейі;
- отбасының тәрбие стилі (балаларға бірыңғай талаптардың қойылмауы, ата-аналардың қатыгездігі, олардың жазасыздығы және баланың құқықсыздығы);
- баланың өзіндік құндылығын жоққа шығару;
- балалардың қажеттіліктерінің жеткіліксіз немесе асыра қанағаттандырылуы;
- ата-аналардың ішімдікті, нашақорлық заттарды теріс пайдалануы;

- ата-аналардың балалардың психоактивті заттарды қолдануына жол беруі.

Мектепшілік өмірдің жеткіліксіз ұйымдастырылуы:

- оқу және тәрбие үрдісін басқаруды ұйымдастырудың толық жетілмегендігі; мектептің материалдық қамтамасыз етуінің нашарлығы; қоғам арқылы балалармен айналыспайтын ата-аналарға ықпал ететін тетіктердің және мектептің оқушылар отбасыларымен жүйелі байланысының жоқтығы; пәндік мұғалімдердің жетіспеушілігі; сабақтардың жиі болмауы; сабақтан тыс жұмыстардың қанағаттандырғысыз ұйымдастырылуы; мектепте балалар ұйымдарының болмауы;

- мұғалімдердің бала және жас ерекшелік психологиясын білмейтіндігінен көрінетін кәсіптік деңгейінің төмендігі; «оқушы-мұғалім» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастардың авторитарлық немесе бетімен кетушілік деңгейінде болуы; оқушылардың білімін бағалауда объективтіліктің болмауы; ат-айдар тағу; мұғалімдердің оқушы тұлғасын басуы (қоқан-лоққы, қорлау және тағы басқа);

- жетілмеген жаңа оқу бағдарламаларын енгізу, құндылықтар бағдарламаларының өзгеруі және соның негізінде «нені және қалай оқыту керек?» мәселесінің туындауы;

- мектепке келген оқушылар дамуының және оқу түрткілерінің төмендігі.

Жоғарыда аталған себептердің ішінде *жанұялық фактордан* туындайтын себептердің орны ерекше. Осы айтылған мәселелердің теориялық айғағы ретінде «ұядан не көрсең, ұшқанда соны аласың», «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген сияқты философиялық мәні бар қанатты сөздерді алуға болады. Егер отбасы жеке тұлғаның қалыптасу процесі мен нәтижесінде шешуге ықпал жасайтын әлеуметтік фактор деп есептелсе, онда дұрыс тәрбиелік ықпалды ұйымдастыруда ең алдымен отбасына қоғам және мемлекет басты назар аударуы қажет. Себебі рухани, адамгершілік негізі қалыптасқан ынтымақты, инабатты отбасы ең ауқатты мемлекет тірегі болып есептеледі. Бұл аксиомадан тарихта бірде-бір өркениетті ел шет қалған емес. Осы ретте бүгінгі таңда отбасы бірнеше әлеуметтік саламен тікелей байланыста болуы шарт. Ең алдымен, мектеп, өнер, әдебиет, кино, кітапхана, орта және шағын бизнестер т.б. тәрбиелік, білімдік мақсатта, қарым қатынаста болуы болашақ ұрпақтың қазіргі қоғамның өркениетті бағытта дамуына сай тәрбиеленуіне мүмкіндік жасайды[34].

Ата-аналар жасөспірімдерді тәрбиелеуде көптеген педагогикалық психологиялық кедергілермен кездеседі. Жасөспірімдік кезең ата – аналардан да жаңа тәрбиелік тапсырмалар мен психологиялық ерекшеліктерді шешуді талап ету. Нақты өмірлік шарттар мен тәрбиелеуге байланысты ата – аналар алдын ала қиындықтардың болатынын ескеруі қажет. Барлық жасөспірімдік кезең бойы жасөспірімдердің үлкендермен, әсіресе ата-аналарымен тең құқылы қарым-қатынаста болу қажеттілігі. Бұл қажеттілік фрустративті болып келеді, сондықтан да жасөспірімдер мен ата-аналар арасында көптеген түсініспеушіліктен дау-дамайлар туындап, жасөспірімдердің жағымсыз мінез формалары қалыптасады.

Жасөспірім мен ата–анасының өзара қатынасын түсіну үшін қарым қатынастың функциялары және олармен байланысты түсініктердің өзгеруін білу қажет. Баланың алдында ата – ана бірнеше ролдерді атқаруы қажет:

- *эмоционалды мейірімділік пен қолдау көрсететін бастау* ретінде (онсыз бала өзін қорғанышсыз, көмексіз сезінеді);
- *еліктеуге болатын үлгі* ретінде (ақылдылық пен адалдық қасиеттерінің құдіреттігін сезінеді);
- барлық жағдайда сенуге болатын *адал дос пен ақылшы* ретінде болуы керек.

Аталған функциялардың арақатынасы мен психологиялық маңыздылығы өзгеріп отырады. Жасөспірімдер мен ата – аналар арасындағы жағымды қатынас жанұялық тәрбиенің демократиялық стилін ұстанғанда ғана орнығады, ерік – жігері жоғары, белсенді, адамгершілігі мол, әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелеуге көмектеседі [37].

Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы: тұрмыстағы ұрыс-талас, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы т.б. жағымсыз жағдайлар «қиын оқушылардың» шығуына әкелуде. "Қиын" оқушылар тәртіптерінің төмендеуі мен нашарлауын *үш топқа* бөліп қарастыруға болады. *Бірінші топқа*— күнделікті мектеп тәртібін бұзатын, оқығысы келмей мектептен алшақтап жүретін, кішігірім ұрлықтар жасап, аңда-санда темекі тартып, шарап ішетін оқушылар жатса, *екінші топқа* — осындай ерекшеліктерімен қатар қоғамдық орындарда бұзақылық жасап, қоғам мүліктерін тонайтын, үлкенге сый-құрмет көрсетпейтін балаларды жатқызуға болады. *Үшінші топқа* — денсаулығы нашар, ақыл-ой өз жасына сәйкес дамымаған, нерв жүйесі әртүрлі ауруларға ұшыраған жасөспірімдер жатады.

Қазіргі психология мен педагогика ғылымдары және алдыңғы қатарлы озат педагогикалық тәжірибелердің көрсетілуінше, осы жоғарыда келтірілген «қиын» оқушылардың пайда болу себептері ең алдымен отбасындағы тәрбиелік ықпалдар мен ата-анасына байланысты. Көп жағдайда қиын бала белгілі бір жұмысы жоқ қызметтегі әке-шешенің отбасынан шығады.

Қиын баланың пайда болуындағы объективтік және субъективтік факторлар ретінде мынандай себептерді айтқан орынды. Білім мен мәдени өрісі төмен ата-аналар баласының ішкі жан дүниесіне үңілмей, педагогикалық заңдылыққа сыймайтын талап-тілек қояды, әрі оны сөзсіз орындауын талап етеді. Бұл жердегі қателік балаға қойылған талаптың оның жасына, қабілетіне, іскерлігіне, мүмкіндігіне сай келу – келмеуін ескермеуде. Соның салдарынан бала отбасы ортасында адамгершілік қадір - қасиеттері мен эстетикалық сезім талғамдары, логикалық ой-өрісі талабына сай өріс ала алмайды. Үнемі ұрыс-жанжал, төбелес, бірін-бірі жәбірлеу кездесіп тұратын отбасында өскен балалардың 40-43%-ы, ішімдік орын алған ортада өскен балалардың 30%, жезөкшелік пен моральға қайшы әдеттермен айналысатын ата-ана өсірген балалардың 12%-ы «қиын»; бала аталады. Оларға тән қасиеттер—дөрекілік, ұрлық, жалқаулық, қиқарлық тағы басқа жағымсыз мінездер.

Отбасы тарихы туралы көп еңбек жазған Дж.Мак–Ленан. Ал отбасының философиялық мазмұнын терең зерттеген американың атақты ғалымыТ.Морган «Көне қоғам» атты еңбегінде, семья тарихын ерекше талдап,

ғылыми негізін жүйелеген. Қатынастары әлі де дәстүр салтқа айнала қоймағандықтан, реттелмеген жыныстық қатынастардың да, бірте –бірте уақыт талаптарына сай отбасылық заңдылықтарға ауысқандығын айтады. Сол заңдылықтардың бірнеше сатылары болған.

Қандас туысқандар отбасы: Бұл сатысында тек ата –анасы мен балалары ғана жыныстық қатынаста болмайды. Ал өзгелердің бәрі де ағалары мен қарындастары, апалары мен інілері өзара үйлене берген. Олардың туысқандық сезімдері жыныстық қатынастармен қат-қабаттасып жатқан.

Отбасы заңдылықтарының қалыптаса бастаған екінші сатыда туысқандық сезімдер имандылық дәуіріне ауыса бастайды. Адам үшін ар мен ұят түсініктері бұрын -сонды болып көрмеген қадір–қасиеттерге айналды. Қоғамдағы осындай тәртіптердің әсерінен ағасы мен қарындасы, інісі мен әпкесі де үйленбейтін заңдылықтарды қатаң сақтайды. Отбасы тарихының бұл кезеңі бірінші сатысымен салыстырғанда аса күрделі қиыншылықтармен дамығандығы белгілі. Отбасы тарихының осы сатысын ғылыми тілде пуналуалдық отбасы деп аталады.

Қазіргі отбасылардың кезеңі адамдардың рухани өсуі мен қоғамдағы имандылықпен қоса, адамзат қауымының өздері қалыптастырған азаматтық ақыл-парасаттары.

Отбасы тарихы да кез –келген жанды құбылыс тәрізді. өзінің даму сатыларын онан ары жалғастыра береді. Некелік отбасылық қарым-қатынастың биологиялық, тарихи, әлеуметтік және праволық мәдениеті бар. Отбасы тәрбиесі ата–аналар ықпалымен жүзеге асатын қоғамдық тәрбиемен ұштас. Ол қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастармен тығыз байланысты. Табиғи биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын праволық, адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды. Болашақта бала жақсы адам болу үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасында ең жарасты, ең әділетті қарым-қатынастың куәсі болу керек. Ол ата-ананың өзіне, қандай қамқоршы екенін көріп отыруымен қатар, ата-ананың да өзара бірін-бірі осылай қастерлейтінін аңғартады. Әке баладан анасын сыйлауды талап етсе, анасы баласын әкесін құрметтеуге үйретеді. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті үйлесіммен болса, одан адамгершілік пен әділеттіліктің көрінісі көрініп тұрады[38]

Баршамызға белгілі отбасында түрлі қарым-қатынас болады. Бұл қарым-қатынастың ерекшелігін тікелей отбасы мүшелері өздері туындатады және ерекшеліктері адамдардың тұлғалық қасиеттерімен байланысты. Социологтар отбасын әр түрлі типтерге бөледі: - *үйлесімді, -бүлінген, -ыдыраған, -толық емес отбасы*. Отбасы толық болуы мүмкін, бірақ тәрбие теріс болуы мүмкін. Кейде келіспеушілік, күнде ұрыс болып тұратын толық отбасылар да кездеседі. Отбасындағы сәтсіздік белгілі деңгейде бала психикасының дұрыс дамуына әкелмейді[17].

Отбасындағы басты жағдайлардың бірі ерлі–зайыптының өзара махаббатына, көзқарастарына, мүдделерінің, сенімділіктің және ұжымдық іс –әрекеттерінің бірлігіне негізделген татулық. Отбасында бала мінезінің қалыптасуында табысты ықпал жасауда басқа да жағдайларды сипаттайтын белгілерді атауға

болады. Оларға мына мәселелер жатады:

1. Семьяның этникалық құрамы және құрылымы.
2. Тіршілдік әрекетнің және ортаның жағдайы.
3. Отбасының мәдени потенциалы.
4. Ішкі отбасылық қатынастар.
5. Қоғамға көзқарасы.
6. Отбасының тәрбиелік потенциалы.

Отбасының осы көрсетіліп отырған ерекше белгілерінің тәрбиелік ықпалы өте күшті, оларды тәрбие процесінде ескеру қажет. Отбасындағы қарым – қатынас нәтижесінде жеке бастың мінез белгілері, қайырымдылық, сезімталдылық, парасаттылық, ұқыптылық, жауаптылық, әдептілік, мейірімділік, еңбексүйгіштік т.б. қасиеттері қалыптасады. Бір–бірін қабағынан түсініп, көңілдеріне қылау түсірмеуге тырысқан отбасында бала да жастайынан адамды сыйлау, бағалауды үйренеді. Отбасындағы еркелік те, қамқорлық та, әзілге негізделген пікірталастыру да, кішкене бөбектермен әурелену де, жасы үлкендермен байсалды әңгіме де, болашаққа жоспар құру да, отбасы мейрамы да, үлкен –кішінің өзіне лайықты еңбектенуі және толып жатқан басқа әрекеттердің барлығы да болашақ азаматтың қалыптасатын мінез азығы.

Қиын отбасы түсінігінің психологиялық мазмұнын кең және тар мағынада түсінуге болады. Тар мағынада сәтсіз отбасы түсінігі отбасының өмірлік циклінің қандайда бір кезеңдегі міндеттерді үнемі орындай алмаған отбасы түсінігі болады. Кең мағынада отбасының мәселе типі түсінігі келесі типтерді қамтиды.

Дисфункционалды отбасы – өзінің негізгі отбасылық қызметін нашар орындайтын немесе мүлде орындай алмайтын отбасы.

Сәтсіз отбасы. Отбасылық кеңестіктің ішіндегі психологиялық комфорттың төменгі күйімен сипатталатын отбасы С.Минухин отбасы ішілік коммуникацияның бұзылуына байланысты, отбасына «шатысқан жіп» түсінігін енгізген [25].

Маскүнөмдер отбасынан шыққан балалар өздерін мұндай отбасының ролдік құрылысымен және белгілі ережелермен байланысты психологиялық мәселелер комплекстеріне алып барады. Балалар ерте мектеп жастан өздерінің сезімдерінен және отбасында болып жатқан себептерді ойлаудан қорғаншақ болып қалады. Жасөспірімдер ата-анасының ішімдікке салынып кетуін, қайғыларын терең уайымдап қана қоймайды, сонымен қатар өзі отбасы мәселелерін шешуге алкогольдің кілтін табуға жиі тырысады.

Тату–тәтті отбасыларда ата-аналар балаларға қамқоршы болса, олардың да ата-аналарына деген ыстық ықыласы сондай болады. Өнегелі отбасы балаларды адамгершілікке, ұстамдылық пен мінез құлық ережелеріне үйретеді, тек қана өз басының қамын ойламай, басқа адамдарға ілтипатты қызмет етуге қамқоршы болып көмек көрсетуге баулиды. Адамдарды қадірлей білу, қайырымды болу қасиеті –ең абзал қасиеттің бірі. Отбасы мүшелерінің бірлігі, ерлі–зайыптылардың ынтымақтығы мен сүйіспеншілігі, бір-біріне қамқорлығы, өзара адамгершілік қарым-қатынастарын кеңейтеді[46].

Отбасылардың өздеріне тән ерекшеліктеріне қарай топтасуы:

Құрылымы бойынша(мүшелер саны, жас деңгейлері): үш әулетті отбасылар-ата-аналар,балалар,көп балалы отбасылар, толымсыз(ата-анасының біреуі болмауы), перзентсіз және тағы басқа отбасылар. Отбасы *тұрмысы және даму жағдайларына байланысты* жарасымды,қисынды кеткен жанұялар. Отбасы *тәрбие стилдеріне қарай*: әкімшіл,адамгершілікті,либералды.

*Әкімшіл (авториталды) отбасы*бала қарсылығын не күйзелісі мен селқостығын туындататын, қаталдығы шектен тыс талаптармен сипатталады. Сырттай бұл дәрекі қылықпен тұрпайы жалған сөздер, екіжүзділік көрініп тұрады. Балада қорқыныш пен қорғансыз сезімін байқатады.

*Адамгершілікті қатынас түрі*ата-аналардың бала тұлғасына сыйластық құрметі, баланың көзқарасын, ой-пікірін қабылдауымен,өзіндік дербестігімен шектемейтіндігімен еленеді. Балалардың өтінішіне құлақасады,өз шешімімен баланы тұсауламайды және баланың шығармашылық ынтасының дамуына көмектеседі. Мұндай отбасы жағдайында бала өзін жайлы сезінеді,әрдайым табысты әрекет қуанышын ата-анасымен бөліседі, олардан қорықпайды, керісінше,іші нәзік сырларын ортаға салып, проблемаларымен бөліседі және кеңестерін тыңдауға асығады.

Либералды стильдегі қатынас отбасы баланың не істесе де ісін қайтармауға, оның жауапкерсіздігі мен өзімшілдігіне бастау береді. Балалар ата-аналарының әсіресе сүйіспеншілігін қорғаныс етеді немесе оларды түгелдей елемейді. Немқұрайлылығына тап болады, баланы екіжүзділікке, менмендікке,тәртіпсіздікке,моральдық кедейлікке душар етеді.

Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Бала тәрбиесінің негізі-бұл оның отбасы. Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың педагогикалық сауатсыздығы бала тәрбиесіне тұрпайы сезімдер ұялатып, жағымсыз мінездің қалыптасуына негіз болады. Сондықтан отбасының негізі бала тәрбиесіндегі орны мен ролі ерекше.Балалар мен жасөспірімдерге қоршаған адамдардың немқұрайлығы, зейін қоймауы негізінде дамидытын әлеуметтік-педагогикалық бақылаусыздық бұл тізбектегі ерекше роль мен мағынаға ие. Нәтижесінде жалғыздық, қараусыздық, қажетсіздік, қорғансыздық, сенімсіздік сезімдері пайда болады.Үлкендерге деген қарсылық, жатырқаушылық, жек көру сезімдері, баланың пікірінің өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылуына алып келеді.Жағымды әлеуметтік тәжірибесінің жеткіліксіздігі, өмірге көзқарасының, құндылықтар жүйесінің, әдеп қалыптары мен эстетикалық талғамдарының жетілмегендігі және қалыптаспағандығы жасөспірімдердің өз белсенділігін жағымсыз, құқыққа қайшы келетін нәрсеге жұмсамауын таңдауға ықпал етеді, бұл олардың мінез-құлқынан, тұлғаның қалыптасуынан, әлеуметтік бейнесінен көрініс береді.

1.6 Жасөспірімдердің тәуелді немесе аддиктивті қылық әрекеттері

Өте күрделі және алуан түрлі болып келетін «жасөспірімдердің ауытқушылық қылық-әрекеті» категориясында *тәуелді қылық-әрекет немесе тәуелділік тобы ерекше бөлініп тұрады*. Бұл құбылыс өз кезегінде өте күрделі әлеуметтік мәселе болып табылады. Себебі ол көптеген кері нәтижелерге әкелуі

мүмкін:еңбек қабілеттінің төмендеуі, қоршаған адамдармен конфликтке түсу, қылмыс жасау және т.б. Сонымен қатар, тәуелділік девиацияның отбасыға айтарлықтай әсерін тигізетін ең кең тараған түрі.

Арнайы әдебиеттерде *тәуелді қылық-әрекет аддиктивті қылық әрекет* деп те қолданылады. Ағылшын тілінен аударғанда *addiction* – зиянды әдет, бейімділік. Бұл ұғымның тарихи түб тамырына үнілсек, онда *addictus* латын тілінен аударғанда «қарыз адам», «қарыздары үшін құл болып келеді» деген мағыналарды білдіреді. J.Altman және оның әріптестері аддикция мен тәуелділік ұғымдарын төмендегідей бөліп қарастырды. Аддикция психобелсенді заттарды(ПБЗ) қолдану шектен тыс шыққанда адам күйінің экстремалды және психопатологиялық түрлерімен сипатталады. Тәуелділік қалыпты жағдай үшін ПБЗ қажеттінуді білдіреді. Тәуелділік әдетте толеранттылықпен, болдырмау симптомдарымен және аддикциямен ассоциацияланады [29].

А.В.Худяков (2003) адам қылық-әрекетінің 4 критерийін анықтады:

1. *Әлеуметтік критерий* жасөспірімдердің барлық мәселелерінің ең басты шешу жолы ретінде ПБЗ болуымен, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік салдардың пайда болуымен және топдық қолдану жиілігінің болуымен сипатталады. 13 жаста және одан төменгі жас аралығында жиілік шегі ретінде алкогольды дозаның қайта қолданылуы болады. Ал ересек 14 пен одан жо,ары жас аралығында – бірнеше интоксикациялық дозалармен қатар ішімдікті айына бірнеше рет қолдану. Сонымен қатар кез-келген жасқа да қайта қолдану тән;
2. *Психологиялық критерийге*: қолдануға кедергі болатын мотивтердің әлсіреуі, проекция, генерализация, рационализация және жоққа шығару сияқты психологиялық қорғану түрлерінің қолдануын және бекітуін топтық, персонааралық және отбасылық конфликттердің өсуіне, адаптацияның бұзылуына әкелетін жеке тұлғалық реакциялар кең өріс алуы кіреді;
3. *Физиологиялық критерий*. ПБЗ қолданудың топтық формаларын бекіту кезіндегі құсу рефлексінің төмендеуі мен кем дегенде 2-3 рет болатын толеранттылықтың өсуі болып келеді;
4. Аддиктивті қылық-әрекеттің *клиникалық критерияларына*: алкогольды және токсико-нашақорлықтық масаю күйіндегі амнестикалық бұзылулар; патомінездемелік реакциялардың көрінуі болатын мінез акцентуациясының күшеюі, дисфорикалы-дистимиялық мінездегі көңіл-күйдің ауытқуына сай эмоционалды-қылық-әрекеттік және аффективті бұзылулар; қызығу құрамында аффективті бөліктің белсенділігінің күшеюікіреді.

А.Е.Личко және В.С.Битенскийдің (1991) айтуы бойынша жасөспірімдер үшін «аддиктивті қылық әрекет» термині адекватты болып көрінеді. Себебі ол ауруды емес, қылық-әрекеттің бұзылуларын білдіреді. Авторлар адам қылық-әрекеті дамиды 2 бағытты бөліп қарастырды: бірінші жағдайда жасөспірімдер түрлі қолданады – бензин, желім, кейінірек алкогольды сусындар. Бірақ марихуана мен дәрілер қолданбайды. Бұл ПБЗ қолдану реті өзгеруі мүмкін, қолдану эксперименті ең тиімді затты тандап алғанға дейін созылады. Кей жағдайларда теріс қолдану ерте аяқталуы да мүмкін. Екінші жағдайда – ПБЗ-

дың басқа түрлерінің болмауынан немесе оған қол жетпеуінен болатын. Аддиктивті қылық-әрекеттің ерекшелігі – ауру болып келмейді. Адам қылық-әрекеті кезіндегі дәрілік емдеу детоксикацияға бағытталады, ал психотерапевтикалық әдістер психопрофилактика мақсатында қолданылады. Авторлардың пікірінше адам қылық-әрекеті кезінде ең басты – тәрбиелік шаралар [29].

Көптеген шетелдерде және Ресейде адам қылық-әрекетін зерттеумен наркология айналысады. Наркология–тәуелділікті тудыратын заттарды қолданудан кейінгі медициналық зардаптары туралы ғылым. Соңғы жылдары бұндай заттарға деген тәуелділік химиялық деген атауға ие болды. Химиялық тәуелділік термині өз ішіне тәуелділіктің түрлі формаларын кіргізеді: - *Алкоголизм*; - *Нашақорлық*; - *Токсикомания*. Химиялық тәуелділікті түрлі субстанциялар тудыруы мүмкін: алкоголь, есірткі, дәрі-дәрмектер және т.б. токсикалық немесе улы заттар. Аталған субстанциялар психобелсенді заттар-ПБЗ атауына ие болды [29].

Соңғы жылдары аддикциялардың басқа да түрлеріне де көңіл бөліне бастады. Бұл түрлерінде ПБЗ емес, әрекет-қылықтың паттерн немесе тамақ тәуелділік затына айналды. Сонымен қазіргі уақытта аддикциялардың 3 түрін атап көрсетуге болады: 1. химиялық тәуелділік–ПБЗ-ға тәуелділік (алкоголизм, токсикомания, нашақорлық); 2. химиялық емес тәуелділіктер (гемблинг, интернет тәуелділігі, спорт тәуелділігі); 3. Тәуелділіктің аралық формалары – тамаққа аддикция. (Короленко, Дмитриева, 2000) [32].

Көптеген шетел және Ресей зерттеушілерінің көрсетуі бойынша тәуелділіктердің барлық нұсқауларының негізінде бірдей механизмдер жатыр. Р.Браун адамдардың барлық нұсқауларына әмбебап болатын 6 құрамдас бөліктерін атап көрсетті:

- Saliense (ерекшелік, «аса құндылық»);
- Euphoria (эйфория);
- Tolerance (толеранттылықтың өсуі);
- Withdrawal symptoms (болдырмау симптомдары);
- Conflict (өз өзімен және қоршаған ортамен конфликт);
- Relapse (рецидив).

Аддиктивті қылық-әрекетке «қашу» түрінде шындықтан кету тән, іс-әрекеттің басқа түрлерін жоққа шығарып, тек бір бағытты таңдау. Н.Пезешкиан шындықтан «қашудың» 4 түрін анықтады: «денеге қашу», «жұмысқа қашу», «қарым-қатынасқа немесе жалғыздыққа қашу», «қиялға қашу» [12]. Х.Милкман және С.Сандервирт (Milkman, Sunderwirth, 1987) ПБЗ мен қылық-әрекеттің көптеген түрлері ұқсас аддиктивті эффект тудыруы мүмкіндігін түсіндіру үшін теориялық нейробиологиялық модельді ұсынды. Олардың пікірінше өзінің белгілі бір арманың қанағаттандыруға тырысатын адамдар 3 негізгі реакцияны көрсетуі мүмкін:

- Қозу;
- Құмарлықтың күшеюі;
- Құмарлықтың мастығы (*пресыщение*) немесе объектімен сіңісу.

Қозу медиаторларда *допамин және норадреналиннің* көбеюімен шарттас, мастық *гамма-аминомайлы қышқылының*, құмарлықтың күшеюі-*серотониннің* мөлшерімен байланысты. Көңіл-күйдің жиі ауысуымен байланысты қылық-әрекет түрлері орталық жүйке жүйесінде ПБЗ сияқты реакциялар тудыруы мүмкін. Бірақ көптеген жағдайларда қылық әрекет түрлері және ПБЗ өзара әрекеттесуде болады. Мысалы қозуды стимуляторлар (кокаин, амфеталин), гемблинг және қауіпті қылық-әрекет арқылы тудыруға болады. Бұның бәрі бас миға норадреналиннің немесе/және допаминнің лақтырылуына әкеледі. Алкоголь немесе бензодиазепин, тамақты қалыпты нормадан көп қолдану немесе телевизиялық бағдарламаларды көру, қажуды шешуге, босаңсуға көмектеседі. Басқаша айтқанда, егер адам аддикт болса, онда аддикция әрекеттер, қылық-әрекет түрлерінің жиі болып келеді. Бұл әрекеттерге химиялық заттарды қолдану немесе нейробиологиялық өзгертулерді туғызатын әрекеттерді жасау [32.24].

Аддикцияның қалыптасу кезеңдері. Аддиктивті процестің қалыптасуының басы эмоционалды деңгейде өтеді. *Бастапқы* нүктесі: көтеріңкі көңіл-күй, қуаныш сезімі, экстаз, драматизм сезімі сияқты психологиялық күйлердің белсенді ауысуын бастан өткізу және бұл байланысты санада бекіту. Бұндай эмоцияларды бастан өткізген адам өзінің психологиялық күйін жылдам әрі жеңіл өзгертудің түрлі қолжетерлік әдістері бар екендігіне көзі жетеді.

Аддикцияның екінші кезеңі аддикцияның түрлі әдістерін белгілі бір ретпен қолданумен сипатталады. Ол көптеген факторларға байланысты: аддикцияның пайда болуына дейін жеке тұлғаның ерекшеліктері, алғышарт ұстанымдары, тәрбиелеудің ерекшеліктері, мәдени деңгей, қоршаған әлеуметтік ортасы, өмірдегі маңызды жағдайлар, үйреншікті стереотиптердің өзгеруі және т.б. Өмірдің қиын жағдайлары мен аддикция жиілігінің корреляциясы байқалады. Араларындағы шек неғұрлым төмен болса, жиілік реті соғұрлым жоғары болады. Аддикцияның өрістеуіне рухани тұрақсыздықты, үрейді, психологиялық дискомфортты тудыратын кез-келген жағдайлар себеп болады.

Үшінші кезеңде аддикция жиілігі үйреншікті, стереотипті болып келеді. Бұл аддиктивті адамдардың саналы тұрғыдан түсіндіруге және сынауға жауапсыз болуына әкеледі. Яғни адамның қалыпты-логикалық ойлауы эмоционалды қалыпқа бағынышты болады және санадан шындықты ығыстыруға, өзіне деген сыни көзқарасты жоққа шығаруға бағытталған. Өзінің психологиялық күйін жасанды өзгерту мотивациясының интенсивтілігі соншама, адам жақын туыс-жолдастарының мәселелеріне қатынасын, қызығушылығын мүлдем жоғалтады.

Төртінші кезеңде аддикцияның толықтай доминанттылығы жүзеге асады. Аддиктивті процеске толықтай сүңгу, толықтай ығыстырылу және қоғамнан бөлектену аяқталады. Аддиктивті адам өзінің ішкі жан дүниесін бос қалдырады, тек сыртқы қабат ғана сақталады. Аддиктивті процестер бұрыңғыдай қанағаттандырушылық сезімін бермейді. Басқа адамдармен қарым-қатынас әлеуметтік деңгейде, психологиялық деңгейде жүзеге аспайды. Тіпті адамдармен манипуляциялауға қабілеттілік жоғалады, оларды қоршаған адамдар «біткен», «жақсылыққа қабілетті емес» адамдар ретінде қабылдайды.

Бесінші кезең. Катастрофалық сипатқа ие. Аддиктивті адамның психикасы да, биологиялық процестері де бұзылады. Есірткіге тәуелділігі бар адамдарда бұл кезеңде үлкен зардаптар болады: интоксикация ғаза мүмкіндіктерін және процестерін толықтай уландырады, өмірлік ресурстардың дерлік барлығын тарылтады. Фармокологиялық емес аддикциялар да адамның үнемі стресс жағдайында болуына байланысты физиологиялық жүйелерін бұзады. Бұл өз кезегінде жүйке жүйесінің және жүрек-қан тамырларының ауруларына әкеледі [18].

Зерттеуші ғалымдардың ғылыми деректеріне сүйене отырып, аддиктивті қылық-әрекеттің компоненттері мен олардың күрделене түсуінің формаларын былайша топтастырдық:

Аса құндылық. Өмірдің басқа аспектілеріне қарағанда аддикцияның доминантты болуын білдіреді. Бұл қылық-әрекет – ең басты, өте маңызды. Отбасыдан, балалардан, ата-аналардан, жолдастардан да маңызды. Бұл жағдайда «аса құндылықты» термині клиникалық тұрғыдан түсіндірілмейді. Себебі бұл жағдайда ол «ауру» болады, ал адамның психикасы бұзылған болады. Аддикция – мәселелі жағдаят түрінде қарастырады. Бұл жағдайды медициналық әдістерді қолданбай-ақ өзгертуге болады.

Іс-әрекетке деген ішкі басқарылмайтын ниет. Яғни ауыртпалылық, құлшыныс. Бұл адамның өз басқару әрекеттерінің сәтсіз екендігін білдіреді. Көптеген жағдайда адам өз-өзін алдайды. Әрекеттің зиянды екендігі туралы ойлар психотравмалық болып келгендіктен ығыстырылады, санаға берілмейді. Әдетте бұл рационализациямен қолпашталынады, яғни адам өзінің қылық-әрекеттерін квазиологиялық түсініктемелер арқылы түсіндіреді: «Мен ешкімге зичн келтірмеймін», «Көптеген адамдар сондай», «Неге мен өз-өзіме қысым көрсетуім керек?» және т.б.

Алдын-ала болжанатын кері эффект. Әдетте адам бұл әрекеттің зиянды екендігін түсінеді. Бірақ кейбір жағдайларда шындықты ығыстыру соншама күшті болғандықтан, адам кері нәтижелер туралы ойланбайды. Немесе ұмытып кетеді. Бұндай адамның психикасы уайымдаулардан қорғану мақсатында адамға өзін-өзі құртуға жол береді.

Көңіл-күйдің өзгеруі. Кейде «көңіл-күйдің модификациясы» деп аталады. Адам аддиктивті қылық-әрекетпен айналысудан ляззат алады. Кейбіреулерде бұл эйфория деңгейінде болады, кейбіреулер – босаңсиды. Яғни кез-келген жағдайда эмоционалды реакция – жағымды. Бұндай адамдарда мотивацияның өзгеруі, уақытты қабылдай алмау байқалады. Саналарында құрылымдық бейнелер пайда болады.

«Өзінді сынау» бөгетінің төмендеуі. Аддиктивті адам өзін-өзі кешіреді және ақтайды.

Толеранттылықтың өсуі. Адам уақыт өте аддиктивті қылық-әрекетке бар уақытын және күшін жұмсайды. Әрекеттердің күшеюі кері нәтижелермен ұштасады.

Абстиненция (тартып алу синдромы). Аддиктивті қылық-әрекетті қою, тастау деген ойлардың өзі аддиктивті адамды дискомфортқа, стресске әкеп соқтырады. Адам бұл әрекеттерсіз өзін жаман сезінеді.

Рецидив. Аддиктивті адам кері нәтижелердің болуына, алуан түрлі болуына, күрделенуіне қарамастан қайта-қайта бұл әрекеттерге айналып келеді [37].

Аддиктивті адамдардың тағы да спецификалық ерекшеліктері: эгоцентризм және өтірік айту. Бұл жағдайда олар алдаудың үш деңгейін қолданады:

- өз-өздерін шынайы сезімдерді және қажеттіліктерді сезінбеу үшін алдайды;
- отбасы мүшелерін және жолдастарын алдайды, конфликтке түседі;
- жалған әсер қалдыру үшін бүкіл әлемді алдайды.

Жеке тұлға бойындағы аддикцияның пайда болуы мен күрделене түсуінің формалары:

1. Мінездің тұрақты психологиялық қасиеті ретінде аддикцияға деген алдын-ала дайындық (үнемі ғашық болумен, сүйеге үнемі ұмтылуымен, махаббат объектісін зерттеумен сипатталады).
2. Анық байқалатын гедоникалық бастау (ләззат алу арманы).
3. Аддикцияның объективті нейтральды затына аса құндылықты әуесқой қатынас.
4. Аддикциялы объектінің болуы.
5. Аддикция объектісімен өзара әрекеттесу кезінде жағымды эмоциялардың, ыңғайлықтың және қанағаттанушылық сезімінің болуы.
6. Индивидтің ішкі психофизиологиялық күйі мен аддиктивті объектісін қолдану арасындағы байланыстарды бекіту және үнемі қадағалау.
7. Аддикция мөлшерінің және оған жұмсалатын уақыттың өте келе көбеюі, суррогатпен толықтай психологиялық байланысу.
8. Іс-әрекет мотивтерінің нақты мақсаттардан аддиктивті-манипулятивті құралдарға ауысуы.
9. Нақты сыртқы объектімен жүзеге асатын аддиктивті байланыстан ләззат алу.
10. Аддикциялы объектілер шеңберінің өсуі.
11. Аддиктивті емес басқа қылық-әрекетті, басқа сыртқы стимулдарды, бүкіл әлемді жоғалту, оларды жоққа шығару. Таңдау еркіндігінің төмендеуі, стимулдарды таңдау тенденциясының өсуі.
12. Өзінің ішкі өзгертілген психологиялық күйіне тәуелді болу. Қанағаттандыру сезімін тудыратын объект өз маңыздылығын жоғалтып, тек бастапқы механизм рөлін атқарады.
13. Біртіндеп ішкі аяқ астынан болатын белсенділіктің сыртқы стимуляциямен ауысуы. Яғни, стимул – реакция. Бұнда екі қарама-қарсы бағытталған процесс болады: бір жағынан ішкі белсенділікті біртіндеп басып тастау; екінші жағынан, қоршаған орта индивид үшін белгілік-ақпараттық мағынасын жоғалтады, диапазоны азаяды.
14. Біртіндеп объектке ауысу жеке тұлға мен қоршаған орта арасындағы, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттері арасындағы шектеулер, шекаралар жоғалады. Адамның тұлғалық тозуы жүзеге асады [17].

Аддиктивті мінез-құлықтың түрлері және олардың психопрофилактикасы.

Тәуелділіктердің нақты классификациясы жоқ. Психологтардың пікірінше тәуелділіктердің 1,5 мыңға жуық түрлері бар. Психиатр, психолог В.Кукк оларды төмендегідей топтарға бөліп жіктеді:

1 топ. Дұрыс тамақтанбау:

- Ашығу – анорексия;
- Артық жеу – булимия;
- Тамақты мүлдем талғамау;
- Үнемі тамақ жеу.

2 топ. Тәуелді әрекеттер (жаттығулар):

- Киномандар, жұмысқа тәуелді адамдар;
- Поп-рок-рэп мәдениетінің фанаттары және т.б.

3 топ. Ақпараттық тәуелділіктер:

- Үнемі оқуға құштарлық, оқуда таңдаудың болмауы;
- Радиомандар – радионы үнемі тыңдауға, радиоға үнемі хабарласуға, радиосауалнамаға үнемі қатысуға құштарлық;
- Телемандар – телехикаяларды үнемі көруге, телеойындарға үнемі қатысуға құштарлық, ток-шоу фанаттары, теледидардың үнемі қосылып тұруы;
- Заппинг – телеканалдарды үнемі қайта қосу;
- Телефонмандар – ұялы телефондарға тәуелділік, телефонмен үнемі сөйлесу, біреуге үнемі хабарласып тұру;
- СМС-омандар;
- Компьютерлік тәуелділіктер, интернет тәуелділіктер, интернет-эротомандар, чат-тәуелділіктер, т.б.

4 топ. Либидомандар:

- Мастурбация;
- Порносерфинг;
- Педофилия, герантофилия;
- Садомазахизм, некрофилия;
- Нимфомания;
- Саливафилия;
- Қарама-қарсы жыныстағы адамдарға таңқаларлық сыйлықтар жасау;
- Сұлу емес адамдарға тәуелділік;
- Дене каллиграфиясы;
- Сексуалды сезіммен байланысты жерлерді ұстау, қасу.

5 топ. Өзін-өзі кемсіту сезіміне тәуелділік:

- Өзін құрбан болып есептеу;
- Өзін бақытсыз етіп есептеу;
- Біреуге немесе бір нәрсеге үнемі реніг сезімімен жүру;
- Пластикалық операцияларды қайта жасауға тәуелділік;
- Өзінің дене келбетімен үнемі қанағаттанбайтын адамдар.

6 топ. Қылық-әрекеттік тәуелділіктер:

- Адамдардан бөліктену;
- Квирулянттар – түрлі арыздар жазуға құмар адамдар;
- Үнемі кешігу, асығыста болу, үнемі кейінгіге қалдыру, біреуді үнемі аялау, педанттылық, тазалыққа құмар болу;
- Үнемі ұйықтауға құштарлық.

7 топ. Жағымсыз әдеттерге тәуелділік:

- Трихотилимания – шаш жұлу;
- Ретинолексомания – мұрынды шұқу;

- Қасынуға, тырнақ жеуге құштарлық.

8 топ. Ақшаға, құнды заттарға тәуелді қатынас:

- Ақшаны үнемі жинау;

- Аямшақтық;

- Ониомания;

- Ақшаны үнемі санау;

9 топ. Криминалды тәуелділіктер (тікелей заңды бұзумен байланысты):

- Рұқсатсыз ақшаны, заттарды алу;

- Жалған ақпарат айту;

- Клептомания – патологиялық ұрлық;

- Пиромания – патологиялық өртеу.

10 топ. Шындықты бұрмалап қабылдау, айту тәуелділігі:

- Патологиялық өтірік айту;

- Үнемі қиялдану;

- Үнемі армандау;

- Құлық.

11 топ. Өзінің денсаулығына қатысты тәуелділік:

✓ Үнемі соғылу, аяқ-қолды сындыру;

✓ Өз денсаулығына шамадан тыс қарау;

✓ Өз денсаулығына мүлдем қарамау;

✓ Ипохондрияға бағыттылық;

✓ Үнемі шаршау, әлсіз болу;

✓ Екіқабат болуға, баланы үнемі емізуге құштарлық.

12 топ. Аденолиномания:

✓ үлкен жылдамдықпен жүру;

✓ саяхат жасауға құштарлық;

✓ альпинизмге құштарлық;

✓ спорттың экстремалды түрлерімен айналысу;

✓ су түбіне жүзу;

✓ қауіпті әрекеттерді жасауға құштарлық;

✓ жерде, суда, аспанда қауіпті әрекеттер жасауға құштарлық.

13 топ.

✓ түрлі тотализаторларда, құрылғыларда ойнау, бәстесу;

✓ компьютерлік, видеоойындар, электронды ойындар ойнау;

✓ электронды ойындарға тәуелділік – тамагочи;

✓ құмартатын ойындар, карта ойнау, казиноға бару, лотерея ойнау.

14 топ. Тәуелді қарым-қатынастар:

✓ Қарапайым қарым-қатынастар, біреудің пікіріне тәуелділік, қызғаншақтық;

✓ Логоневроздар – тұтығу;

✓ Адамдарды басқаруға ұмтылыс, билікке ұмтылыс;

✓ Жоғарыдағы адамдарға тәуелділік – мұғалімдер, тәрбиешілер, басқарушы адамдар;

✓ Екі аддикт адам арасындағы қарым-қатынас, аддикт адам мен сау адам арасындағы қарым-қатынас, жанұядағы аддикт адаммен қарым-қатынас.

15 топ. Интеллектуалды тәуелділіктер:

- ✓ Математикадан, физикадан химиядан есептерді шығаруға ұмтылыс;
- ✓ Сөзжұмбақ шешуге, интеллектуалды ойындар ойнауға ұмтылыс;

16 топ. Табиғатқа тәуелділік:

- ✓ Аң аулау;
- ✓ Саятшылық;
- ✓ Бақшада жұмыс істеу.

17 топ. Қызығушылықтарға, хоббиге тәуелділік:

- ✓ үй жануарларын, экзотикалық жануарларды асырау;
- ✓ фотосуреттермен айналысу;
- ✓ шығармашылықтың көптеген түрлері.

18 топ. Рухани әрекеттерге тәуелділік:

- ✓ медитация, психожаттығулар, транстық күйлер, сиыну;
- ✓ магия, мистика.

19 топ. Дене әрекеттеріне тәуелділік:

- ✓ нудисттер;
- ✓ монша, массаж;
- ✓ шынығу.

20 топ. Қорқыныштарға тәуелділік.

21 топ. «Кілтті сөздерге» немесе «кілтті бейнелерге» тәуелділік [47].

Есірткіге тәуелділік. Девиантты қылық-әрекеттің бір түрі есіртке аддикциясы біздің қоғамымыздың әлеуметтік және психологиялық мәселелер қатарына кіреді. Сондықтан да бұл тәуелділіктің қалыптасу белгілерін нақтылау өте маңызды. Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстанда 53 577 адам есірткі пайдаланушы ретінде тіркелген. Бұл тек ресми тіркелгендері ғана. Ал БҰҰ сарапшыларының дерегі бойынша елімізде 500 мыңға жуық есірткі пайдаланушылар бар көрінеді. Оның 400 мыңға жуығын жастар мен жасөспірімдер құрап отыр. Және бір үрейлі дерек елімізде нашақорлыққа салынушылар жасының күн санап жасарып бара жатқандығы. Мәселен статистикалық мәлімет бойынша жоғарыдағы көрсетілген есірткі пайдаланушылардың 19 пайызы есірткіні 7 жасынан бастап тұтынып көрген. Елімізде осы жылдың өзінде есірткі пайдаланушы ретінде тіркелгендер саны 1 тамызға дейінгі ақпарға сүйенсек 6 616 адамға жетіп отыр. Оның 343-і осы дерттің кесірінен бұл дүниемен қоштасып үлгерген [42].

«Интернет тәуелділік» ұғымы 1990 жылы пайда болды. Мамандар оны техникалық құралдардың негізінде тәуелділіктің бұл түрін спецификалық-эмоционалды «наркоманияға» жатқызады. Аддиктивті әрекет-қылықтың белгілі бір түрі бола отырып, интернет тәуелділік өз эмоционалды-психикалық көңіл-күйін трансформациялау әдісі арқылы күнделікті өмірден кетуге деген бағыттылықпен сипатталады. Бұл сәтте адам тек өз жұмыстарын артқа қарай итермей, сондай-ақ оның психикасының жұмысы бәсеңдейді, кейде тіпті индивидуалды жеке тұлғалық дамуы тоқтатылады. Сөйтіп, адамдар өз өмірінің түрлі проблемаларын шешуден құтылғандай болады.

Ресей психологтарының мәліметтері бойынша компьютерлік ойын ойнайтын адамдардың 10-14% оған тәуелді болады екен. Бұл тәуелділік кез-келген шақта

пайда болуы мүмкін, алайда жеткіншектер оған әлде қайда бейімдірек болып табылады.

Бала виртуалды реалдылыққа қай себептермен енеді? Себептердің бірі көңіл көтеруге деген құмарлық, оның балалар түрлі компьютерлік ойындардан ала алады. Басқа себеп баланың қараусыз қалуы, яғни ата-ананың бос еместігі соншалықты, тіпті өз баласына да уақыты жетпейді. Мұндай ата-аналар баланың сезімдері, күйзелістері, мектептегі жоғары нәтижелерімен қызықпайды, өз баласының не қалап, қандай өмір сүріп жүргендігі жайлы білмейді. Олар жай ғана балаға компьютер сатып алады, бұл арқылы олар ата-аналық парыздан құтылғандай сезінеді. Бала болса, толық еркіндікте, өзімен-өзі. Келесі себеп ата-ана немесе оның орнындағы адамдар арасындағы үнемі ұрыс-керістер. Мұндай жанұяларда эмоционалды-психологиялық күйзеліс орын алған. Виртуалды реалдылыққа қашудың тағы бір себебі кластас немесе құрдастары жағынан көрсетілетін физикалық, эмоционалды-психологиялық зорлық көрсетулер. Ата-ананың айырылысуы да бұған себеп бола алады. Ата-анамен, құрдастарымен, кластастарымен немесе өзі үшін маңызды адамдармен қарым-қатынастың жетіспеуінен де Интернет тәуелділік пайда болады. Баланың өзін-өзі бағалау деңгейінің төмен не жоғары болуы виртуалды реалдылыққа жүгінудің себебі болуы мүмкін [30].

Егер де баланы өз жанұясы, жекелей айтқанда ата-ананың оған қатынасы немесе өмір сүру ерекшелігі қанағаттандырмаса (мысалы, ата-анасы ішімдікті көп қабылдайды), мұндай жағдайларда балада өз жанұясынан бөтен болып кету сезімі пайда болады, оның нәтижесінде виртуалды әлем баланы толық өзіне сіңіріп алады. Егер де жанұяда ата-ана балаға қатыгездікпен қараса, бала бұл зорлықты көрмеу мақсатында виртуалды әлемге кіріп кетеді. Бұл жаңа реалдылықта оны ешкім ренжітпейді, ол әрқашанда өзін-өзі қорғай алады. Мұнда ол күшті әрі жеңімпаз болады. Оның «өмірлерінің» саны ештеңемен шектелмеген, ал егерде дұрыс болмай кеткеннің өзінде –ақ ол кез-келген сәтте ойынды басынан бастай алады.

Жоғарыда көрсетілген себептердің барлығы баланың күнделікті өмір проблемаларынан, танылмаған әрі қызықтыратын реалдылыққа әкеледі. Көбіне балалар виртуалды әлемге ену кезінде оған төтеп бере алмайды. Жеткіншектер мен балаларда қорғанудың психологиялық механизмдері болмайды, яғни олардың психикалық жүйесі күйзеліске ұшырайды, ол паникалық қорқыныш, үрей, ауыр қозулар, түнгі шошулар, жабысқақ күйлер приступтарының пайда болуында көрінеді. Үнемі компьютер алдында отырудан балаларда тамақтану тәртібі бұзылады, олар уақытты сезбей, тәуліктен ұйықтамай жүре алады.

Күн және түн тәртібі толығымен трансформацияланады – жақындар және ата-аналар түсініксіз дене қозғалыстарымен айғай, ойыннан кейінгі тынымсыз ұйқыны байқайды. Бұл жағдайда виртуалды реалдылықты басқаруды жоғалтады, енді ол баланы билейді. Ойын тәуелділігі осыған негізделеді: компьютер адамды басқара бастайды. Кішкентай адамның басқа адамдармен қарым-қатынас дағдылары, эмоционалды сферасы ең алдымен ата-ана және құрдастарымен қарым-қатынас, ертегі оқу, қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынас жасау барысында қалыптасады. Виртуалды реалдылық қоршаған орта

туралы шынайы түсінік бермейтіні жайлы әркім де біледі. Бұл баланы компьютерге «тәрбиелеуге» бергенде болатын құбылыс [38].

Егер де бала компьютер алдында күні бойғы уақытын өткізсе, бұған кім кінәлі деген сұрақ туындайды. Жауап айқын болып көрінетін сияқты – әрине ата–ана. Олар балаға көңіл аудармайды, соның нәтижесі. Өкінішке орай ата–аналар кінәсіз кінәлі болып қабылданады.

Интернет тәуелділікке бейім адамдар интернетке адекватты қарайтын адамдардан ерекшеленетіні анық нәрсе. Интернет тәуелділік белгілерінің пайда болуымен қатар әртүрлі зерттеулер жүргізіле бастады. Олар Интернет тәуелділігі қалай пайда болады, неде көрінеді, оны қалай емдеуге болады деген сұрақтарға жауап беруі тиіс болды. Зерттеуді шетел психологтары М.Шоттон, Ш.Тэкл және К.Янг жүргізді. Бұл белгілердің сипаты:

- Ата–ана интернеттегі ойыннан біразға көңіл бөлуді сұрау кезінде, бала оны істеуге айқын қарсылығын білдіреді.
- Баланы компьютерден алып тастаудың өзінде де ол өте қозулы күйде болады.
- Компьютердегі программаларды жаңарту және жаңа ойындар сатып алу үшін бала көп қаражат жұмсайды.
- Жеткіншек үй жұмысы, міндеттері, сабақ жайлы ұмытады.
- Қоректену және ұйқы графигі толық бұзылады, бала өз денсаулығын сақтамайды.
- Өзін үнемі сергектік күйде сақтау мақсатында кофе және басқа психостимуляторларды көп пайдаланады.
- Компьютер алдында көп қоректенеді.
- Компьютер алдында ойнау немесе жұмыс істеу барысында бала эмоционалды көтеріліс сезеді.
- Қоршаған адамдармен үнемі интернеттік тақырыптарда түрлі әңгімелесу басталады.
- Компьютер алдында эйфория сезімін сезеді.
- Өзінің компьютерлік фантастика әлемәне келісі ерудің ұсақ–түйегіне дейін ойластырады және оған жағдай жасайды. Ал бұл көңіл–көтерілуіне, жағдай тудырады, барлық ойларын билейді, ол жайында армандайды [44].

Біраз уақыттан кейін дамып келе жатқан ағзада асқорыту жүйесінің қызмет етуінде бұзылулар: омыртқа, жауырын, қолдарында аурулық сезімдер пайда болады, ал көз алмаларының үнемі қозу жағдайында болуы көз ауруларының пайда болуына жағдай туғызады. Егерде бала төмендегідей әрекеттерге ата–ана мен жақындарының көңіл аударғандары жөн:

- Компьютерден алыстамай тамағын ішіп жеп, сабағын оқыса.
- Компьютердің алдында түн бойы уақытын өткізсе.
- Компьютер алдында отыру үшін мектептен қала бастаса.
- Пәтерге кіре салысымен компьютерге бағытталса.
- Тамақ ішу, тіс тазалау, шашты тарау, киім ауыстыруды ұмытатын болса (бұдан бұрын ол байқалмаған болатын).
- Компьютер сынып қалған жағдайда қозулы, агрессивті күйде болуы, немен айналысарын білмесе.

- Компьютер алдына отыруға тыйым салынса, әртүрлі әрекетер жасап қорқытса [47].

Интернет–тәуелділігінің қалыптасуы бір сәтте емес, ол біртіндеп жүреді.

Берілген тәуелділіктің қалыптасуының кезеңдерін былайша жіктеуге болады:

- жеңіл қызығушылық кезеңі,
- қызығушылық кезеңі,
- тәуелділік кезеңі,
- құштарлық кезеңі.

Қарым-қатынастар аддикциясы. Қарым-қатынас аддикциясының 3 түрі бар: *махабаттық, сексуалды және қашу аддикциясы.* Үшеуінің де пайда болуының алғышарттары ортақ: өзіндік бағалаумен байланысты қиындықтар, өзін сүйеге қабілетсіздік, басқалар мен өзі арасындағы функционалды шектеулерді қою кезіндегі қиындықтар. Бұндай адамдарда өзіндік «менінің» шекараларын қалыптастыра алмағандықтан қоршаған ортаны шынайы түрде бағалау қабілеттері болмайды. Бұндай адамдарда бақылау басқарумен байланысты мәселелер болады – олар өздерін басқаруға рұқсат етеді немесе басқаларды басқаруға тырысады. Қылық-әрекеттеріне және эмоцияларына шамадан тыс қарау, көмектесу, бағалау тән. Сонымен қатар өз-өзіне сенімсіздік, үрейлік, әрекеттердің импульсивтілігі, руханилықпен байланысты қиындықтар, интимді сезімдерді көрсетудегі қиындықтар болады.

Махаббат аддикциясы – басқа адамға бағыттаумен байланысты қарым-қатынастар аддикциясы. Бұндай қарым-қатынастар, әдетте, екі аддикт адамдар арасында пайда болады. Интимді қарым-қатынастардың аддиктивті сипатқа ие бола алуы туралы ХХғ. ортасында айтыла бастады. Т.Тимректің айтуы бойынша «махаббат аддикциясы» термині қанағаттанарлық деңгейде болған қарым-қатынастарды қайтаруға талпыну. Бұл кезде аддиктивті адамда өзін-өзі жоғалту, ауытқу сезімі, сенімсіздік, қалыптасқан ашуланшақтық, сәтсіздік сезімі, жоғалту сезімі және т.б. кері эмоциялар сияқты дисфункционалды эмоционалды күйлер және өзін-өзі жоюға бағытталған қылық-әрекет модельдері пайда болады.

Махаббат аддикциялардың белгілері:

- Аддикция бағытталған адамға аса көп уақыт пен көңіл бөлінеді. «Жақсы көретін адам» туралы ой санада доминантты, аса құнды болады. Бұл процесс өте жоғары әрі күшті сипатта болады және одан арылу қиынға түседі.
- Аддикт адам белгілі бір адамға қатысты шынайы емес күтулер, уайымдар шеңберінде болады, өзінің күйіне сыни көзбен қарай алмайды.
- Аддикт өзі туралы ұмытады, өз-өзін қарамайды, өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылмайды. Жақын туыстар мен жолдастарға өз зардабын тигізеді. Аддикт адамда қозу сезіміне негізделген күрделі эмоциялық мәселелер болады. Адам бұл мәселелерді басып тастауға, ығыстыруға талпынады. Қорқу сезімі, әдетте, бейсаналы деңгейде болады. Ал саналы деңгейде болатын қорқу сезімі – жалғыз қалу қорқынышы және өзінің қылық-әрекетінен, қорқыныштан қашады (бірақ бейсаналы деңгейде интимді қарым-қатынастан қорқыныш болады). Сондықтан да аддикт адам «қалыпты» қарым-қатынасқа жауапты бола алмайды. Ол «шынайы өзі» болудан қашады және бейсаналы деңгейде ол

«қалыпты» қарым-қатынас құра алмайтын сүйікті адамды таңдайды. Аддиктивтілік адамның балалық шағында сәтсіздікке ұшырауына немесе ата-аналарына деген интимділіктің болуынан психологиялық жарақат алуымен байланысты бола алады [29].

Қашу аддикциясының белгілері:

- Сүйікті адаммен белсенді дамиды қарым-қатынастан қашу. Аддикт адам өз уақытын жұмыста, басқа жолдастармен өткізеді. Ол жақын қарым-қатынастарды «сөніп» бара жатқан тұрғыдан көрсетуге тырысады. Яғни қарым-қатынастардың амбиваленттілігі байқалады – адам үшін қарым-қатынастар маңызды болып келеді, бірақ олардан қашады, өз-өзін ашпайды.
- Интимді жақындасудан психологиялық қашықтық әдістерін қолдану арқылы қашады. Адамда саналы деңгейде интимділіктен қорқыныш сезімі болады. Оның ойынша интимді қарым-қатынасқа түскеннен кейін, өзінің бостандығын жоғалтып алады. Бейсаналы деңгейде- жалғыз қалу қорқынышынан адам қарым-қатынастарды белгілі бір қашықтықтасақтап қалуға тырысады [52].

Махаббат аддикциясы бірнеше кезеңдерден тұрады:

- Белсенді эмоционалды уайымдар жағымды сипатта болатын кезең. Аддикт адамдардың танысу кезеңі: ғашық адамына әсер қалдыруға тырысады.
- Қиялданудың дамуы: армандар мен қиялданудың нағыз объектпен байланыстылығы негізінде жүзеге асады және қуаныш, ляззат, қанағаттану сезімдерімен сипатталады. Ғашық адам аса көп талаптарды қояды, ал ғашығы бұл қарым-қатынастардан қашады.
- Қарым-қатынастардың идеалды емес екендігін түсіну кезеңі. Белгілі бір кезеңде аддикт адам жалғыз қалатындығы туралы түсінеді. Бұдан депрессия, дистимия сияқты құбылыстар пайда болады. Қайта қалпына келтіру мақсатында өткенді қайта талдау жүзеге асады. Қарым-қатынас дағдарысқа ұшырайды, құриды. Бірақ басқа адаммен қайта қалпына келуі мүмкін.

Аддикт адамдардың қарым-қатынастарында интимділікті жоққа шығаратын, жеке өмір сүру құқығын мойындау мүмкін еместігін жүзеге асыратын шектеулер болмайды. Тәуелді адамдардың бір-бірін кінәләуға, мысқылдауға, тым асырап айтуға және кемсітуге итермелейді. Ғашық адам мен қашқалақтайтын аддикт адам бір-бірін тартады, бір-біріне ұмтылады. Себебі бір-бірінде ортақ «таныс» психологиялық қасиеттерді көреді. Бұл қасиеттер сүйкімсіз, эмоционалды ауруды еске түсіретіндей болса да, олар үйреншікті болады және балалық шақпен байланысты жағдайларды еске түсіреді. Яғни таныс құбылыстарға ұмтылыс пайда болады. Аддикт адамдар әдетте аддикт емес адамдарға қарамайды. Олар аддикт адамдар үшін қызықсыз, көңілсіз болып көрінеді және олармен қалай қарым-қатынасқа түсу керектігін білмейді.

Ғашық аддикт адамның «қашқалақтайтын» аддиктивті адамға деген қызығушылықты тудыратын факторлар:

- «таныс» болудан тартымдылық;
- «балалықтың жарасы» жаңа деңгейде емделіп қалуы мүмкін деген сенімге толы жағдайдың тартымдылығы;
- балалық шақта пайда болған қиялдарды жүзеге асыру мүмкіндігінің тартымдылығы [55].

Сексуалды аддикциялар жасырын аддикциялар тобына жатқызылады. Бұл тақырыпқа қатысты пікірталасқа әлеуметтік қарама-қарсылық қойылғанымен байланысты. Неғұрлым терең жасырылса, аддикцияларды анықтау соғұрлым қиынға түседі. Сондықтан да сексуалды аддикциялар «трансмәдени» тұрғыда қарастырылуы керек. Ц.П.Короленко және Н.В.Дмитриева сексуалды аддикцияларды жастық шақта жалпы аддиктивті процесс негізінде қалыптасатын «ерте» және аддиктивті қылық-әрекеттің бір формасының орнына жаңа қылық-әрекеттің келіп ауысуымен байланысты «кейінгі» сексуалды аддикциялар деп екі топқа бөліп қарастырды.

Сексуалды аддикциялардың белгілері:

- өзінің сексуалды қылық-әрекетін басқаруды жиі бақылаудан шығару;
- кері нәтижелерге қарамастан бұндай сексуалды қылық-әрекеттің үнемі болып тұруы [57].

А.Гудман ұсынған сексуалды аддикцияның теориялық моделіне кіретін үш бөлшек:

- аффективті реттеудің бұзылуы;
- сексуалды қылық-әрекетті «реттеуші» басқарудың бұзылуы;
- белсендіруші мотивациялық жүйе қызмет етуінің бұзылуы [41].

Сексуалды аддикциялардың генезисінде балалық шақтағы ерте сексуалды жаракат маңызды орынға ие. Бұндай жағдайда кемтарлық комплексі, шектеулік, қоршаған адамдарға сенбеушілік, оларға деген тәуелділік, сырттан қауіп төну сезімі және жыныстық қарым-қатынасқа деген тым асыра құнды қатынас. Сенімдер мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру үлкен маңызға ие. Бұл жүйеге сәйкес аддикт адам алғашқыдан бастап өзін жаман адам ретінде қарайды. Ол адамдардың өзіне деген жақсы қарым-қатынастары болуы мүмкін емес деп санайды. Бұндай адамда жыныстық қарым-қатынас өзінің тәуелсіздігін көрсете алатын жалғыз сенімді бағыт. Секс немесе жыныстық қарым-қатынас аддикт адамның оқшаулануын жүзеге асыратын жалғыз құрал.

Зерттеу жұмыстары бойынша сексуалды аддикт адамдарда бақылау топқа қарағанда үрей, депрессия, обсессивті-компульсивті көріністердің деңгейі және интерперсоналды сенситивтілік деңгейі жоғары болады. Сонымен қатар ПБЗ-ды (психотропты белсенді заттарды) шамадан тыс қолдану, үрейлі және аффективті сияқты басқа психикалық бұзылулармен бірге тым жоғары коморбидтілік кездеседі. Л.К.Шайдукова өз зерттеулерінде әйел адамдарда алкоголизм мен сексуалды аддикцияның қиылысуы, алкоголизмнің және промискуитеттің мотивінен жаңа сезімдерді іздеу жиі болатыны туралы сипаттаған.

Сексуалды аддикциялар нашақорлықтың көптеген түрлерімен қатар болуы мүмкін. А.Уоштон бойынша амбулаторлық емделуде болған кокаиндық нашақорлардың 70%-ы сексуалды аддикт адамдар тобына жатқызылған. Автор жыныстық қарым-қатынасқа алкоголизм мен промискуитеттік мотивтері жаңа импульсивті ұмтылыстың кокаинді қолдануға итермелейтінін көрсетті. Соңғы зерттеу жұмыстары бойынша амфетаминді нашақорлардың $\frac{3}{4}$ бөлігі және кокаинді қолданыстардың $\frac{1}{2}$ бөлігі есірткіні қолданғаннан кейін олардың жыныстық қарым-қатынас белсенділіктерінің жоғарлайтынын дәлелдеген.

Роусон және қызметтес адамдардың жұмыс нәтижелері бойынша опиаттарға қарағанда алкоголь мен психобелсенді заттар сексуалды аддикцияның көрінуіне жоғары деңгейде себепші болады. Мұнда кокаин көбінесе ер адамдарда басқарылмайтын сексуалды қылық-әрекетке итермелесе, әйел адамдарда – амфетаминдер [56].

Кинси институтында (Блумингтон, АҚШ) өткізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде депрессия әсерінен либидо төмендейтіні туралы пікір жоққа шығарады. Яғни гетеросексуалды адамдардың 15%-да және гомосексуалды адамдардың 25%-да депрессия сексуалды құштарлықты жоғарлатады. Сонымен қатар, сексуалды аддикциялар парафилиялармен (педофилия, эксгибиционизм, вуайеризм, компульсивті мастурбация) сәйкес болады немесе олардан көрініс табады. Компульсивті мастурбация үрейліктің жоғарғы деңгейімен байланысты болса, басқарылмайтын сексуалды қылық-әрекетпен депрессия байланысты болады.

Сексуалды аддикт адамдар өздеріндегі мәселелердің болуын жоққа шығарады. Олар басқаларды сынап, кінәләйді немесе басқа қорғаныс механизмдерін қолданады. Мысалы, рационализация: «Егер мен интимді қарым-қатынасқа түспесем, мен қиындықтарды жеңе алмаймын», «Мен ешкімге зиян келтірмеймін, бұл маған ғана қатысты». Сексуалды аддикт адамдарда химиялық тәуелділік кезіндегі алшақтау синдромына тән симптомдар көрінеді: дисфория, үрей, зейінді шоғырландырудағы қиындықтар. Көптеген сексуалды аддикт адамдар толеранттылықтың өсуін көрсетеді. Тәуелділікті қанағаттандыру интернет арқылы жүзеге асса, онда аддикт адамдар интернет желісінде көп уақыттарын өткізеді. Басқа жағдайда бұндай адамдарда, сексуалды серіктес адамдар саны көп болады, олармен қарым-қатынас қысқа және экстримальды бола бастайды. Ц.П.Короленко мен Н.К.Дмитриева сексуалды аддикцияның қалыптасу кезеңдерін былайша көрсетті:

- Секс ең «өзекті тақырып» болады. Соған байланысты қиялдар көптеген адамдардың қабылдауын өзгертеді. Қоршаған адамдардың ішінен тек сексуалды объектілерді ғана көреді. Басқа әрекеттер міндетті, бірақ ұнамсыз болып қарастырады. Сексуалды қылық-әрекетке әкелетін әрекеттерді жүйеге келтіру кезеңі. аддикт күнде қайталанатын әрекетке айналады да, белгілі бір уақытта жүзеге асады. Әдетте қоршаған адамдар бұл жағдайды байқамайды. Өйткені аддикт адам қалыпты күйін үнемі көрсетіп, сақтап қалуға тырысады.
- Басқа аддикцияларға тән басқаруды жоғалту кезеңі: аддикт өз-өзіне психологиялық немесе дене жарақаттарын жасау мүмкін. Түрлі сексуалды белсенділіктер комплексі дами түседі.
- Белгілі бір жағдайларға байланысты болатын қиындықтардан кейін катастрофа немесе үмітсіздік кезеңі: өзіне деген кері, негативті сезімдер күшейеді, өз-өзіне қол жұмсау туралы ойлар туындауы мүмкін [23]. Уақыт өткеннен кейін цикл қайта қайталады. Оның бастауы компульсивті сексуалды қылық-әрекеттің кезеңінен басталады.

Жанұяда аддикт ұзақ уақыт бойында жасырылады. Қарым-қатынастар уақыт өте формалды түрде болады. Аддикт екі түрлі өмір сүреді, басқа заттар оны қызықтырмайды, өз денсаулығына қарамайды, қарапайым үй мәселелерін

бастан өткізе алмайды. Бұндай адам сексуалды жетістіктерін үнемі көрсетуге тырысады. Сәтсіздікке ұшыраған кезде дағдарыстық жағдаймен, аутодеструктивті және агрессивті әрекеттермен сипатталады. Алкоголь мен ПБЗ-ды шамадан тыс қолдануы мүмкін.

Дромомания (париомания, вагобандаж): пилигримдер тәуелділігі.

Дромомания – қаңғырушылық, үйден қашуға және саяхат жасауға құштарлық. Статистика бойынша ақша жағдайы өте жақсы жанұялардан шыққан балалардың 70%-ы және жағдайы төмен жанұялардан шыққан балалардың 30%-ы ғана үйден қашады. *Үйден қашуға, қаңғырушылыққа және мақсатысыз саяхаттауға деген тәуелділіктің қайнар көзі* – жақын адамдардың және туыстардың көңіл бөлмеуі. Балаларда бейсаналы деңгейде екі түрлі мотив дамиды: бір жағынан - әділетсіз талаптар мен қатал бақылау, екінші жағынан – туыстары мен жақындарының қастарында бола тұра жалғыздық сезімі және өздеріне көңіл аударту үшін. Баланы жақсы көру, аялау сияқты қалыпты талаптар қанағаттандырылмайды. Оның орнына балалар, керісінше, өздерін жалғыз, кем, ешкімге керек еместей етіп санайды.

Үйден қашу әрекеттер әдетте жариялау түрінде болады. Балалар жеңіл тауып алуға болатындай жерлерге қашады. Өздерінің рухани жарақаттарын «емдеуге» мүмкіндік беретін шағын жерлер болып келеді. Балалардың ұстанатын принциптері: «Мені іздеп жүр, яғни мен оларға керекпін», бірақ қайтып келеген жағдайда қайта жазаланады. *Үйден қашуға, қаңғырушылыққа және мақсатысыз саяхаттауға деген тәуелділіктің екінші себебі* – шамадан тыс жұмыс, тапсырма. Өздерінің армандарын жүзеге асыра алмаған ата-аналар бұл армандарын балалары арқылы жүзеге асыруға ұмтылады. ата-аналар балаларға түрлі секцияларға баруды, қосымша сабақтарға қатысуды, көркем әдебиеттерді оқуды міндеттейді. Бұл бағыттар жекелей өте пайдалы, баланың жеке тұлғасының дамуына үлкен тіреке бола алады. Бірақ егер олар таңдау құқығынсыз, бала қызығушылықтарын ескерілмей жүктелсе, онда олар бала үшін бұғай (кандалы) болады [36].

Үйден қашуға, қаңғырушылыққа және мақсатысыз саяхаттауға деген тәуелділіктің *үшінші себебі* – балада бос уақыттың көп болуы. Әдетте пубертаттық кезеңдегі гормоналды қайта қалыптасулар негіз болады. 11-14 жас аралығындағы балалардың ересек болуы негізінде, үнемі конфликтке түсу негізінде, қырсықтылық негізінде ата-аналармен, мұғалімдермен және басқа да ересек адамдармен үнемі ұрсысып, тіл бабыспай үйден қашады. Балалар *төмендегідей жағдайлар негізінде үйден қашады:*

- Айналысатын шаруа болмаса, іштері пысқан жағдайда (шығармашылық қабілеттері қалыптаспаған);
- Біркелкілік, бірқалыптылық болған жағдайда (пассивтілік, инициативтілік болмаса);
- Қалыпты емес, жаңа сезімдер мен құбылыстарды тану мақсатында (қауіптілік пен оның салдарлар туралы түсінік болмайды);
- Өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету қажеттіліктері басым болып келгенде (таңдаулардың әртүрлілігі, жауапкершіліксіз).

Ата-аналар тарапынан үйден қашу, қаңғырушылық және мақсатысыз саяхаттау тәуелділігінің өрістеуіне төмендегідей себептер түркі болады:

- балаларға қатысты шамадан тыс қатаңдық болғанда;
- гиперқамқорлық болғанда;
- махаббаттың шамадан тыс шығып, көп болғандығы;
- таңдау құқығынан айырғанда;
- қателік жасау құқығына мүмкіндік бермегенде;
- рухани қажеттіліктер мен мораль туралы ұмытқанда;
- баланың өз бетімен әрекет етуге мүмкіндіктері шектелгенде.

Өмірдің біркелкілігін ашу, армандар вакуумын толтыру мақсатында балалар алыс елдер, жерлер туралы қиялдайды. Сондықтан оларды фантастикалық, саяхаттау оқиғалары қызықтырады. Үйден қашуға, қаңғырушылыққа және мақсатысыз саяхаттауға деген тәуелділіктің *төртінші себебі* – тас жүректілік, қатыгездік. Көптеген жағдайларда ата-аналар профилактика үшін өз балаларын аяусыз жазалайды. Бұның негізінде балада «мені жақсы көрмейді», «мені түсінбейді» деген түсініктер қалыптасады. Кейбір ата-аналар ашу-ызаларын балаларынан алудың арқасында бала әділетсіз жазалауларға қарсылық ретінде үйден қашады. Қайтып келген жағдайда одан әрі жазаның қатыгез болатынын біліп, үйге мүлде қайтпауға тырысады. Үйден кету синдромы, қаңғырушылық кейбір ауруларда да (шизофрения, эпилепсия) кездеседі. Әсіресе, невроздар, психопатия, жеке тұлғалық дамудың бұзылуы кезінде жиі кездеседі [18].

Ұрлық – балалар мен ересек адамдар арасында қылық-әрекеттің жиі кездесетін түрі. Бұл мәселе адамның белгілі бір мақсаты, нақты мотиві болмаған жағдайлар шеңберінде қарастырылады. Бұндай жағдайларда адам өкінеді, өзін-өзі кінәлайды, бірақ қайта-қайта ұрлық жасайды. Дүкендерде жасалған ұрлықтардың 20%-ы мотивацияланбаған (мотивтері білінбейді, олар бейсаналы деңгейде болады), 70%-ы кәсіби ұрлықшылар әрекеттері, 5%-ы клептомандар, 5%-ы үмітсіз жүрген адамдар. Мотивацияланбаған ұрлықтар – бір қарағанда себептері жоқ секілді, бірақ олай емес, мотивтер бейсаналы деңгейде болады. Әрбір адам, әсіресе бала, өзінің *қалыпты қажеттіліктерінің қанағаттануына тәуелді*: - тұрғын үйінің болуы; - күнделікті күн көріс үшін тамақтану; - киім киіну және т.б.

Ересек адамдарға эмоционалды, интеллектуалды және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру қажет. Ал балаларға ойындар, кітаптар, т.б. қажет (мысалы би, спорт секциялары). Кейбір ата-аналардың бұған жағдайлары келмейді. Ал кейбір ата-аналар балаларына көңіл бөлмегендіктен, өз кінәларын өтеу үшін үнемі сыйлықтар жасап отырады. Бұның негізінде балада материалды заттарға деген қажеттілік пайда болады.

Мақсатты емес ұрлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар адамның әртүрлі жас аралығында қайталанып отырады, яғни адамда ұрлау әрекетіне белгілі бір қатынас қалыптасады. Екі түсініктің біреуі доминант болып келеді: ұрлыққа деген негативті қатынас немесе «істеуге болмайды, бірақ істегім келеді, яғни болады» деген әлеуметтік ұстаным. Бұндай тәуелділік 12-13 жаста дамып, қалыптасып үлгереді. Кейбір балаларға сыртқы жағдайлар кері әсер етпейді, толық жанұялардағы эмоционалды жетіспеушілік, рухани қанағаттанбаушылық

байқалмайды. Балада қажеттілік өрістеп, материалды заттарға бағытталады. Басқа балалар криминогенді топтардың әсерінен бұл қылық-әрекетке бейімделеді.

Мотивацияланбаған ұрлықтың қалыптасу себептеріне балаға көңіл бөлудің аз болғандығы кіреді. Психиатрияда «негативті нарциссизм» (бала жазалану үшін барлық әрекеттерді жасайды, соның негізінде өзіне көңіл аудартады) деген термин бар. Ұрлық жасаған кезде (бала не ересек адам) ұсталып қалу мүмкіндігі бар. Соның негізінде уайым, қорқыныш, күту сезімдері пайда болып, қанға адреналиннің бөлінуіне әсер етеді. Бұл эмоциялардың жиыны және физиологиялық күйлердің шарықтау шегі тәуелділіктің негізі болып келеді. Себебі, ол екі қарама-қарсы эмоциялардың шеңберінде дамиды: біріншісі – жазалаудан қорқу (негативті), екіншісі – қауіптілікке бейсаналы ұмтылыс (позитивті) [42].

Ониомания: сатып алуға құштарлық. Ониомания – қажеттіліктер мен нәтижелерді ескермей сатып алуға деген шамадан тыс құштарлық. Маниакалды және т.б. күйлерде кездеседі, 90%-ы әйел адамдар. АҚШ-та 15 млн. адам шамасында дүкен тәуелділігіне бағынышты. 55млн. адам шекаралық күй шеңберінде. Американдық психологиялық ассоциациясы бұл синдромды ауру ретінде қарастырады. Англияда 2%-дан 10%-ға дейін адамдар саны, яғни 700 мың адам шамасында шопингке тәуелді. Әйел адамдардың 52%-ы секстен гөрі шопингті таңдайды. Германияда ониоманияға тәуелді адамдардың саны 5%-ға дейін жетеді. Ал 20%-ы шекаралық күйде болады. Дүкен тәуелділігінен Италия, Испания, Шотландия елдеріндегі жасөспірім қыздардың тең жартысы зардап шегеді. Психиатрлардың пікірінше ониоманияға дүние жүзінің 10%-ы тәуелді. Күннен күнге бұл көрсеткіш өсіп келеді. *Ониманияға тәуелді адамдар үшін әлеуметтік зардаптар:* - қарыздар; - ұрлық жасау; - жанұялардың бұзылуы, конфликттер, дене зақымдары.

Ониманияға тәуелді адамдардың денсаулықтарына тигізетін зардаптар:

- психосоматикалық аурулар: аритмия, вегетативті-түтікшелі дистония, гипертония, дискинезия, гастрит, асқазан жаралары, колиттер;
- депрессия, қорқыныш невроздары, агрессия, аутоагрессия, ұйқының бұзылуы;
- иммунитеттің бұзылуы, тұмаумен және т.б. аурулармен жиі ауру.

Патологиялық құштарлық ретінде ониомания 100 жылдан астам уақыт бойында өмір сүріп келеді. Алғаш рет 1898 жылы сипатталған. Ал 1915 жылы Германия психиатрлары ониоманияны ауытқушылық құштарлық деп атады. Ғылымдар магнитті-резонансты томография арқылы сатып алушы әйел адамдардың бас ми қыртысындағы электр белсенділікті өлшеді. Жасалған нәтижелер бойынша сатып алу кезінде рационалды ойлауға жауап беретін ми бөлігінің қабілеті мүлде төмендеп, эмоциялар мен сезімдерді басқаратын ми бөліктерінде қысымның шарықтау шегіне жетеді.

Ониоманияның негізінде қарым-қатынасқа түсудегі қиындықтар, сезімдерін көрсетудегі қиындықтар, негізгі адами қажеттіліктерді қанағаттандырудағы қиындықтар жатыр. Сонымен қатар, ониоманияның *қалыптасуына әсер ететін факторлар:*

- балалық шақтағы жанұядағы ата-аналардың қарым-қатынасы;

- мектепте оқу кезеңіндегі мінездің тәрбиеленіп, қалыптасуы;
- ерлі-зайыптылар кезіндегі тұрмысы;
- некедегі қарым-қатынасы;
- адамның жалпы мәдени, интеллектуалды, рухани деңгейі;
- әлеуметтік қысым [38].

Әлеуметтік қысымның бір формасы ретінде – жарнама. Жарнама – адамдармен манипуляциялаудың құралы. Біз оны біле тұра, бәрібір оған бағынышты боламыз. Ғалымдардың соңғы зерттеу жұмыстары бойынша «шопоголизмнің» өрістеуіне ағзада серотонин гормонының аздығы себеп болады. Серотонин – көңіл-күйдің ауысуына жауап беретін гормон. Сонымен қатар, тәбетті, эмоцияларды, құштарлықты басқарады, ұйқыға әсер етеді, антистресстік сипаты бар, аллергияның дамуын, ісік реакцияларын, иммунитетті реттейді. Серотониннің жетіспеуі шизофренияның, депрессияның дамуына, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкеп соғады. Әйел адамдар ер адамдарға қарағанда ониоманияға 10 есе көп тәуелді болады. Себебі олардың ағзалары серотониннің көбеюіне немесе төмендеуіне сезімтал болып келеді.

Адренолиномания-спорттық аддикция (жаттығулар аддикциясы).

Адренолиноманияға мыналар жатады:

- үлкен жылдамдықпен жүру;
- саяхат жасауға құштарлық;
- альпинизмге құштарлық;
- спорттың экстремалды түрлерімен айналысу;
- су түбіне жүзу; қауіпті әрекеттерді жасауға құштарлық;
- жерде, суда, аспанда қауіпті әрекеттер жасауға құштарлық.

Адренолиноманияның шарттары тәуелді қылық-әрекеттің шарттарына сәйкес: қорқыныш сезімін басып тастау. Бұл жағдайда эмоционалды уайымдардың шарықтау шегі кезінде адреналинмен бірге нейротрансмиттерлер, эндорфиндер бөлінеді де жоғарғы сезімді туындатады, бұл жағдайды қайта қайталауға қажеттілік пайда болады. Адренолиномания саналы ойлау мен өзін-өзі сақтау сезімдерін жоққа шығарады. Бұл тәуелділіктің құлы болған адамдар үшін шаруалар мен әрекеттерге толы күнделікті өмір қызықсыз, қарапайым болып көрінеді. Олар үнемі апатия, жабыраңқы күйде болады. Адренолиноманияға тәуелді адамдарда мінездің белгілі бір түрі сай:

- балалық шақта белсенділікпен ерекшеленеді, тәртіпке бағынбайды, қиын басқарылады, қарама-қарсылықтарды көтере алмайды;
- өздерінің құндылықтар жүйесіне ие индивидуалисттер;
- қауіптілікті жақсы көретін адамдар, қауіпті жерде жұмыс істейтін адамдар, ең басты критерий – басқалар үшін стресспен шарттас қозу сезімі;
- эгоцентризмі жоғары адамдар, басқалар туралы ойлау немесе уайымдау оларға тән емес, болашақ туралы ойламайды;
- жеңіске бағытталған адамдар;
- өздерінің мүмкіндіктерін үнемі сынайтын адамдар;
- бір күнмен өмір сүретін, армандардың импульсивтілігіне тәуелді адамдар;
- әрекет етіп, содан кейін ғана барып ойланатын адамдар;

- авантюраны таңдайтын адамдар, экстраверттер, дене күштері көп, мықты, шешімді тез қабылдайтын адамдар [24].

Адренолиноманияның адам психикасына тигізетін ықпалы төмендегідей сипатталады:

- көңілсіздіктен арылу құралы;
- өмірге деген қарсылық;
- жаңа сезімдердің қайнар көзі.

Адренолиномания бойынша нақты сандар жоқ. Себебі тәуелділіктің бұл түрі осы күнге дейін аз қарастырылып келді. Қазіргі ғылымда спорттың өзін үш түрлі жақтан қарастырады: денсаулық үшін спорт (бұрында дене мәдениеті деп аталатын), жоғарғы жетістіктер спорты және кейінгі кездерде танымалдылығы өсіп келе жатқан спорттың экстремалды түрлері. Жоғарыда аталған спорттың соңғы екі түрі жоғары аддиктивті потенциалға ие.

Гаджет-аддикция – жаңа құрылғыны сатып алуда объективті себептердің болмауымен сипатталатын тәуелділік. Гаджет-аддикцияға тәуелді адамдардың екі тобын ажырата білу керек. Бірінші топқа телекоммуникация саласына қатысы жоқ, тек жарнама мен жолдастарының пікіріне сүйенетін адамдар жатқызылады. Екінші топқа телекоммуникация саласында істейтін мамандар кіреді. Олардың арасында таза аддикт адамдар кездеспейді, ол кәсіби қызығушылықпен араласып кетеді. Гаджет-аддикцияға 13-20 жас аралығындағы адамдар тәуелді болады. Себебі бұл жас кезеңіндегі балаларда жағдайды объективті бағалауға қабілеттілік әлі қалыптаспаған, мінездің эмоционалдылығы басым, жолдастардың пікіріне тәуелділік. Сонымен қатар субъекттің ақша жағдайы да басым рөл атқарады [57].

Гаджет тәуелділіктің симптомдары:

Психологиялық:

- құрылғыны қолдану кезінде эйфория мен өзін-өзі жақсы сезіну;
- құрылғыдан бас тарта алмау;
- жаңа «ойыншық» сатып алуды қажетсіну;
- құрылғымен байланысты шығындарды бақылай алмау;
- құрылғымен айналысу уақытының көбеюі;
- құрылғысыз немесе жаңа гаджетті сатып алу мүмкіндігінің болмау кезінде депрессия мен белгісіздікті сезіну байқалады;
- отбасы мен жолдастарына көңіл бөлмеу;
- өтірік айту, өзін-өзі кінәләу;
- жұмыспен немесе сабақпен байланысты қиындықтар;

Физиологиялық:

- ұйқының бұзылуы;
- бастың ауруы;
- көздегі құрғақтылықты сезіну;
- бұлшықеттердің қысымымен байланысты қол жүйкелерінің бұзылуы [19].

Гемблинг - ойындарға тәуелділік, химиялық емес аддикциялар тобына жатқызылады. Патологиялық көрсеткіш ретінде ойындарды ойнауға қажеттілікті басқара алмау қарастырылады. Оларға деген қызығушылық пен ұмтылыстың олар әрі өрістеуі стресс кезінде байқалады. Гемблингпен

байланысты мәселелер көбейіп, күрделене түседі: ақшалай қарыздар, міндеттерді атқармау және т.б. қаржылық жауапкершіліксіз. Сонымен қатар отбасылық қарым-қатынастардың бұзылуы, жұмысқа жауапкершіліксіз, қаржы табу мақсатында заңға қарсы әрекеттер жасау. Ойын ойнау кезінде босаңсу, эмоционалды үрейліктің басылуы, жағымсыз ойлардан арылу байқалады, бұның негізінде құштарлық пайда болып, тәуелділік дамиды. Ц.П.Короленко және Т.А.Донских *гемблингке тән белгілерді* атап көрсетті:

- ойынға жұмсалатын уақыттың шамадан тыс көп болуы;
- қызығушылықтардың өзгеруі, бұрынғы мотивтердің ығысуы;
- басқарудың болмауы, жеңіліс кезінде де, жеңіс кезінде де ойыннан бас тарта алмау;
- ойын ойнап болғаннан кейін психологиялық ыңғайсыздық, уайым, үрейлік сезімдері байқалады, қайталану жиілігі қысқарып, қайта ойнауға құштарлық пайда болады;
- ойын ойнау жиілігінің өсуі, үлкен қауіптілікке ұмтылыс; барлық мүмкіндіктерді қолданып, бөгеттерге қарамастан қайта ойынға кірісіу;
- «тоқталу» қабілетінің төмендеуі, қарсыластық болған жағдайда қайта ойынға кірісу [16].

Австралиялық зерттеушілер А.Бласцински және Л.Науэр гемблингке тәуелді адамдардың үш тобын атап көрсетті:

1. қылық-әрекеті бұзылған;
2. эмоционалды тұрақты емес;
3. импульсивті әрекеттерге бейім антиәлеуметтік адамдар.

Гемблинг ер адамдар арасында жиі кездеседі. Әйел адамдар арасында аддикцияның бұл түрі күрделі форма түрінде өтеді. Себебі олар үш есе ойынға тез бейімделеді және психотерапияны қолданып емделу үш есе ұзақ жүреді. Ер адамдарға қарағанда әйел адамдар ересек жаста және басқа себептер негізінде тәуелді болады. Ең кең тараған түрі – жеке мәселелер. Әсіресе, 21-55 жас аралығындағы әйел адамдар, соның ішінде 1-4%-ы психиатрдың көмегін талап етеді. Әрбір үшінші патологиялық ойыншы - әйел адам. 70 ойыншы әйел адам және 70 ойыншы ер адам қатысқан салыстырмалы зерттеу жұмыстары бойынша әйел адамдарда аддикцияның неғұрлым айқын байқалатын прогрессивті даму жүзеге асады. Ол келесідей кезеңдерден өтеді: әлеуметтік гемблинг, белсенді гемблинг және күрделі гемблинг. Зерттеу жұмысында әйел адамдар мен ер адамдар арасындағы гендерлік айырмашылықтардың тағы бір көрінісі - әйел адамдарда гемблинг депрессиямен шарттас болса, ер адамдарда – алкогольизм.

Гемблингке итермелейтін факторлар (Ц.П.Короленко, Н.В.Дмитриева, 2000):

- жанұядағы дұрыс тәрбиенің болмауы;
- ана-аналардың, жолдастардың ойын ойнауы;
- балалық шақта ойынға (домино, монополия) құштарлық;
- қаржы мүмкіндіктеріне шамадан тыс көңіл бөлу;
- бай туыстар мен жолдастарға қызғаныш сезімі;
- барлық қиындықтарды ақша көмегімен шешуге болады деген сенім;
- заттарға құштарлық;

- ақшаның, құндылықтардың маңыздылығын асыра бағалау [19].

Ал ағылшын зерттеушісі А.Пастернак төмендегідей факторларды атап көрсетеді:

- ұлттық сана-сезімнің төмендігіне қатыстылық;

- жанұялық статустың болмауы;

- депрессия;

- химиялық аддикцияның басқа түрлері [29].

Гемблингтің даму кезеңдерін Р.Кастер төмендегідей жіктеді:

1. *Жеңіс кезеңі*: оған тән белгілер – кездейсоқ ойын, жиі жеңіске жету, ойын алдында және ойын ойнау кезінде қиялдану, ойынды жиі ойнау, жұмсалатын ақша көлемінің өсуі, үлкен жеңіс, себепсіз оптимизм

2. *Жеңіліс кезеңі төмендегідей сипатталады*: жалғыз ойнау, жеңістерімен мақтану, ойын туралы үнемі ойлау, жиі жеңілу, ойынды тоқтатуға қабілетсіздік, өтірік айту, жолдастарынан қиындықтарын жасыру, отбасы мүшелеріне көңіл бөлмеу, жұмыс уақыттың азаюы, қарыз төлеуден бас тарту, жеке тұлғаның өзгеруі – тітіркенгіштік, шаршағыштық, қарым-қатынасқа түспеу, үйде ауыр эмоционалды жағдай, ақшаны қарызға алу, заңды немесе заңды емес өте үлкен қарыздарға кіру, қарыздарды өтеу алмау, ойын ойнауды тоқтатуға үмітсіз мүмкіндіктер жасау.

3. *Көңіл қайту кезеңі*: кәсіби және жеке тұлғалық репутацияның жоғалуы, ойынға барлық уақытты жұмсау, жанұядан және жолдастарынан алыстау, ұялу, өкіну, басқаларға жеккөрініш сезімінің өсуі, үрейдің өсуі, заңға қарсы әрекеттер, үмітсіздік, суицид туралы ойлар және суицидті әрекеттер, қамауға отырғызу, ажырасу, ішімдік ішу, эмоционалды күйзеліс, түңілу [42].

В.В.Зайцев және А.Ф. Шайдуллина (2003) «ойын циклін» құрайтын даму және пациенттердің қылық-әрекетін сипаттайтын деңгейлерді сипаттады:

Жұмысқа тәуелділік. «Жұмысқа тәуелділік» терминін ХХ ғасырдың 70 жылдарында дін психологиясының профессоры және имамы Оутсон ұсынды. Жұмыс тәуелділігіне арналған алғашқы жұмыстардың өзі оның химиялық аддикцияның басқа түрлерімен ұқсастығын анықтады. Кез-келген аддикция сияқты жұмысқа тәуелділік - өзінің психологиялық күйін өзгерту негізінде шындықтан қашу болып келеді. Бұндай жағдайда жұмыс күнделікті қызметін атқармайды: адам жұмыспен қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсаты үшін айналыспайды; жұмыс - адам өмірінің басты құрамдас бөлігі болып келеді; жұмыс махаббатты да, қызығушылықты да, басқа да әрекеттерді алмастырады.

Жұмыс тәуелділігінің ең басты ерекшелігі – қоршаған адамдардан үнемі қолпаштауды сезінуге, сәттілікке ұмтылу. Аддикт адамда үнемі сәтсіздікке ұшырау қорқынышы, еріншек не сауатсыз қызметкер болып көріну қорқынышы, басқалардан кем болып қалу қорқынышы болады. Бұл психологиялық қалыпта үрей сезімінің басым болуымен түсіндіріледі. Бұр үрей адамда жұмыс уақытында да, қысқа мерзімді демалыс уақытында да адамды бойлап отырады. Адамның көңілі, зейіні жұмысқа неғұрлым қатты шоғырланса, адам соғұрлым отбасы мүшелерінен, жолдастарынан алыстай бастайды, өзінің уайымдауларынан босай алмайды. Г.Портер кез-келген аддиктивті адамға тән қасиеттерін ұсынды:

- ригидті ойлау;
- шындықтан қашу;
- сынаудың болмауы;
- прогрессивті тәуелділік [18].

Сонымен қатар, кез-келген аддикция секілді эмоционалды-еріктік сфераны айналып өтпейтін жеке тұлғалық өзгерістермен шарттас. Тәуелділіктің дамуы эмоционалды толымсыздықтың погредиагентті өсуімен және эмпатияға қабілеттіліктің бұзылуымен қатар жүреді. Тұлғааралық қарым-қатынастар қиындай түседі, үлкен күш жұмсауды талап ететін, күрделі іс ретінде қабылданады. Аддиктивті адам бейсаналы деңгейде белсенді ат салысуды талап ететін жағдайлардан қашқалақтайды, маңызды жанұялық мәселелерді талқылаудан бас тартады, балаларды тәбиелеуге қатынаспайды. Ол, керісінше, жанды емес заттармен қатынасуды ұнатады. Себебі, олар өзекті мәселелерді шешуді талап етпейді.

Аддиктивті адам өзіне-өзі және қоршаған адамдарға өзінің тек ақша үшін, басқа да абстрактілі мақсаттар үшін жұмыс істейтіні туралы сендіреді. Бұндай қорғаныс қоғаммен қабылданады. Адам мұндай әдістің сәтсіз екендігін, оның мүмкіндіктерін аша алмайтындығын түсінбейді. Жұмыстан тыс уақытта аддикцияның бұл түрі химиялық аддикцияның басқа түріне айналады.

Жұмысқа тәуелді адамдар жұмыс істейтін ұйымдарға аддиктивті қасиеттерімен тығыз байланысты. Мұндай ұйым өзіндік ойлауға, құбылыстарды қабылдауға шек қоятын жүйе болып келеді. Жұмыс тәуелділігінің дамуына, сонымен қатар, үнемі бақылау, сапа мен тиімділікті үнемі тексеру себеп бола алады. Мұндай бағыт адамға сенбеушілік негізінде, оның жеке тұлғалық қасиеттері мен қажеттіліктерін ескермеу негізінде қалыптасады. Аддиктивті адам эмоционалды қолдауды қажет ететін жанұя мүшелеріне өте үлкен әсер қалдырады. Жанұя мүшелері оны не үлгі ретінде қабылдайды, не мүлдем қабылдамай, басқа деструктивті аддикцияларды таңдайды. Бұндай адамдардың балалары көптеген жағдайда ПБЗ-ды қолданады. Сонымен қатар, жұмысқа тәуелділігінің реабилитация деңгейінде де маңызы зор.

Артық тамақ жеу және ашығу. Артық тамақ жеу және ашығу аралық аддикциялар тобына жатқызылады. Әдебиеттерде жүйкелік анорексия мен булемияға жатқызылатын тағамдық аддикциялардың анықтамасын кездестіруге болады. Көптеген авторлардың пікірі бойынша тағамдық бұзылулар әйелдерге тән болса, химиялық тәуелділік пен гемблинг – ересектерге тән. Бірақ мұндай көзқарас сын көтере алмайды, себебі миллиондаған әйелдер химиялық тәуелділіктің құлы болып келсе, тағам аддикциялары ер адамдарда да кездеседі. Сонымен қатар, тағамдық қылық-әрекеттің бұзылуларын және тағамдық аддикцияларды шатастыруға, бір тұрғыдан қарастыруға болмайды.

Жүйкелік анорексия мен булемия аддикциядан гөрі басқа психопатологиялық феномендерге жатқызылады. Жүйкелік анорексияның себебі, әдетте өзінің сырт келбетінің ұнамауымен және артық салмақпен байланысты дисморфофобиялық уайымдаулар болып келеді. Дененің «кемшіліктері» ауру адамның көзқарастары бойынша өте көрексіз, сүйкімсіз болып келеді. Бұдан қоршаған адамдарда бұл адамдарға деген кері, жағымсыз қатынастар орнайды деп

есептеледі. Жүйкелік анорексия құрамында булимиялық форма кездеседі. Сонымен қатар, булимия психопатологиялық симптом ретінде түрлі психикалық бұзылулар шеңберінде кездеседі: бас мидың органикалық аурулары, ойлау кемістігі, шизофрения жіне т.б.

Ал тағамдық аддикция негізінде – «артық тамақ жеу» және «ашығуды» туындататын жағымды эмоционалды қолдау жатыр. Тағам жеу процесінің тұйықты, жасырынды болғанына байланысты. Оған деген ұмытылыс «тәуелділікке» айналады. Осыған байланысты басқа көзқарас АҚШ, Филадельфиядағы М.Пельчаттың зерттеу жұмысында ұсынылған. Оның пікірі бойынша тағамдық және химиялық тәуелділіктердің ұқсас даму механизмдері бар. Яғни адамның өзі аддикцияның бар болуын түсінуінің өзі аддикция болуының шарты болып табылады. Өзінің көзқарасын автор аддикцияның түрлі формаларын нейрхимиялық зерттеу нәтижелері негізінде түсіндіреді. Және тағамдық пен химиялық аддикциялардың ортақ механизмдері жайлы ақпаратты Морабия және оның қызметтес адамдардың нәтижелері толықтырады [7].

Тағамды нормадан тыс артық жеу. Тағамға деген аддикция тағамды аддиктивті агент ретінде қолдану кезінде пайда болады. Адам бұл кезде субъективті шындықтан қашуға ұмтылады. Фрустрация кезінде сүйкімсіздікті «жеуге» ұмтылыс пайда болады. Ол сәтті аяқталады. Себебі дәмдік түйсіктерді бекіту және жағымсыз уайымдаулардың ығысуы жүзеге асады. Бұл процестің уақытын созуға ұмтылыс пайда болуы мүмкін: ұзақ уақыт бойында көбірек жеу. АҚШ-та жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша әйел адамдардың 100%-да және ер адамдардың шамамен 70%-да соңғы 1 жыл ішінде кем дегенде бір бағындырылмайтын тағамға ұмтылыс болады. Кәрі адамдарда бұндай көріністердің жиілігі төмен.

Гипотезалардың біреуі бойынша егер белгілі бір тағам құрамында карбонгидрат болса, онда бұл тағам аддиктивті потенциал. Себебі карбонгидрат көңіл-күйдің көтерілуіне жауап беретін серотониннің мида бөлінуін күшейтеді. Яғни, артық тамақ жеу - өзінің көңіл-күйін карбонгидрат (калориясы көп тағамдарда болады: чипсы, гамбургер) арқылы «өзіндік емдеу» болып келеді. Шынында да құрамында триптофан (мида серотониннің бөлінуіне себепкер болатын аминқышқылы) жоқ диета көңіл-күйдің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, тамақ ішу эндогенді опиодты жүйені белсендіртеді. Себебі опиодты рецепторлардың блокаторларын қабылдау желінетін тағам көлемін және тәбетті, тағамның түрі және иісін қабылдауын төмендетеді. Бірақ бұл мәліметтерді зерттеу жұмыстары дәлелдеген.

Тамаққа деген аддикция – бір жағынан психологиялық тәуелділік болса, екінші жағынан – қажеттілікті қанағаттандыру болып келеді. Тағамның аддиктивті потенциалы жағарлаған сайын адамда аштық сезімін жасанды жасау жүзеге асады. Артық жейтін адам тәуекел топқа жатқызылады. Аштық сезімі тамақ ішіп болғаннан кейінгі қандағы глюкоза концентрациясының төмендеуінен кейінгі қайта пайда болады. Дене механизмдері бұзылады. Адам өте жиі және өте көп тамақ іше бастайды. Белгілі бір кезеңде ол ұяла бастайды да аддикцияны жасыруға ұмтылады. Бұның барлығы денсаулыққа кері әсерін

тигізеді: салмақтың өсуі, зат алмасудың бұзылуы және тамақ мөлшері өте үлкен болғандықтан, адам өліміне дейін әкелуі мүмкін [55].

Ашығу немесе тамақтан бас тарту. Ашығуға аддикцияның пайда болуының екі түрлі механизмдері бар: медициналық және немедициналық емес. Медициналық жағдайда диетотерапия қолданылады. Аштыққа кіру кезеңі тәбетті басып тастау қажеттілігінің қиындығымен сипатталады. Кейінірек адамның күйі өзгереді – жаңа күш пайда болады, тәбет жоғалады, көңіл-күе көтеріледі, қозғалыс белсенділігі күшееді, невротикалық көріністер редуцияға ұшырайды. Кейбір пациенттерге бұндай күй ұнамды болып келеді. Бұдан пациент ашығу процесін өз бетімен жүзеге асырады. Ашығу арқылы эйфорияға жеткен адам өзіне-өзі жауап бере алмайды, өзіне деген сыни көзқарас жоғалады.

Медициналық емес ашығу жағдайы, әдетте, қазіргі уақыттың модасына сәйкес болу үшін өздігінен арығу процесі жүзеге асады. Яғни өзінің дене келбетін өзгерту. Тағы бір психологиялық механизм - өзіне мақсат қою және оны орындау барысында қанағаттану және мақтаныш сезімдерінің пайда болуы. Ашығу процесі барысында дене күшінің төмендеуі, сырт келбетінің өзгеруі байқалады. Аддиктивті адамда тамаққа деген жеккөрініш сезімі болады. Оларға бір сағыз немесе тіс жуатын пастасы жеткілікті болып көренеді [49].

Теледидарға тәуелділік. Теледидарға тәуелділік-телемания. Теледидар адамға шынайы өмірді ығыстырып, жағымды және пассивті күйде үнемі болуға мүмкіндік береді. Уақытты қабылдауды өзгертеді.

Теледидарға тәуелділіктің дамуына итермелейтін себептер саны жанрлардың санына тең. Бұл тәуелділіктің ең ұзаққа созылатын және ең терең формасы телехикаяларды көретін адамдарда байқалады.

Ургентті аддикция. Адамға үнемі уақыт жетіспеуі болып көрінуі – ургентті аддикция деп аталады. Басқа күйде болу адамда ыңғайсыздыққа, депрессияға әкеледі.

Рухани іздеу. Химиялық емес аддикцияның бұл түрін В.В.Постнов пен В.А.Деречей сипаттады. Рухани іздеудің бағыттары түрліше болады – жеке тұлғалық өсу топтары, голотропты тыныс алу, кездесу топтары, дене-бейімділік терапия, эзотерикалық және діни білімдер. Кейбір психологтардың пікірі бойынша рухани іздеу діни аддикция мен қарым-қатынастар аддикциясының үйлесуі болып келеді де жеке түр ретінде қарастырылмауы керек. Ал кейбіреулері оны рухани өсу мен өзін-өзі жетілдірудің бірігуі ретінде және фанатизммен шарттас деп қарастырады.

«Сұлулыққа тәуелділік» немесе быюти-аддикция – жаңа мания. Батыс психологтарының зерттеулері бойынша әйел адамдардың 30%-ы және ер адамдардың 15%-ы бұл манияның формаларына тәуелді. Сұлулықпен байланысты тәуелділіктердің барлығының негізі өз-өзіне сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендігі болып келеді. Көптеген жағдайда оның өрістеуіне жақын адамдардың, жолдастарының сырт келбетіне қатысты қалжындар, сынаулар түрткі болады. Кейбір адамдарда тәуелділіктің бір формасы ғана байқалса, кейбіреулерде тәуелділіктер жиыны дамиды [48].

Анорексия – арықтауға құштарлық. Тойымды тамақ ішуден бас тарту, экзотикалық диеталар зат алмасудың бұзылуына әкеп соғады. Анорексиямен әдетте 14-20 жас аралығындағы қыздар ауырады. Оларда гормоналды немесе басқа да ағза жүйелерінің бұзылуы, тамаққа тәбеттің болмауы, жүдеулік байқалады да өлімге әкелуі мүмкін.

Танорексия – қараюға, күнге жатуға құштарлық. Бұл тәуелділікті солярий құралдарының өндірушілері мен журналдар жасады. Танорексиямен 18-35 жас аралығындағы әйел адамдар да, ер адамдар да ауырады. Жыл көлемінде солярийге бару «байлық» пен «сәттіліктің» көрсеткіші болып келеді. Оның негізінде, әсіресе, 14-25 жас аралығында терінің қартаюына, түрлі тері аурулардың дамуына әкеп соғады.

Мейкапмания – сәндік косметикаға тәуелділік. Көбінесе 28-38 жас аралығындағы әйел адамдар тәуелді болады. Әдетте журналдардың кеңестерін ойдан шығармайтын, көптеген уақыт пен ақшаны жұмсайтын, үнемі сән салондарына барып тұратын әйел адамдар. Макияж болмаған жағдайда көңіл-күйдің бұзылуы, паниканың пайда болуы, истерияның пайда болуы байқалады.

Жасаруға бағытталған тәуелділік (юномания): ботокс, лифтинг инъекциялары, липосакция, дене келбетін өзгертуге арналған операциялар және т.б. Бұл тәуелділіктің құрбаны, әдетте, ересек әйел адамдар болып келеді.

Фитнесмания – фитнес орталықтарда немесе спорт клубтарда дене жаттығуларымен айналысуға құштарлық. Оларда жаттығулар жасауға маниакалды қажеттілік болады. Ауырып жүрген кезде де жаттығулар жасайды, өздерін қинайды. Жаттықтырушылардың айтуы бойынша спортклубқа келетін адамдардың 5%-ы бұл тәуелділіктің құрбаны болып келеді.

1.7 Нашақорлықтың жасөспірімдер психикасы мен организміне әсері

Нашақорлық(гректің *nark* – қимылсыздық, *mania* – ессіздік, құштарлық мағанасында) – грек тілінде «ұйқы» мағынасын білдіретін «*narke*» сөзі, ағылшын тілінде «*narkotik*» деген сөзге айналып «ұйықтау, жансыздандыру, сезімсіздендіру» деген мағынаны береді[32]. Есірткі - құрамдас немесе психотроптық, оларға ұқсас заттарға тәуелділіктен туындайтын организмнің аса ауыр және тұрақты тәндік, психикалық өзгеруіне, бұзылыстарына, кейде өлімге әкелетін дерт. «Есірткілерді тұтыну», «нашақорлық» және «наркотизм» сөздерінің мағынасын ажырата білген жөн. Есірткілік заттарды тұтыну алкоголь мен темекі тұтынуға ұқсас: бұлардың бәрі «зиянды ләззаттарға» жатады, өйткені олар тұтынушыға субъективтік ләззат сезімін сыйлайды, бірақ организмге зиянын тигізеді. Есірткілік заттарды тұтыну тек «ләззат алу» ғана емес, сондай-ақ дәрігермен дәрілік препарат (ауруды басатын, ұйықтататын, психостимулятор) ретінде берілуі мүмкін. Егер есірткілерді тұтыну үзіліссіз және үнемі болса, тұтынушының организмінде өзгерістер болады, нәтижесінде есірткілерден болатын тәндік немесе психикалық тәуелділік туындайды. Бұның нәтижесінде есірткілерді тұтыну ауруды («ломканы») азайтатын, басатын қажеттілікке айналады. *Үнемі есірткілерді тұтынуға құштарлық нашақорлық*

деп аталады. Жалпы айтқанда, есірткі заттары деп жансыздандыру ерекшелігіне ие болатын заттарды айтамыз. Бірақ дүние жүзінде күнделікті қолданыста стимуляторлар да есірткі ретінде қабылдануда. Өйткені бұлардың құрамында мастандыратын, ашуландыратын, тыныштандыратын, сергітетін заттар да бар.

Есірткі және стимулятор дегеніміз адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, рухани және физикалық тепе-теңдікті бұзатын, рухани және физикалық тәуелділікке жол ашатын, жеке адам және қоғамдық жағынын экономикалық және әлеуметтік құлдырауға әкеліп соғатын заттар.

Наркотизм халықтың кейбір бөлігінің есірткілік заттарды тұтынатынын және тиісті салдарын көрсететін әлеуметтік көрініс. «Нашақорлық» деген сөз есірткілерді тұтынушының жеке басының жәй-күйімен қатар, есірткілерді көпшілікпен қолдануды білдіреді.

Есірткіге тәуелділік деген не?

- Есірткі тұтынуға күшті, тоқтатуға болмайтын құмарлық;
- Есірткінің мөлшерін үнемі үстемелеудің қажеттілігі;
- Есірткілер болмағанда психикалық және тәндік қолайсыздықтың пайда болуы;
- Қоршаған өмірге қызығушылық төмендеуінің өршуі (ештеңемен әуестенбеу, мектеп, жанұя өміріне, достарға, құрдастарға қызықпау);
- Зиянды зардаптарын біле тұра, есірткі тұтынуды жалғастыру;
- Тұтынатын есірткілердің мөлшерін және оны пайдалануға байланысты ахуалды бақылау қабылетін жоғалту.

Есірткілерді бір-ақ рет пайдалану немен қауіпті?

- Есірткілердің бір рет дәмін татқаннан кейін, тағы да тұтынуға құмарлық пайда болуымен;
- Психикалық тәуелділіктің даму мүмкіндігімен;
- Есірткілерді мөлшерден артық тұтынумен;
- Есірткілік заттарға аллергиялық реакциялардың дамуымен;
- Есірткіні қан тамыры арқылы тұтынғанда, ЖҚТБ жұқтырудың нақты мүмкіндігімен;
- Есірткіге әуестік бүкіл өмір бойына сақталу мүмкіндігімен.

Нашақорлықты емдеу ауру адамның және туған-туыстарының зор күш-жігерін, медицина қызметкерлерінің биік кәсіби дәрежесін, көп қаражат шығындарын қажет ететін ұзақ, күрделі, көп сатылы процесс. Бірлі-жарымды адамдар ғана есірткіге тәуелділікті жеңе алады, яғни дерттен айығады.

Жаман әдеттердің ең зияны болып табылатын есірткі қолдану әдеті адамның денсаулығына, ақыл-ой және рухани жүйесіне, қоғамға тигізетін зияны өте көп. Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде есірткі қолданушылардың саны күрт өсіп, мемлекет басшылары бұл мәселенің шешімін іздеуде. Есірткі қару контрабандасында, тыңшылықта, анархиялық оқиғаларда, бір мемлекеттің басқа мемлекет жастарын азғындауда, заңсыз жолдармен табыс табуда ең әсерлі және ең көп пайдаланылатын құрал. Жастарды бұл бәледен қорғау және құтқару адамдық пен ұлттық борыш болып табылады. Бұл қырсыққа душар

болған жастар оның қаншалықты қауіпті екендігін түсінбей, жаман достарына еліктеп, жаны мен тәніне, болашағына қатер төнліреді.

Адамның әрекеттерінде, ой-сезімдерінде өзгерістер тудыратын табиғи және синтетикалық заттарды есірткі деп айтамыз. Есірткінің көп түрі болады, бірақ ең көп қолданылатындары мыналар: апин, морфин, марихуана, героин, кокаин, кадинин, анхалим левини, LSD және хлорлы эфир.

Бүкіл жаман әдеттерге себеп болатын «Есірткі мәдениеті» дегеніміз ХХ-ғасырдың соңғы жартысында жаулап алушы супер күштің қоғам құрлымының негізін құрайтын ұлттық және рухани құндылықтарды, мистикалық сенім және қасиетті жәдігерлерді жою ісәрекеті болып табылады. Бұл ағымның негізгі мақсаты бір мемлекет немесе бір қоғамның ұлттық санасын және қорғаныс қызметін жойып, оны отарға айналдыру.

Жезөкшелік, парақорлық, құмарлық, зорлау, өзін-өзі зорлау, жыныс ауыстыру, нашақорлық, отбасының ыдырауы секілді қоғамды құлдырататын себептер есірткі мәдениетінің негізгі элементтері болып табылады. Ұятсыздық, жезөкшелік және басқа да моданың жаман ағымдарын қолдайтын, әр түрлі идеологияларды таратып, халықты әсіресе жастарды топтарға бөлетін, мүмкіндік туған сайын бұл топтарды бір-бірімен соқтығыстыратын, мемлекетті анархиялық сахнаға айналдыруды мақсат еткен барлық жазбаша және ауызша басылымдар, тікелей эфирдегі бағдарламалар мен оқу орындарынан бастап мемлекеттік мекемелеріне дейін жайылған әр түрлі үйірмелер осы есірткі мәдениетінің дәнекерлері. Жаратылыстың ең кәмілі болып табылатын адам әр түрлі ұлттық, мәдени және мінез-құлық құндылықтарынан алыстататын, оны жануарлар қатарына дейін төмендететін бұл мәдениет басқаша «қарама-қайшы мәдениет», «хиппи мәдениеті», «есірткі мәдениеті» деп те аталады[42].

Нашақорлықтың асқынғаны сонша, қазір наша, есірткі дегеніміз не деп сауал қоюдың өзі ерсі болып қалды. Мектеп жасындағы баладан сұрасыңызда оның не екенін айтып, түр-түсін түстеп бере алады. Есірткінің қоғамға дендеп енгені сонша, ол енді ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруде. Қазақ қоғамына ең алғаш спиртті ішімдіктер келгенде оны жиіркене, тыжырына, бірден қабылдай алмай қиналғандары белгілі. Сол секілді, нашақор деген сөзді бұдан 15-20 жыл өзге ұлт өкілдерінің арасында деп еститінбіз. Ал, қазіргі таңда, бұл дерт елімізде етегін кең жайған. Кеңес одағының ыдырауы, тұмшаланған шекаралардың ашылуы нашақорлық үрдісін, халықаралық есірткі бизнесінің дамуын, оның өрісін жеделдете түсті.

Нарық заманы келгелі бала тәрбиесінің де басқа сипат алғаны аян. Балаға тәрбиені телевизор мен компьютер, немесе көше беруде. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» деп хакім Абай айтқандай, азғындықты насихаттайтын шектен тыс ақпарат арнасымен балалар күнде бетпе-бет келеді. Осындай мәдени ақпараттық агрессия жасөспірімдер мен жастар санасын құрықтап, олардың арасында нашақорлықты, ішімдікті және зорлық-зомбылығы басым қатыгез сананы орнықтыруда.

Мамандардың айтуынша, бұрынғыдай апиын емес, қазір жасөспірімдер көбінесе күшті психотроптық дәрі-дәрмектерді, синтетикалық есірткілерді, героинді пайдаланады. Жүректе қайраттың жоқтығы, ұйықтаған ойды түртуге өзіндік

мұршаның болмауы, ақыр аяғында талай жастың ерте жастан мүгедек болуына немесе ұзақ уақыт бойы емделуге апарып соқтыруда[43].

Балалар мен жасөспірімдердің девианттық тәртіп формалары тәрізді *нашақорлықтың негізгі себептерінің бірі отбасындағы* келеңсіз көріністер, ата-аналардың спирттік ішімдіктерге немесе нашақорлыққа салынуы, өмір сүру деңгейінің төмендігі, жанұя мүшелері арасында жағымды көңіл-күй қатынастарының болмауы, жанұяда әкенің немесе шешенің болмауы, психоактивті заттарға оңай қол жеткізу, жасөспірімдердің бос уақытын өткізу мен қолы бос болмауының нақты бағдарламасының жоқтығы сияқты әлеуметтік факторлар үлесінде. Жиі жағдайларда есірткілер қоғамдық орындарда: мектептерде, дискотекаларда, кафелерде, көшелерде, саябақтарда, есірткілерді таратушылар мен сатушылардың пәтерлерінде алынады. Наркотизацияның маңызды психологиялық факторларына: жеке бастың психологиялық ерекшеліктері, жасы үлкен немесе беделді құрбыларға еліктеу, теріс көңіл-күй күйзелістерін залалсыздандыруға талпыну, жеке тұлғаның нормадан ауытқу белгілері, «ерегісу» наразылық реакциясы, психологиялық қорғаныс пен құндылық тосқауылының төмендігі, психоактивті заттарды тұтынудың алдын алу және олардың адам организмiне әсері туралы ақпарат деңгейінің төмендігі жатады. Сондай-ақ кейбір социологтар «жасөспірімдер арасында нашақорлар санының көбеюін жастардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырмаумен, бос уақытты мазмұнды өткізумен қанағаттанбауынан, есірткілерді пайдаланады» деген пікірлер бар. Нашақорлықты өмірлік сәтсіздіктермен (кедейлік, жұмыссыздық дискриминация және т.б.) байланысты дей келе, есірткілерді тұтыну әлеуметтік және психологиялық патологиялармен қатар, тұлғалардың жеке басындағы қолайсыздықтардан: сексуалдық аумақтағы, отбасындағы, еңбек нарығындағы жайсыздықтардан туындайды деген болжам да айтылады.

Нақты қандай адамдардың есірткі тұтынуға бейімділігін анықтау үшін ғалымдар нашақорлардың отбасын, мәдени ортасын және өмірлерінің әлеуметтік факторларын зерттеуде. Есірткіні қолдану себептерін жинақтай келе, мынандай мәселелерді ескеру де өте маңызды:

Қызығу: жас бала есірткі қолданып тұрған адамды көріп немесе жерде жатқан инелерді көріп соған қызығушылық танытады. қызығушылықтың туындауына көбінесе бұқаралық ақпараттардың өздері себеп болады дей аламыз.

Білімсіздік: есірткінің қаншалықты қауіпті екендігін білмеу және бұл мәселеге жеңілтектікпен қарау.

Ойын сауық орындары: дискотека және басқада ойын-сауық орындары. Бұлардың бәрі «ақ өлім» диірменінің құралдары мен қақпандары болып табылады. Ол жерге кірген адамның диірменнен өту ықтималы өте үлкен.

Әуестік: бір рет көрейін, содан соң тастаймын деп ойлайды. Бірақ бір немесе екі рет көру адамды қайтпас жолға түсіру үшін жеткілікті болады.

Мода: айналадағы адамдарға еліктеу. Қоршаған орта бұзық болса, жаман әдеттердің жұғуы өте оңай. Жастардың қауіп-қатерді жақсы көруі, жыныстық бұзылу, өзін-өзі көрсету, күшін дәлелдеуге тырысу, генетикалық құрлымның есірткіге бейімділігі, иманның әлсіздігі, нашар отбасы және бұзық қоғамнан

туындаған сенімсіздік, болашақ туралы уайымның адамды жалғыздыққа итермелеуі, жоқшылықтың өзін-өзі өлтіруге итермелеуі, байлықтың масаңдатуы, менмендікке итермелеуі негізгі себептер болып табылады.

Қысым: жаман достардың қысым жасауы, достарының қатарынан қалмау үшін жастар көбінесе олардың қысымына шыдай алмай есірткіні қолданады. Балалар мен жастар жанұядан, мектептен және достарынан әсер алады. Достарының қатарынан қалмау үшін жастар көбінесе достарының қысымына шыдай алмай есірткі қолданады. Осылайша есірткі мен алғашқы байланыс көшедегі белгісіз сатушы арқылы емес, достары арқылы пайда болады[43].

Сонымен қатар, жоқшылық, қымбатшылық, жұмыссыздық. Кейінгі есірткілік заттарды қолданатындардың басым көпшілігі - мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар. Оның себептері әр түрлі. *Біріншіден*, олар өз-өздеріне есеп беріп жатпайды. Өмірдің не екенін әлі жете түсінбейді. *Екіншіден*, ата-ананың көзқарасы, қоршаған орта, достар, еліктеу болып табылады. Көпшілік ата-ана жаңа туған нәрестеге қарап, таза жаралған жанды көріп, елжірейді. Шынында бала не әулие, не күнәсіз, не әншейін жақсы адам болып тумайды. Оның қандай болатыны көбінесе ата-аналарға байланысты. Бала бірінші кезекте жақсыға да, жаманға да дәл солардан үйренеді.

Жасөспірімдер арасында нашақорлыққа салынуға бейім жағдайлар мынандай:

- ата-ананың баласын тәрбиелеуге уақытының болмауы, жасөспірімнің үйден тыс өмірін қадағаламауы;
- отбасы мүшелерінің бірі арақ-шарап ішуі немесе есірткіні қолдануы;
- әкесі мен шешесінің жиі жанжалдасуы;
- ата-ананың бірінің бала тумай тұрғанда маскүнем болуы;
- отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі болмауы, түсініспеушіліктің орын алуы;
- мектепте мұғалімдердің нашақорлық мәселелеріне кеңіл бөлмеуі, жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізбеу;
- достарының арасында нашақорлардың бар болуы, өзінен жасы үлкен достарының жетегінде жүруі;
- алкоголь мен есірткіге қол жеткізудің оңай болуы;
- әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуі.

Есірткі пайдаланатын тұлғалар жас ерекшелігіне қарай бірнеше топтарға бөлінеді: *1-топты* 14-20 жас аралығындағы тұлғалар құрайды, олардың психологиялық ерекшеліктері балалық шақтан өткен соң сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне бейімделе алмау салдарынан есірткі заттарды пайдалану болып табылады. *2-топты* 20-30 жас аралығындағылар құрайды, мұндай адамдарға материалдық және әлеуметтік жоспарлардың тым баяу жүзеге асырылуына наразылық білдіру тән. *3-топқа* 30-50 жас аралығындағы жасы келгендер кіреді, олар сырт көзге табысты адам ретінде көрінуі мүмкін, алайда өмірге көңілі толмау, қатты дағдарысқа ұшырау салдарынан есірткі запарын қолданады.

Нашаны сатып пайда көзіне айналдырғандар өздері есірткіні ешқашанда пайдаланбайды. Олар нашаны сатып алатындардың қатарын көбейтуге ұмтылады. Ең біріншіден, есірткіні тегін беруді жөн көреді, алғашқы ұынатын

нашаны «экстази» деп атайды. Алғашқы кезде есірткіні ағзаға енгізу адамның өзін дені сау сезініп, көңіл күйінің алдамшы көтерлуіне, толық тәуелсіз сезінуіне әкеледі. Ал, шындығында, есірткіден адам психикалық және дене әлсіздігіне шалдығып, бүкіл ағзалары қатты уланады[44].

Әсіресе, жастардың арасында достарының бірі немесе бірнешеуі есірткі қолданатын болса, бұл басқаларының бір рет болсада «дәмін көру» үшін жеткілікті бір себеп болады. Жастар бір-біріне темекі ұсынардай немесе ауруын жазу үшін дәрі берердей есірткіні өте оңай тауып береді. Достар араларындағы әңгімеден тыс қалмағанын қалайтын жолдастарын да күштеп есірткі қолдануға үйретулері мүмкін. Есірткіден бас татқан достарын менсінбей, мазақ қылып, өздерінше төмендетуге тырысады.

Әдетте, 1-2 рет байқап көрудің өзі адамды наша тартушылардың құлы етеді, мүгедектікке апарады. Заттардың алмасу процесіне араласып, есірткі ең алдымен мидың серотоанин (мидың көңіл күй өзгерістерін бақылауына көмектесетін зат) шығаратын жасушаларын өлтіреді, бұл адамның белсенділігін төмендетіп, селқостыққа әкеледі. Иммундық жүйе зардап шегеді. Сондықтан адам ағзасы түрлі инфекцияларға берілгіш болып алады. Есірткі обырдың (рак), асқазан жарасының пайда болуына итермелейді. Тамырға жіберілетін есірткі нәтижесінде тек психика, жүрек-қан тамыры және жүйке жүйесі ғана емес, бауыр бүйрек те зардап шегеді, ауыруға қарсы тұру мүмкіндігіде нашарлайды. Тіс бұзылады, тамырлар сырқаттанады, белсіздік дамиды, ақыл ой деңгейі төмендейді. Бір рет татып көр мәңгілік құрдымға апарады. Екінші рет есірткі сатқан адамды іздеп жүріп тауып алаып, өз ақшасына сатып алатын жағдайға келеді. Осындай торға түскен адам есірткіден құтыла алмайтын тәуелді халге түседі. Ақшасы таусыла ұрлыққа түседі, яғни қылмысқа тартылады.

Нашақорлық бірнеше сатылардан тұрады:

Алғашқы саты 2-5 жыл, бұл сатыда басы айналады, құсқысы келеді, алғашқы сатыда *эйфориялық жағдай* болады: бей-жай күй, денесі балбырайды, қызады, тері жеңіл-желпі қышиды, көңіл күйі көтеріліп, сөйлеп ретсіз күледі, билей жөнеледі, тамаққа тәбеті арта түседі, әлсізденіп, қатты ұйқыға кетеді, ояғанда денесі дел-сал болып ауыр тартып, басы айналып, жүрегі қатты соғады, есірткі затын пайдаланады.

Созылмалы саты – 5-10 жыл, есірткі қолданбаса тұра алмайды. Адамның мінезі өзгеріп ашуланшақ болады. Ойлау қабілеті нашарлайды. Ұйқысы нашар, тәбеті болмайды. Әртүрлі толқынды ойлар шырмап алады. Есіркі затының мөлшерін 2-3 есе асырады. Ауру әлсіреп, жүдей бастайды, қылмыстық әрекеттерге барады.

Ақырғы саты – есірткілік затқа тәбеті болғанымен қабілеті жоқ. Аз қабылдаса да ұйқтап қалады. Аурудың өңі солғын, сұрғылыт, бетін әжімдер басып, жағы қуарып, кеудесі өңкіш тартып, жиі-жиі жөтеліп, денесі қалтырайды, тамаққа тәбеті нашар. Байқау қабілеті ерекше төмендейді. Есте сақтауы нашарлайды, ұялшақ болады.

Есірткі қолданатын адамдарды мынандай белгілерден анықтауға болады:

- Адамның дәрілерді жасыруға тырысуы;
- Терісінде көгерген немесе қарайған ине іздерінің болуы;

- Көктамырдың үстінде немесе айналасында су жиналғандай іріңнің жиналуы;
- Солғын, ұйқылы-ояу болу немесе талу, әсіресе денесін қасу байқалса есірткі немесе синтетикалық заттардың көп мөлшерде қабылданғанын көрсетеді;
- Есірткіден алыстатылған немесе қадағаланған кезде бірдеңе жоғалтқандай әрекеттер жасауы;
- Көз қарашықтарының үлкеюі;
- Адамның бос жерге қарап отыруы;
- Отқа ұстап тұру үшін арналған сабы артқа қарай майысқан кішкентай қасық, сабы темірден жасалған қақпақ немесе шприц сияқты есірткі қабылдау үшін пайдалынатын құралдардың болуы;
- Нашақорлардың жаргон тілін білуі;
- Кісінің белгілі уақытта (4-5сағат сайын) басқа жерге кетіп қалуы (есірткі қабылдау үшін);
- Адамның негізгі мұқтаждықтарынан басқа нәрселерге көп ақша жұмсай бастауы;
- Бұрын сенімді болған бір адамның қылмыс жасап, ұрлық, алдау-арбау, жезөкшелік сияқты жаман істермен айналысуы (есірткі сатып алу үшін);
- Есірткіге тәуелді адамдар өте ашушаң болады. Есірткіні қабылдау уақыты жақындағанда көздері суланып, мұрыны ағып, есінеп қасына бастайды.

Психопаттық көріністер, өзін-өзі жарақаттау, тіпті кейде өзіне қолданып жүрген емдеу тәсілдеріне қарсы мінез көрсетеді. Ақырын ғана шыққан дыбыс нашақорға тау құлап жатқандай болып естіледі. Алдында жатқан бір тал шыбық бөрене бол, тау төбе болып елестейді. Адамның аңғару, ойлау қабілеті нашарлап, бос сандырақтайды, бос күлетін болады.

Нашақорлық салдары

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы нашақорлық тек кең ауқымды мәселе ғана емес, сонымен қатар өрлеу үстіндегі Қазақстанның маңызды проблемасы. Оның әлеуметтік салдары бар: қылмыстар мен адамгершілікке жат әрекеттер істеледі, жеке тұлғаның және жалпы халықтың кері кетуі байқалады, өлім, әсіресе жастар арасындағы өлім жағдайлары етек алуда, өмірге қауіп төндіретін дерттердің дамуы және берілуі байқалуда, ауру және ертүрлі деңгейдегі кеміс балалардың тууы мен ажырасулар көбеюде.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) есірткілер мен қылмыс бойынша әлемде есірткі тұтынуға тәжірибесі бар 200 млн. адам бар, 110 млн. есірткілерді салына тұтынады және 25 млн. адам есірткілерге тәуелділіктен зардап шегеді. Нашақорлық таралуының қауіпі оның қайтарымысыздығында, жас тұрғындар мен халықтың әлеуметтік осал топтарының денсаулығын зақымдауында, осыған байланысты оның медициналық және әлеуметтік салдарының маңыздылығында. Есірткілерді тұтыну деңгейіне қылмыстық істер, қайғылы оқиғалар, жарақаттанулар, уланулар, кісі өлтірулер мен өзі өзіне қол жұмсаулар саны тікелей байланысты. Нашақорлық мемлекетке тікелей қауіп төндіретін, зор ауқымды ұлттық мәселеге айналды. Соңғы сараптамалық бағалаулар бойынша, әрбір нашақор «қар көшкіні» сияқты нашақорлықтың қарқынын үдету мақсатында жыл бойына есірткі тұтынуға 13-15 адамды қамтиды. Соңғы жылдары нашақорлар АҚТҚ-инфекциясын (ВИЧ-инфекция) жұқтырудың

негізгі себебі болуына байланысты, нашақорлық мәселесіне ерекше назар аударылуда.

Нашақорлық көптеген түрлі қылмыстарға итермелейді. Есірткілерге деген сұраныс оны коммерциялық сатуға тыйым салу жағдайында жасырын есірткі бизнесі мен наркомафияны туғызады. Есірткілерді тарату мен нашақорлар қызметіне байланысты басқа да қылмыс түрлері көбеюде. Егер есірткілік заттарды тәуліктік қабылдауға нашақордың қажеттілігі аса жоғары болса, бұл жағдайда кезекті дозаға ақша табу үшін, нашақор кез келген қылмысқа баруы мүмкін. Ол қоғаммен байланысты жоғалтады, сондықтан қылмыс істеуге әрқашан дайын. Нашақорлықтың салдарын бағалауда *күрделі есірткілер (героин, крэк, кокаин)* мен *жеңіл есірткілерді (гашиш, марихуана)* айырмашылығын ескерген жөн. Өлімге әкелетін күрделі есірткілер аса қауіпті. Жеңіл есірткілердің зиянын тұтынуға рұқсат етілген алкогольдік және темекі өнімдерінің салдарымен салыстыруға болады. Есірткілерді қабылдаудың белгілерін білу арқылы жасөспірімнің қандай есірткіні қолданатынын білуге болады.

Психика мен денсаулыққа тигізетін бірнеше әсерлері бар:

Ми және орталық жүйке жүйесі: Темекіден бастап барлық есірткі түрлері ми мен орталық жүйке жүйесіне ең көп зиян тигізеді. Сондықтан миға тәуелді ақыл-ой мен ерік күшіне әсер етіп, адам тепе-теңдік ұстай алмай, қалыпты мінез-құлық пен әрекеттерден айырылады.

Ақыл-есі дұрыс ми қызметі сау адамның ең үлкен дұшпаны есірткі. Есірткіге тәуелді адамдар, ең алдымен, жүйкелік және психикалық ауруларға шалдығады. Ұйқысыздық, жындану, ерте алжып, есінен адасу, ұстамалар (сандырақтау, қисынсыз әрекеттер жасау), галлюцинациялар (бос қорқыныш, елес көру, дыбыстар есту), ұмытшақтық және т.б. барлық психикалық аурулар.

Ас қорту жүйесі: жүректің айнуы, құсу, іш ауру, қаталау, іш өту, асқазан және ішектердің ауруы, қан кету және асқазан жаралары, мерез т.б.

Бауыр және бүйрек: улы-токсинді заттардың денеден шығыуында ең ауыр жұмыс осы ағзаларға түсіп, мынандай нәтижелерге апарып соғады: бауыр мен бүйрек жұмысында ақаулардың шығуы, майлану, бауырдың қабынуы, бүйректің әлсізденуі, қан мен зәрдің көбеюі, бауыр мен бүйректің тығындалуы, өте ауыр бүйректің асқынған ауыр әрі қатерлі аурулары.

Көз: жарық және алыс жерді көрмеу, қылилық, түнде көрмеу, көз қарашығының үлкеюі немесе кішіреюі, т.б. көз аурулары.

Тыныс алу жүйесі: тыныстың тарыуы, жөтел, тұншығу, жүректің қысылуы, тыныс ағзаларының сал болуы.

Қан жүйесі ағзалары: Қан адам өмірінің ең маңызды ағзаларының бірі бола тұра есірткіден өте көп зиян көреді: қан аздық, қанның улануы, қан талшықтарының түрі мен мөлшерінің өзгеруі, қанның ұюы және бұдан туындаған гангрена.

Улану: есірткінің ең басты болымсыз жақтарының бірі өлімге апаратын улану болып табылады.

Әлеуметтік және материалдық әсерлері

Қоғамдық өмірде адамның айналасымен түсінісу мүмкіндігі ақыл-есі дұрыс болғанда ғана іске асады. Сондықтан ақыл-еске зақым келтіретін есірткі адамның қоғамға үйлесе алмай, жанұясынан, айналасындағы адамдардан алыстап, жалғыз қалуына себеп болады. Одан кейін ол күйзеліске түсіп, хипписекілді өмір сүре бастайды. Есірткіге тәуелді адам тірі өлікке айналады. Осы себептен есірткінің адамға, отбасына, дүниеге келетін сәбилерге, қызметке, жанұя мен ел экономикасына, жеке адам және қоғамдық тәрбиеге беретін зияндарын сөзбен айтып жеткізу өте қиын. АҚТҚ (СПИД), сифилис, көкжөтел, қатерлі ісік, гангрена және осыған ұқсас аурулардың жайылуына есірткі және нашақорлар себеп болады.

Есірткіден қорғаудың жолдары:

Есірткіден қорғауда ең үлкен жауапкершілік жанұяға түседі. Жанұя қоғамның негізі болып табылды. Балаға ең алдымен әке мен ана үлгі өнеге болулары керек. Балалар әр түрлі проблемаларын алдымен ата-анасына айта алуы керек және проблемаларды жанұядағы ересектердің білулері шарт. Жасөспірімдер бақыт пен сүйіспеншілікті өз жанұяларынан іздеу керек. Жаман достардан алыс болулары керек және жаман адамдарды әрекеттерінен, сөздерінен тануға болады.

Жастарды есірткіге тартатын мәдениетті: ішімдік, есірткі, құмарлық ойындар, жезөкшелік, үйден қашу сияқты істерге итермелейтін мәдениетті «есірткі мәдениеті» дейміз. Бұл мәдениет жаман әрекеттердің негізінде құрылған осы зиянды әрекеттерге кедергі болу үшін есірткі мәдениетімен күресу керек. Бұл мәдениеттің өркендейтін жері кафе-бар, дискотека, ойынхана сияқты жерлер. Сыра және алкогольсіз сыра маскүнемдігін және есірткінің бастапқы сатысы болып табылады. Бұл мәдениетке қарсы қояр бір ғана қаруымыз бар, ол – ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық, рухани құндылықтарымыз.

Ата-аналардың көңіл бөлуге тиісті қауіпті белгілері:

- Бұрын бізбен бірге болуды ұнататын қызымыз немесе ұлымыз бізден алшақтап кетсе, қалаулары жиі өзгеріп тұрса, қанағатсыз болса, оқу жөніндегі пікірін өзгертсе, шешім қабылдауда қиналса...
- Тұйық мінезді, өте ашушаң, ренжігіш болып сосын қайтадан бұрынғы қалпына келгенін байқасаңыз...
- Мектептегі үлгерімі нашарлап кетсе, достарын жиі ауыстырса, бұрынғы достарымен араласпаса, айналасындағылардан қарым-қатынастан қашса, жұмысын немесе оқуын тастағысы келсе...
- Ештеңе қызықпай, барлық нәрседен алыстап, болашаққа қатысты ешқандай қадам жасамаса...
- Сезімдері күрт өзгеріп, тамақ жемесе...
- Өтірік айтса, үйден ұсақ-түйек нәрселер жоғала бастаса...
- Киімінде, төсегінде күйген тесіктермен жыртықтар пайда болса, әртүрлі жерге баратындығын білсеңіз...
- Әжетханада ұзақ уақыт болғаннан кейін рахаттанып шықса...
- Бөлмесінде, үстінде опаға ұқсас нәрселер болса, бұлардың бәрі сізге бір проблеманың бар екендігін сездіреді. Бірақ бұл проблеманы ата-анасы жалғыз шешуге тырыспай, міндетті түрде маманның көмегін алу керек

- Жан жағындағы оқиғаларға бейтараптық; үйде болмау, мектептегі сабақтарға бармау, оқу үлгерімінің төмендеуі; есте сақтау қабылетінің төмендеуі; сынағанды көтере алмау; себепсіз кенеттен баланың көңіл-күйінің ауытқулары; ақша сұрау, ақшаның жоқтығына көнбеу; үйден бағалы заттар, киім мен ақшаның жоғалуы; белгісіз адамдармен жиі телефон арқылы сөйлесу.

Мемлекеттің міндеттері:

Бұл мәселенің шешуін денсаулық қорғау министрлігі, оқу-білім министрлігі, ішкі істер министрлігі, қорғаныс министрлігі және басқада жастар қоғамы мен мекемелер бірге ізденіп, үлкен жауапкершілікпен қараулары керек:

- Жоғарғы сыныптарда 1-2 сағаттық сабақ беріліп, бұған заңды түрде қолдау көрсетілуі керек.

- Оқушыларымен бірге жанұялары да қатыстырылуы керек. Жанұя, БАҚ-тың көмегімен материалдық және рухани құндылықтардың уағыздалуына жағдай жасалу керек

- Басқарушылардың және оқытушылардың жаман үлгі-өнеге болуына кедергі болу керек.

- Мектептерде қабілетті оқушыларды жинап, жетекші ретінде бір мұғалім тағайындап «Салауатты өмір» үйірмесін ашу керек. Мұғалімдер бұл саладағы біліктіліктерін арттырулары қажет.

- Бұл мұғалімдер әрі оқушыларды, әрі жанұяларын оқытулары керек. Осындай сабақтар оқу жылы бойынша болып тұруы керек.

- Мектептер осы мәселеге байланысты керекті оқу құралдармен, оқулықтармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуі керек.

- Оқулық дайындауға Білім беру министрлігіне Денсаулық қорғау министрлігі, БАҚ (әсіресе деректі фильмдер түсіру жөнінде) көмектесуі керек. «Салауатты өмір» үйірмесі бұл жұмысқа мақалалар мен баяндамалар арқылы белсенді түрде қатысуына жағдай жасауы керек.

- Жеке мекемелердің басшылары да бұл жұмысқа белсенді түрде қатысулары қажет.

- Барлық халықтың ұйымдар мен азаматтар бұл күреске үлес қосып, өз міндеттерін орындаулары керек.

- Бұл күресте ең басты жұмысты атқаратын «Салауатты өмір» үйірмесіне мынадай көмек көрсетілсе игі: а) қаржы, техникалық және ұйымдық жағынан қажетті жәрдем көрсету; б) Жастар үшін шығатын «Салауатты өмір» журналына мемлекеттік кітапханалардың, юарлық мектептердің жазылуына жағдай жасаған абзал.

- Әрине, бұл жұмыстардың іске асырылуы, мемлекеттік деңгейдегі ұйымдардың құрылуы, қажетті заңдар мен үкімдердің шығарылуы министрлік арқылы болуы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарның міндеттері:

Ең беделді және кең таралған ұйым болса да, бұл мәселенің шешім табуы үшін ешқандай жауапкершілік алмаған, тіпті есірткі мәдениетінің таралуына үлесін қосатын бұқаралық ақпарат құралдарын қадағалау керек. Бұл беделді ұйымның барлық бөлімдерін пайдалы және дұрыс жөнге бағыттап, маңызды міндеттерді орындамайынша, мемлекет пен қоғам өркендемейтіндігін түсіну қажет.

Іс-әрекеттердің негізгі бағыттары:

- Білім беру жүйесінде профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу арқылы есірткілер мен психоактивті заттарды тұтынуға байланысты, олардың зияны және салдары туралы балалар, жасөспірімдер мен жастардың хабардылық деңгейін арттыру;
- Нашақорлықтың алдын алу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) кеңінен пайдалану;
- Волонтерлік қозғалысты әрі қарай жетілдіру;
- Кең ауқымды акциялар өткізу;
- Әдістемелік және ақпараттық-оқыту материалдарын әзірлеу;
- Балалар, жасөспірімдер мен жастарда есірткілерді тұтынудан бас тартуға және оның келеңсіз көріністеріне қарсы тұруға мүмкіндік беретін дағдылар қалыптастыру.
- Интерактивті оқыту негізінде өз денсаулығына, дұрыс шешім қабылдау мен тәртібіне жеке жауапкершілік қалыптастыру.
- «Тең-теңге» принципі бойынша волонтерлерді, педагогтарды оқыту, жастарға арналған семинар-тренингтер өткізу;
- Балалар, жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын пайдалы өткізу мақсатында қол жетімді балалар клубтарын, үйірмелер, секциялар, аула клубтарын, жазғы лагерлер жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- Пара – пар қозғалыстар дамыту (велосипед қозғалысы, роликтер, стритбол, скейтбордтар және т.б.);
- Балалар, жасөспірімдер мен жастарды қамтумен акциялар (диспуттар, пікірталастар, салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтарды қатыстырумен теле- және радиохабарлар өткізу, сазды және мәдени көпшілікке арналған іс-шаралар) ұйымдастыру және өткізу;
- Наркологиялық орталықтар, психологиялық көмек көрсету диспансерлері базасында ата-аналар үшін сабақтар, семинарлар өткізу, нашақорлықтың алдын алу бойынша отбасылық кеңес беру пункттерін ұйымдастыру;
- Барлық мүдделі құрылымдардың өзара ықпалдастық қызметін, сектораралық бірлескен жұмысты күшейтумен, жастардың есірткілерден бас тартуына бағытталған жастар мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
- Балалар, жасөспірімдер мен жастардың жеке және әлеуметтік проблемаларын жеңуде психоәлеуметтік қолдау жүйесін дамыту;
- Жастарға арналған денсаулық, құпия кеңестер беру орталықтарын құру және дамыту, «сенім» телефондары жұмысын жетілдіру.

Нашақорлыққа қарсы айлық өткізудегі мақсат: Қоғам назарын халықтың нашақорлықпен әуестену мәселесіне аудару және бүкіл мүдделі мекемелердің күш-жігерін нашақорлықтың дамуына тосқауыл қоюға бағыттау. *Нашақорлыққа қарсы айлық өткізудің негізгі міндеттері:*

1. Есірткі мен психобелсендіргіш заттарды тұтынудың зияны мен оның салдары туралы жасөспірімдерге, жастарға көбірек ақпарат беру.
2. Есірткі тұтынудан бас тартуға ықпал ететін және жағымсыз құбылыстарға қарсы тұруға мүмкіндік беретін дағдыларға үйрету.
3. Салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру.

4. Өз денсаулығы мен мінез-құлқына деген жеке жауапкершілікті қалыптастыру. Жастар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлық – жаһандық ауқымда ғана емес, дамып келе жатқан Қазақстанда да өршіп келе жатқан мәселе болып отыр. Нашақорлық, есірткіге құмарлық дерті ретінде қылмыстық істер жасауға бастар жол болып табылады. Нашақорлық дертінің әсерінен кейбір жеке қылмыстардың жасалуы нашақорлықтың қоғамдық қауіптілігін көрсетеді.

Есірткі тұтыну мәселесі – бұл рухани иммунитеті әлсіреген қоғамды, яғни әркім тек өзінің қара басының қамын ғана ойлайтын және тек өзінің жеке материалдық мүддесін ойлаумен шектелетін қоғамды жоятын әлеуметтік дерт. Есірткіні тұтыну мен таратуға қатысты ахуал кәмілетке толмағандардың, балалар мен жасөспірімдердің өміріне нақты қауіп төндіруде, өйткені қазіргі қоғамның теріс әлеуметтік құбылыстарын тез әрі көбірек қабылдайтындар солар болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының алдында тұрған және шұғыл шешуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі ел халқының денсаулығына және тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздікке төнген жаһандық қатер ретінде нашақорлықтың және есірткіні жою.

Қорыта келе жасөспірімдердегі нашақорлықтың алдын алу үшін жасалатын мынандай шараларды ұсынамыз:

- *Жасөспірімді отбасы және қоғам жағынан қадағалау қажет.* Отбасы жасөспірімдік қылмыстың алдын алуға мүмкіндік береді, жанұя қоғамдық қадағалауды жүзеге асырады. *Қадағалаудың екі түрі бар.* Біріншісі, *тікелей қадағалау* – сыртқы болып табылады, оған шектеулер және жазалаулар жатады: ата - аналары баланың уақытында сабақтан келуін, жолдастарымен қарым-қатынасқа түсетін кіші топтарды қадағалап, тексеруі, уақытында баланы мадақтауы немесе жазалауы жатады. Екінші түрі, *көмекші қадағалау* сыйластық және махаббат. Жасөспірім ата-анасына және басқа да адамдарға осы сезімдерді сезінеді, олардың тәрбиесі мен іс-әрекетін махаббат басқарады. Ата-анасына және басқа адамдарға махаббат, сыйластықпен қараған бала көп жағдайда қылмысқа бармайды. Себебі, жасөспірімдерге үміт артып, сенетін адамдарды ренжітіп, көңілін қалдырғысы келмейді.

- Жасөспірімдердің көбі жасалатын қылмыс үшін қандай жазалар өтейтінін білмейді, сондықтан, жасөспірімдерге қылмыс жазалары туралы семинарлар жүргізу керек.

- Жасөспірімдер сабақтан тыс көп уақыттарын босқа жібермей клубтарда, үйірмелерде спортпен шұғылданып немесе пайдалы іс- әрекеттермен айналысуы аса маңызды.

Нашақорлықпен күрес баршамыздың алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі. Ұрпақ саулығы, ұлт амандығы қазіргі таңда онсыз да саны аз қазақ халқы үшін аса маңызды. Сол себепті саламатты ұрпақ тәрбиелеуге атсалысу баршаға ортақ міндет болып отыр.

1.8 Агрессивті мінез – құлық реакцияларының көріністері мен формалары

Агрессия - ұмтылу, шынайы іс-әрекетті, фантазияны көрсету, басқару мақсатындағы доминатты әрекет. Агрессиялық әрекет - мақсатты көзделген тіршілік иесіне зиян келтіру әрекеті[44]. Агрессивті мінез–құлықтың әртүрлі формалары мен өзіндік бағалау деңгейлерінің арасында тәуелді байланыс орнайды және жеткіншек жасында мінездің акцентуациясына байланысты қатты білінеді. Агрессиялықты өзіндік бағалаудың көрінуіне жатқызады, себебі, өзіндік бағалау деңгейімен агрессивтіліктің арасындағы өзара байланыстың бар екенің тағы да нақты байқауға болады. Жасөспірімдік жаста агрессивті мінез - құлық себептерін өз уақытында тез қарастыру аса маңызды, себебі, бұл кезең олардың мінез–құлқындағы ауытқушылықтың болатының нақты көрсетеді. Мысалы, мінез–құлықтағы оқшаулану, тұйықталу, өзімен өзі болу жағдайын әдейілеп нақты көрсетуге байланысты туындаған өзіндік бағалаудың әр түрлі деңгейлері осы кезде байқалады, яғни жеткіншек пен қоршағандардың арасында «мағыналық кедергі» болды дегенді түсіндіреді.

Агрессияның және жоғарғы алаңдаушылықтың негізі жиі ерте балалық шақта пайда болып, тұрақтанып кейінгі кештеу жаста бекітіледі. *Агрессия реакциялар формаларын келесі түрде бөліп көрсетуге болады:*

- *Физикалық агрессия* – біреуге қарсы физикалық күш көрсету;
- *Жанама агрессия* – бұрма жолдарымен жасалынатын бір адамға бағытталған әрекет, сондай – ақ ешкімге бағытталмаған долылық көріністері (айғай, аяғымен тепсіну, жұдырықпен стол үстін ұру, есіктерді қатты серпу);
- *Вербальді агрессия* - негативті сезімдердің белгілі бір форма ретінде (айғай, ұрысу, у – шу, бүлдіру, сондай – ақ сөздік жауаптар арқылы қорқыту, серу) білдіреді;
- *Тітіркенушілікке бейімділік*–беделдікке немесе басшылыққа қарсы бағытталған оппозициондық мінез–құлық мәнері. Ол қалыптасқан заң мен дәстүрге қарсы белсенді күресті ұйымдастыруға дейін өсуі мүмкін.

Мінез–құлық ауытқушылығы бар балалармен коррекциялық жұмыстың өз ерекшелігі бар. Жеткіншекпен жеке жұмыс өте тиімді. Ең бірінші, жанұямен жұмысты қатар жүргізу қажет. Жанұялық қарым–қатынас диагностикасынан кейін үйлесімсіздік сатысына қарай психокоррекциялық жұмысты жеке және топтық түрінде жүргізуге болады. Бірақ негізгі жұмыс жеке жеткіншекпен бірге жүргізілгені дұрыс. Агрессивті балалардың мінез құлқын тәртіпке келтіруде мына бағыттарда жұмыс істеу қажет:

1. Ашу – ызаны қолдануға болатын жағдайды үйрету;
2. Балаларды әр түрлі өзін - өзі ұстай алуға, өзін - өзі басқару әдісіне үйрету;
3. Шиеленіскен жағдайларда сөйлесу дағдыларын қалыптастыру;
4. Адамдарға сену, жаны ашу сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Агрессивті мінез – құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі – жанұядағы қатынас. Көптеген шет елдік зерттеулер көрсеткендей агрессивті балалардың ата – аналары физикалық жазаларды қолдануға бейім болған және бір – бірімен келісушілік болмаған, балаларға жек көрушілік қатынаспен және эмоциялық суықтықпен қараған. *Жасөспірімдердегі агрессивтілікті зеттей келе жанұяның үш нұсқасын сипаттайды:*

1. Ата – анасының біреуі агрессивті болғандықтан және агрессивтілік және қылмыстық тенденцияны туындататын күрделі конфликтер себебінен бала агрессивті болады.
2. Ата – анасының ешқайсысы агрессивті болмайды. Ата – аналары агрессивті емес, балаларын қатал жазалаушы және жанұялық конфликт аз болған, бірақ балалар физикалық жазалануға ұшырайды.
3. Баланың агрессивті мінез – құлқына шектен тыс қамқоршылық жанұяның ішінде бекітіледі. Тек осының салдарынан бала нақты сол агрессивті мінез – құлықтың шектен тыс болуы да зиян болады.

Бала міндетті түрде өзінің ашу ызасын ішіне жинауға мәжбүр болған жағдайда оның агрессивті сезімдері соғұрлым күшейе түседі. Қатал жазалау жаңа фрустрацияларға әкеледі[56]. Яғни сол жағдайлардан шығар жол таппаған кезде жаңа агрессивті сезімдерге әкеледі. Егер бұл қайталанатын болса, негативті шиеленісті іздеу ретінде қарастырылатын мінез – құлықтың моделі қалыптасады. Жасырын агрессивтілік болған жағдайда балада мазасыздану және жайсыздық пайда болады. Агрессивті мінез – құлыққа анасының және әкесінің ашуын көтере алмаған жағдайда және фрустрацияға жауап бере алмаған кезде балада мазасыздану жоғарылай бастайды. Агрессивтілік туралы Сирстың ойы қисық сызықты түрде көрсетілген болатын.

Қазіргі жаңа психологиялық бағыттарда агрессия мәселесі өте аз зерттелінуде, алайда соған қарамастан оған көптеген теориялық және эксперименттік зерттеулер арналды (С.Н. Еникополов, 1976, Л.П. Колчина, 1976, Т.Н. Курбатова, 1996, Л.М. Семенюк, 1991, А.И. Фурманов, 1996, С.М. Шурухт, 1996 және басқалар). Бұл жұмыстарда Ресейдің әртүрлі мекенді елдерінде тұратын адамдағы агрессияны жыныстарына, жастарына, білімдеріне, кәсіптеріне, ұлтына, мәдениетіне қатысты зерттеді. А.К.Осницкийдің зерттеулері көрсеткендей балалар агрессиялы мінез – құлық модельдері жайлы білімдерді үш түрлі ақпарат көздерінен алады екен.

Жасөспірімдік жастағы балаларда ішкі және сыртқы конфликт күшейеді, мәселен, жоғарғы қобалжу, күмәнданғыштық, түрлі қорқыныштарға бейімділік, мінез – құлықтағы қатыгездік, агрессиялық ерекшеліктердің туындауына әкелуі мүмкін. Жеке даралықты қалыптастыратын әр түрлі қызығулардың жоқтығы, бос уақыттың молдығы деликвентті мінез – құлықты дамудың негізгі шарты, агрессиялы мінез – құлық зерттеудің жүйелік негіздері агрессиялы мінез – құлықтың мотивтерінің бірі болып табылатын жағымсыз мінез – құлықтың сипатын көрсетеді. Жасөспірімдердің агрессиялы мінез – құлықтарының мотивтеріне кино мен теледидардың әсерін жатқызуға болады. Осыған байланысты *агрессиялы әсердің төрт түрлі мәселелері* қозғалады:

- меңгеру эффектісі, яғни коммуникация арқылы қалыптасқан агрессияның туындауын не күшейтеді;
 - эмоциялық салдар мәселесі;
 - катарсис мәселесі,
 - жәбірленуді бақылау агрессияны жоғарлата ма әлде төмендете ме.
- Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдер ақпараттық құралдар

- акрылы агрессиялы мінез–құлықтың жаңа түрлерін меңгереді: «қабілеттендіруші», «катарсис», «қоздырушы», модельдер.
- Жасөспірімдік кезеңнің жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере отырып, мынандай диагностикалық әдістемелерді ұсынамыз:
- жоғарғы жүйке жүйесінің қасиеттерін анықтайтын аппаратуралық әдістер,
 - «жоғарғы жүйке жүйесінің қасиеттерінің анамнестикалық сызба көрсеткіштері» сұрақтары,
 - Айзенктің сұрақтары (жасөспірімдерге арналған нұсқа),
 - В.М.Русаловтың темперамент құрылымы-сұрақтары (балалар мен жасөспірімдерге арналған нұсқасы),
 - мінез-құлық пен темперамент (ЧХТ-черты характера и темперамента) сұрақтары,
 - тепинг-тест (психологиялық көрсеткіштер бойынша жүйке жүйесі қасиеттерін анықтау),
 - Я.Стреляудың темперамент құрылымы сұрақтары,
 - өзін-өзі сезіну белсенділік көңіл-күй (САН-самочувствие-активность-настроение) сұрақтары.

II. Ауытқушылық әрекет-қылықты психодиагностикалау мен психокоррекциялаудың тәжірибелік негіздері

2.1 Психодиагностиканың маңызы мен міндеттері

Психодиагностика- (айырып тануға қабілетті) адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдері арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психикасының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аймағы [14]. Ол қайта өңдеу және дамытуды қарастырады. Теориялық пән ретінде психодиагностика адамның ішкі әлемінде болатын өзгерістерді қарастырады.

«**Психодиагностика**» термині «психологиялық диагноз қою» немесе адамның толығымен психологиялық құрылымының барысы туралы «кәсіби шешім қабылдау» деген мағынаны білдіреді. «Диагноз» грек тіліне аударғанда «танып, білу» дегенді білдіреді. Ал «диагностика» - «бір нәрсені танып білдіру» дегенді білдіреді. Мысалы: медицинада – ауруды, техникада – қандай да болмасын құралдың бұзылуын т.б. білдіреді. Қазіргі кезде психодиагностика адамның жеке физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін анықтайтын және оларды зерттеу әдістерін жасайтын психологиялық пән ретінде қарастырады. Психодиагностика түсінігінде сонымен қатар әр түрлі қасиеттерді анықтауға арналған психолог жұмысының практикалық әрекеті де енеді.

Психодиагностика дифференциалды психологиямен, психометрикамен тығыз байланысты. Психодиагностиканың қолдану салалары: психотерапия, психологиялық кеңес беру, экспертиза, кәсіби таңдау т.б. Психодиагностика – жеке адамның даралық психологиялық ерекшеліктерін анықтайтын және өлшейтін психология ғылымының бір саласы. Психодиагностика үшін математикалық-статистикалық амалдар өте маңызды, соның ішінде әсіресе –

коррекция және факторлық талдау болды. Психометрия мүмкіндіктерін қолдану психодиагностиканың практикалық нәтижесіне маңызды әсерін тигізеді. Теория мен практика арасындағы және сол сияқты тұлға туралы академиялық концепциялар мен оны іс жүзінде зерттеу арасындағы байланыс психодиагностиканың негізгі міндеттерінің бірі [20].

Психодиагностика негіздерін білу психолог маманына психологияның математикалық аппаратын дұрыс пайдалануға, психодиагностиканың теориялық концепцияларын орынды қолданып зерттеудің мақсаттарына және міндеттеріне сәйкес келетін әдістерді дұрыс таңдауға, экспериментті ұйымдастырып жүргізуге, нәтижелерді өңдеуге және интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Психодиагностика білімдерін меңгерген психолог маманы өзі үшін жаңа немесе жаңадан шығарылған тестті практикалық, ғылыми зерттеуге сәйкестігін тексеру үшін қандай көрсеткіштер бойынша талдау жасау керек екенін; қандай да болмасын тесттің құрылымы, интерпретация ерекшелігі туралы, сонымен қоса нақты тест қандай парадигма шеңберінде шығарылып, пайдалануға ұсынып отырғанын біле алады. Сондықтан, практикалық психолог мамандығын меңгеруде «психодиагностика негіздері» курсы негізгі дәрістердің бірі болып есептеледі, өйткені ол тесттердің психологиялық мәнісін түсіндіруге және олардың математика тұрғысынан өңдеу әдісіне бағытталған.

Психологиялық диагностиканың негізгі міндеті индивидтер арасындағы ерекшеліктерін немесе бір индивидті әртүрлі кезеңдер мен жағдайлардағы жауаптарын, ерекшеліктерін, дербестігін, қасиеттерін өлшеу, бағалау, анықтау. Диагностика педагогикалық тәжірибеде мынандай тапсырмаларды шешеді:

1. Қатысушылар жұмыстарының қорытындысын анықтау.
2. Қалыптастыру құралы ретінде.

Диагностикалық зерттеуді жүргізу үшін мақсатын, объектісін, зерттеу затын білу керек. «Психодиагностика» терминін 1921 жылы Г.Роршах еңгізді. Ол «негізгі қабылдаудағы диагностикалық тесттер» көмегімен зерттеу үдерісін жүргізді. Бұл терминнің мазмұны біртіндеп кеңейе түсті. 1966 жылы Р.Хейс бойынша психодиагностика алдағы уақытта маңызды түсінікке ие болады деді. Р.Хейстің өзіндік психодиагностикасының пайда болуы, проективті жолдың қалыптасуы, тұлғаның толықтай ашылуының бағыттылығы мен психометриялық тесттердің бейімделуімен байланысты. «Г.Роршахтан кейін психодиагностика — бұл тұлғаны әдістемелер мен басқа да проективті тесттермен зерттеу».

1961 жылы Мейли, 1966 жылы Р.Хейс неміс және швецар психологтарының жұмыстарының ішінен көбінесе «психодиагностика» түсінігі проективті әдістемелерге жатқызылуы және оның қолданылуы психологиялық тестілеудің сапасы болып табылады. [37]

1949 жылы Розенцвейг және басқа зерттеулердің бойынша «диагноз» психологияда тек қана қандай да бір бұзылыстарда, ауытқушылықтарда пайдаланады. Қазіргі кездегі сөздіктерде WESTER: «Психодиагностика - бұл тұлғаның ғылыми және тәжірибелік бағалауы немесе клиникалық психологияның көмегімен психикалық бұзылыстарға диагноз қою».

Қазіргі заман психологиясындағы психодиагностика түсінігі былайша топтастырылады:

- Г.Роршах әдістемесіне және басқа проективті тесттерге жатады;
- Түрлі бұзылыстармен, психологиялық ауытқушылықтарды бағалаумен байланысты;
- Кей-кезде психологиялық тестілеудің синонимі ретінде қолданылады.

«Психологиялық диагностиканың» қалыптасып дамуына 1960 жылдың аяғында, көбінесе, Б.Г.Ананьевтің үлесі көп орын алады. Қазір «психологиялық тестілеудің» орнына «психодиагностика» термині қолданылатынына жауап беру қиын. Жана психологияның бағыттарында затты анықтау, сонымен қатар зерттеудің принциптерін керек етті. Бұл бағытта бірінші қадамды Б.Г.Ананьев жасады, ол психологиялық диагностиканы зерттеу бағытының мақсаты ретінде қарастырды. [20]

Кеңестік психодиагностиканың қалыптасуы 1960 жылдың аяғы мен 1970 жылдары болды. Бұл қалыптасу қиын шарттарда болды, сондықтан психологиялық тесттерді бірінші клиникада пайдаланады, яғни «аралық шекарада». Осындай ұстанымды В.И.Войтко мен Ю.З.Гильбух 1976жылы өз еңбектерінде көрсеткен: «Біріншіден, психодиагностикалық зерттеулерде әрқашан тұлға болады. Екіншіден, психодиагностика тек жеке индивидпен ғана байланысты емес, - ол адамдардың алдын-ала мінез-құлқын, іс-әрекетін білетін және олар анықталған бұзылыстар мен ауытқулар және тағы басқалары болады».

Кеңестік монографиялардың психодиагностикалық көрсетімі мен сипаты: «психологиялық әдістемені адамдардың психологиялық және психофизиологиялық белгілерінің әдістерін классификациялау және ранжірлеу».

К.М.Гуревичтің пікірінше мұндай анықтамалар психодиагностикада барлық мүмкіндік психологиялық және психофизиологиялық әдістемелерді қарастыруға мүмкіндік береді.Е.А.Климов 1982 жылы психодиагностиканы «ғылыми әдістерді және тәжірибелік жұмыстарды жедел психологиялық ақпараттармен қамтамасыз етуін» анықтады.

Тесттердің түрлі аумақтағы психологиялық тәжірибесі 80 жылдың екінші жартысында жаңа бағыттарға енді. Мысалы, «Қысқаша психологиялық сөздік» (1985) былайша көрсетілген: психодиагностика - «психология аумағындатұлғаның жекелік ерекшеліктері мен перспективаларының дамуы».Психодиагностиканың мақсаты: тиімді құрылымдағыдиагностикалық әдістемелер, яғни психологиялық әлеуметтік қоғамдағытапсырмаларды шешу».1883жылы Френсис Гальтонның монографиясында сенсорлы және психомоторлы қабілеттілікті бағалау берілген. Осыған байланысты 1869жылы дифференциалды психологиялық идеялар көптеген зерттеулерде тәжірибе жүзінде іске асады.

1898 жылы Гальтонның оқытушысы Джеймс Маккин Кэттелл ағылшын журналы MIND-та өз мақаласында «тест» терминін бірінші ретқолданды.1890 жылдың басында Эмиль Крепелиннің идеясы эксперименталды психологияның тапсырмасы психологиялық және психиатриялық диагностикалық әдістерді

пайдалануды ұсынды. Оның оқытушысы — Э.Оерн, ол интеллектуалды қабілеттілікті бағалауды тәжірибе жүзінде бірінші болып пайдаланды. Оның қолданған әдістемелері мынадай психикалық функцияларды, қабылдауды, есте сақтауды, ассоциациялауды және моториканы қарастырды.

19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басында қарқынды дамыған әдістер, психологиялық диагностикада тұлғаның түрлі интеллектуалды сипаты мен мамандардың ортасында жалпы интеллектінің өлшеуінебағытталады.

1885 жылы Герман Эббингауз мәтіндегі сөздерді есте сақтау қабілеттілігіне арналған әдістемені шығарады. Бұл бірінші рет топтың ойлау қабілеттілігіне арналған тест болып табылады.1908жылы Альфред Бине мен Томас Симон өздерінің негізгі нұсқауларындағы «Интеллект шкаласын» енгізді, бұл интеллектінің ақыл - ойын өлшеуге арналған.1912-жылы Вильям Штерн бала интеллектісін өлшеуде интеллект коэффициентін ұсынды, бұл жас ерекшелік кезеңіне байланыстыөлшенеді.1916жылы Стенфорд университетінің профессоры Льюис Термен ағылшын тілін игеруші мемлекеттерде Бине - Симон шкаласын аяқтады.[48]Бұл бірінші жекелік тест жалпы интеллектіге байланысты.

1910 жылы орыс психологы Г.Р. Россолимо ішкі жекелік ерекшелікті бағалауда түрлі ақыл - ой қабілеттілігіне байланысты өз әдістемесін ұсынды, яғни индивидуалды жолмен «психологиялық профильді» ұсынды. Бұл әдістеме кең түрде біздің мемлекеттегі, сонымен қатар шетелде де таралды.Роберт Йерксом бірінші дүние жүзі соғысында арнайы американдық психологиялық ассоциация комиссиясы ұсынған Әскери интеллектілік тестін құрды. Бұл жалпы іштеллектіге арналған бірінші топтық тест.

Психологтар мен педагогтар психодиагностикада теориялық және тәжірибелік жұмыстар көп атқарды. 80-ші жылдары осы жұмыстарға фундаменталдызерттеулержүргізілді. Осының ішінен екі монографияны көрсетуге болады, олар Герхард Вителактың «Негізгі диагностика» және «Оқудағы үлгермеушілікті жеңу». Юрген Гуткенің монографиясы «Оқу қабілеттілігінің интеллектуалды әдістемесі», К.Гутьярдың «Психикалық қалыпты өлшеу», ұжымдық еңбекте «Оқу қабілеттілігінің әдістемесіне кіріспе».[20]

Чехославия республикасында 60 - жылдардың басында психологиялық және педагогикалық әдістемені орталығын ұйымдастырды. 1968 жылы осы орталықта ұлттық кәсіпкерлік «Психодиагностиканы» ашты.

Ұлттық кәсіпкерліктегі «Психодиагностика» функциясына кіретін: психодиагностикалық әдістерді қолдану және тексеру, ақпараттық жұмыстар. Осы кезде Йозев Шванцер және оның ұжымы «Психикалық даму әдістемесі» деген монографиясы жарық көрді.Кубада француз психологы Рене Заззонның испан тілінен аударылған «Оқушылардың психологиялық зерттеулері» атты мақаласы жарық көрді.

Психодиагностиканы А.Г.Шмелевтің айтуынша «ғылым мен тәжірибе арасындағы байланыс», ғылыми жағынан индивидуалды психологиялық айырмашылық, тәжірибе жағынан психологиялық диагноз.Психодиагностиканы дефференцилды психологиядан бөліп қарасақ,

онда ол теориялық зерттеудегі фундаментінен сонымен қатар ғылыми беделінен айырылады. Психодиагностика мен дифференциалды психология бір - бірін толықтырып тұрады. Бұл аймақтағы зерттеуді В.Штерн дифференциалды психология деп атады.[38]

1930 жылы Роршахтың клиникалық-диагностикалық зерттеулері кең түрде қаралды. Роршахтың диагностикалық тапсырмасымен теориялық моделін ерекше атап өтуге болады. 19 ғасырдың басымен 20 ғасырда адамдардың индивидуалдық ерекшеліктерін өлшеуде орыс психологиясы кең қолданды. Осы эволюцияның үш негізгі кезеңін көрсетуге болады.

Бірінші кезең (20-30 жылдар аралығында) кеңестік тәжірибелік диагностика аумағында шетелдік әдістеме мен олардың тәжірибелік эффективтілігін мазмұндайды. Осы кезеңде К.Н. Корнилова, Л.С. Выготский, П.П. Блонский көп үлестерін қосты. Психодиагностика жайлы зерттеу жұмыстарын революцияға дейін психологтармен педагогтар: П.П. Блонский, Р.И. Россолимо, А.П. Нечаев, А.П. Болтунов, А.М. Шуберт, кеңестік психологтары Ф.Р. Дунаевский, П.А. Шеварев, С.Г. Гелерштейн, В.Н. Коган, Н.Д. Левитов, М.С. Бернштейн, А.С. Смирнов, Г.С. Костюк және тағы басқалары зерттеді.

Екінші кезең (30-50 жылдар аралығында) Герхард, Витилак, Юрген, Гутке, К.Гутьяр, Р.Заззо психодиагностиканың зерттелуіне арналған монографиялар шығады.

Үшінші кезең жалпы психологтың тәжірибелік жұмысында психодиагностиканың сапалық және сандық жағын қарастырды. [20]

2.2 Психодиагностикалық әдістердің жіктелуі

Психодиагностикалық әдістерді әр түрлі негізде жіктейді. Төменде неғұрлым кең тараған жіктелулері: *Й. Шванцара бойынша әдістер жіктелуі*. Й. Шванцара төмендегі негізге сүйене отырып, психодиагностикалық әдістерді жіктейді:

-*Қолданылған материалдар бойынша*: вербальды, вербальды емес, манипуляциялық, «қағаздар мен қарындаштар» тесттері;

-*Алынатын көрсеткіштер нәтижелері бойынша*: қарапайым және кешендік;

-*«Дұрыс» шешімдері бар тесттер және әр түрлі жауаптары мүмкін болатын тесттер*;

-*Зерттеушілердің психикалық белсенділіктері бойынша*:

1. *интроспективті* (зерттелінушінің өз тұлғалық тәжірибелері, қатынастары туралы хабарлама жасауы): анкеталар, әңгімелесу.

2. *экстропспективті* (әр түрлі көріністерді бақылау және бағалау);

3. *проективті*: зерттеуші тұлғаның санасыз көрінетін қасиеттерін (ішкі қақтығыстар, жасырын әуестіліктер) аз құрылымды, көп мәнді стимулдарға әсер етеді;

4. *атқарушы*: зерттеуші қандай да бір әрекетті (перцепциялық, ой, моторлы) іске асырады, оның сандық және сапалық ерекшеліктері интеллектуалды және тұлғалық қырлардың көрсеткіштері болып табылады.

В.К. Гайда және В.П. Захаров бойынша әдістер жіктелуі. Бұл жіктелулердің авторлары психодиагностикалық әдістерді төмендегі негіз бойынша жіктейді:

- *Сапасы бойынша:* стандартты, стандартты емес;

- *Нақты орны бойынша:*

0. жалпы диагностикалық (Р. Кеттел немесе Г. Айзенк сауалнамасы типі бойынша тесттері, жалпы интеллект тесттері);

1. кәсіби жарамдылық тесттері;

2. арнайы қабілеттер тесттері (техникалық, музыкалық, ұшқыштарға арналған тесттер);

3. жетістікке жету тесттері.

Зерттелінушіні операциялайтын материалдар бойынша:

- бланктік;

- пәндік (Коас кубиктері, Векслер жиынтығындағы «күрделі фигуралар»);

- аппаратуралық (зейін ерекшеліктерін зерттеу үшін құралдар).

Зерттелінушілер саны бойынша: индивидуалды және топтық;

Жауап беру формасы бойынша: ауызша және жазбаша;

Жетекші бағдар бойынша: жылдамдыққа арналған тесттер, күштілік тесттері, аралас тесттер. Күштілік тесттерінде тапсырмалар өте ауыр және уақыт шектелмеген. Зерттеушіні сәттіліктер, тапсырмаларды шешу тәсілі қызықтырады.

Тапсырмалардың бірыңғай кезеңдері бойынша: гомогенді және гетерогенді (гомогенді тапсырмалар бір-біріне ұқсас және нақты тұлғалық және интеллектуалды қасиеттерді өлшеуге арналған, гетерогенді тесттердегі тапсырмалар әр түрлі және интеллекттің әр түрлі сипаттарын бағалау үшін қолданады);

Кешенділіктері бойынша: изоляцияланған тесттер және тесттік жинақтар;

Тапсырмаларға жауап беру сипаты бойынша: арнайы жазылған жауаптары бар тесттер, еркін жауаптары бар тесттер.

Психиканы қамту аймағы бойынша: тұлғалық тесттер және интеллектуалды тесттер;

Ақыл-ой әрекеттерінің сипаты бойынша: вербальды, вербальды емес.

А.А. Бодалев және В.В. Столин бойынша әдістер жіктелуі. Төмендегі негізге сүйене отырып, психодиагностикалық әдістерді жіктейді: Тандалған амалдың негізінде жатқан әдістемелік принциптер сипаты бойынша:

- объективті тесттер (дұрыс жауаптардың болуы мүмкін тесттер, тапсырмалардың дұрыс орындалуы);

- стандартты өзіндік есептер:

- тест-сауалнамалар, ашық сауалнамалар;

- шкалалық техникалар (Ч. Осгудттың семантикалық дифференциалы), субъективті классификация;

- индивидуалды-бағдарланған техникалар (идеографиялық);

- проективті техникалар;

- диалогиялық техникалар (әңгімелесу, интервью, диагностикалық ойындар).

Диагностикалық шараларға психодиагносттың өзінің араласу мөлшері мен оның психодиагностиканың нәтижесіне әсер ету деңгейі: объективті және диалогиялық. Біріншісі, психодиагносттың нәтиже интерпретацияларына, процедурасына, өңделуіне аз қатысуы; екіншісі, үлкен деңгейде әсер етуі. Процедураға араласуы, тәжірибесі, кәсіби дағдылары, экспериментатор тұлғасы да әсер етеді.

Күнделікті практикада өте кең қолданылатын әдіс –бақылау. Бақылау – ғылыми-мақсатқа бағдарланған, зерттелінетін объектінің образын анықтайтын әдіс. Артықшылығы-табиғилық, кемшілігі-белсенсіз, субъективизм элементтерінің кездесуі, психиканың кейбір жасырын бейнелерінің жетіспеушілігі (уайым, ой, мотив). *Бақылауды тиімді қолдану жағдайлары:*

- Психикалық құбылыс туралы мәліметтерді таза түрінде алу;
- Алғашқы ақпараттардың жинағы;
- Басқа әдістердің, мысалы, анкета көмегімен алынған фактілерді бағалау;
- Ұсыныстарды тексеру.

Бақылау – ғылыми әдіс болып мынандай кезде саналады:

- Егер нақты ғылыми мақсат үшін болса, яғни, ғылыми теория аймағында жүргізіліп, мақсат-бағдарлы, жүйелі жүзеге асырылса;
- Егер жүйелі жоспарланып, қандай да бір жағдай еркіне берілмесе;
- Егер жүйелі түрде жазба жүргізілсе;
- Егер валидтілік пен нақтылық үшін, екінші рет қайталанып, тексерілсе.

Ғылыми бақылау мына кезеңдерді анықтауды талап етеді:

1. Бақылау қандай сұраққа жауап беруі керек?
2. Қандай жағдайда жүргізілу керек?
3. Бұл бақылау қойылған сұраққа жауап бере алатындай категориялармен суреттелген бе? (Валидтілік мәселесі).
4. Бұл категоризация фактілік мінез-құлыққа сәйкес келе ме? Бұл категориялармен жұмыс жасауға бола ма?
5. Әр-түрлі бақылаушылар арасында осы категорияларға сәйкес мінез-құлықты жазғанда бірлік бола ма? (Объективтілік мәселесі).
6. Егер бақылаушы, екінші қайтара бақылау жүргізсе, сол категорияларды қолдана ма? (Сенімділік мәселесі).
7. Арнайы қойылған ситуацияларда сол мінез-құлықты қайталап бақылау мүмкін бе?

Бақылаудың кейбір қателіктеріне мыналарды жатқызамыз:

1. Хало-эффект, бақылаушының жағдайларды «ақ-қара түрде» ғана бағалап, әсерлерді жалпылау негізінде жатыр;
2. Эффект «снисхождения» – бақыланатын жағдайлар мен әрекеттерге өте жоғары жағымды баға беру тенденциясы;
3. Орталық тенденция қателігі қабылданатын процесстердің бағасын орташаландыруға талпыныс;
4. Логикалық қажеттілік, мысалы адам интеллектісін сөйлеуіне қарап бағалау;
5. Контраст қателігі – бақылаушының өзіне қарама-қайшы сипаттарын бақыланатын адамдарға белгілеп отыруға құлшынысы.

Бақылаудың жалпы процедурасы мынандай процесстерді қосады:

- Бақылау мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- Объектісін, пәнін, ситуациясын таңдау;
- Зерттелінуші объектке аз деңгейде әсер етіп, қажет ақпаратты жинауға көп деңгейде қамтамасыз етілетін – бақылау тәсілін таңдау;
- Бақылаушыны тіркеу тәсілін таңдау;
- Алынған ақпаратты өңдеу және интерпретациялау.

Эксперимент–зерттеушінің зерттелінушінің іс-әрекетіне, қандай да бір психологиялық фактіні анықтау үшін жағдай жасау мақсатымен белсенді араласу. Артықшылығы – бақылаушының белсенді позициясы, қайталау мүмкіншілігі, жүргізу жағдайларының қатал бақылануы. Кемшілігі–жасанды жағдайлар. *Эксперимент* – табиғи, лабораториялық, қалыптастырушы болып бөлінеді, оқыту мен тәрбиелеу жағдайларында мәнсіз өзгерістермен сипатталады. Мұнда диагностика қызықтырған психологиялық феномен жүретін жағдайды аз деңгейде өзгертуге тырысу керек. *Лабораториялық эксперимент* – зерттелінетін құбылысты максималды түрде шырмайтын, жағдайдың өте қатаң стандарттылығымен айырықшыланады. *Қалыптастырушы эксперимент* – педагогикалық практикаға зерттеу нәтижелерін енгізуді, ескеруді, сәйкесінше өзгерісті білдіреді.

Сауалнама – зерттелінушінің ауызша-жазбаша берген жауаптарынан ақпарат алу. *Сауалнама түрлері:* анкета, интервью, әңгімелесу, сұхбат. *Анкеталау* процесінде респондент жауаптары жазбаша формада алынады. *Интервью*– қойылған сұрақтарға ауызша жауаптары арқылы ақпарат алу. *Әңгімелесу* – зерттеушіні қызықтырған сұрақты – екіжақты немесе көпжақты талқылау процесінде алынған ақпарат.

Анкета түрлері әр-түрлі және оларды әр-түрлі негізде жіктеуге болады:

1. Көлемі: тұтас-таңдалынатын.
2. Қарым-қатынас тәсілі: іштей-сырттай.
3. Өткізу процедурасы бойынша: топтық-индивидуалды.
4. Тапсыру тәсілі: пошталық-таралым.

Сауалнамаларды жүргізгенде, оларды құру ережелерін ескерген жөн:

1. Әрбір сұрақ логикалы аяқталуы керек;
2. Аз таралған шетел сөздерін, мағынасы тар терминдерді, екі мағына беретін сөздерді қолданбаған жөн;
3. Өте ұзақ сұрақтарды қоюдың қажеті жоқ;
4. Егер зерттелінушіге бейтаныс зат немесе осы аумақта ешқандай терминдерді білмейтін болса, алғысөз жасаған дұрыс;
5. Әрбір сұрақ нақты болған дұрыс
6. Зерттелінушінің ескеру керек барлық жауап нұсқаларын көрсету керек немесе мүлдем көрсетпеу керек;
7. Зерттелінушіде негативті қатынас тудыратын сұрақтар болмауы тиіс.

Зерттеу әдісінің келесі түрі *іс-әрекет өнімдерін анализдеу*. Мысалы: педагогикалық практикада: шығарма, күнделік, сурет альбомдары, журналдар т.б. Бұл әдісті ұйымдастыру үшін анализдеу категорияларын анықтап алу қажет, мысалы: баға, шығарма тақырыптары, сабақтарды босатуы т.б. Соңынан, элементтердің жиілігі саналып, зерттелінушінің іс-әрекет өніміндегі (ойын, оқу,

еңбек) бақылау категорияларына сәйкес, статистикалық анализ нәтижелерінің интерпретациясы жүргізіледі.

Іс-әрекет өнімдерін анализдеу әдісінің жеке бөлімі болып – құжаттарды сапалық-сандық талдау жатады, басқаша айтқанда *контент - анализ*. Оның негізгі мәні – зерттелінетін нақты бірліктерді жүйелі, сенімді түрде тіркеу, алынған мәліметтерді қорытындылау. Ғылыми әдіс ретінде контент-анализ әлеуметтік ғылымдарда АҚШ-та ХІХ ғасырдың 20-30 жылдарында кеңінен қолданыла бастады.

Контент-анализді қолданудың негізгі аймақтары, мысалы: әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде:

1. Әр-түрлі хабарламалардың мазмұны арқылы жазған (авторлар, коммуникаторлар) тұлғаның, топтың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
2. Хабарлама мазмұнында бейнеленген әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды (объектісі, хабарламалардың субстанциялары) зерттеу;
3. Хабарлама мазмұны арқылы коммуникацияның әр-түрлі құралдарының (антропологиялық, жазбаша, техникалық) әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
4. Хабарлама мазмұны арқылы реципиенттердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу (адресаттар, аудиториялар);
5. Хабарлама мазмұны арқылы (жауаптарын да ескере отырып), реципиенттерге коммуникация әсер етуінің әлеуметтік-психологиялық аспектілерін зерттеу;
6. Басқа әдістер арқылы алынған мәліметтерді өңдеу, нақтылау;
7. Психология бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу (ғалымдардың әр кезеңдегі әр-түрлі мәселелерге қызығушылықтарының эволюциясы).

Модельдеу – зерттейтін құбылыстың моделін құру. Модель – зерттелінушінің қызықтыратын объектісінің көшірмесі немесе қандай да бір аспектісіндегі құбылыс, зерттелінетін объектідегі ең маңызды бөлімінің бөлініп көрсетілуіне арналған. Модельді жасау сандық және сапалық талдау процессін жеңілдетеді. Мысалы: қандай да бір оқу топтарындағы немесе ұжымда өзара әрекет процессін ЭВМ-де модельдей аламыз; диагностиалатын параметр моделін тестті жобалау кезінде құруға болады.

Тестілеу – басқа диагностикалық әдістерден айырмашылығы - өлшеу акцентінің болуы (сандық көрініс). Тестілеу процедурасы сауалнама, бақылау және эксперимент түрінде, формасында жүргізілуі мүмкін. *Тест* – қысқа мерзімді тапсырма, орындау барысында кейбір психикалық функциялар көрсеткіштерін анықтауға болады. *Тест* – мінез-құлықты объективті, стандартты өлшеу. Отандық және шет елдік әдебиеттерде психологиялық тест ұғымына берілген әр-түрлі анықтамалардың орасан зор бөлігін көруге болады. Төменде бірнешеуі берілген: “Психологиялық тест – ол мінез-құлық таңдауын стандартты және объективті өлшеудің мәні”. Тест – стандартталған, уақытпен шектелген, сандық және сапалық айырмашылықтарды тұрақтауға арналған; Тест ретінде тұлғаның психологиялық қасиеттерін бағалау үшін арналған ерекше құрал. Ол стандартты шаралармен ұсынылатын, мінез-құлықтың жеке типтерін анықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар бірлестігінен тұрады.

Тестке берілген барлық анықтамалардың жалпы, ортақ тұстары бар:

- *Біріншіден*, тест – психодиагностикадағы проективті әдістер, стандартты өзіндік есептер, интервью, аппаратуралық әдістер секілді өлшеу әдістерінің бірі.

- *Екіншіден*, бұл тұлға қасиеттері мен интеллект ерекшеліктерін өлшеу әдісі.

- *Үшіншіден*, бұл өте жоғары объективтілігімен, сенімділігімен, валидтілігімен сипатталатын өлшеу әдісі.

Стандарттау процесі – тестті жүргізу процедурасы мен орындалу бағасын білдіреді. Ол өзіне мыналарды қосады:

- Қолданылатын материалдарға қатысты нақты нұсқаулар;

- Уақыт шектеулері;

- Зерттелінушіге берілетін ауызша нұсқау;

- Тапсырманы қайталап көрсету;

- Зерттелінушілер тарапынан сұрақтарды талдау тәсілдерін ескеру.

Психологиялық тесттердің объективті бағасы ең алдымен валидтілікпен, сенімділікпен, дәлдігімен анықталады. Бұлар психологиялық зерттеудің сапалық көрсеткіштері болып табылады.

Диагностикалық процедуралардың негізгі жіктелулері. Диагностика әдістеріне әр-түрлі тұрғыларды жалпылай келе, оларды ұйымдастыруда бірнеше процедуралық кезеңдерді бөлуге болады:

1. Зерттеу бағдарламасын өңдеу (мәселе қою, зерттеу пәні мен объектісін анықтау, негізгі ұғымдарды бекіту);

2. Зерттеу объектілерін анықтау;

3. Нақты зерттеу әдістемесін өңдеу;

4. Әдістеменің апробациясы, қайта өңдеу, сенімділігін тексеру;

5. Алғашқы алынған ақпараттарды алынатын мәліметтердің сенімділігі мен дәлдігін бақылай отырып жинау;

6. Алынған мәліметтерді логикалы-санды түрде өңдеу;

7. Нәтижелерді интерпретациялау, қорытынды мен есеп беруге дайындық;

Зерттеу жұмысы туралы есеп төмендегі бөлімдерден тұру керек:

- *Кіріспе:* жұмыстың алғышарттары, шарттары, қатысушылар көрсетіледі;

- *Бағдарламалық бөлім:* мәселені зерттеу міндеттері, болжам бойынша әдебиеттерді талдау;

- *Объектілері мен әдістері:* зерттеу объектілерін, әдістерді, апробация процедураларын суреттеу, алынған мәліметтердің сенімділігін тексеру;

- *Нәтижелер:* алынған мәліметтерді қойылған болжамдар мен міндеттерге сәйкес талдау;

- *Қорытындылар мен ұсыныстар;*

- *Тұжырым:* есеп беру материалдарын қысқаша жалпылау, болашақ жоспары туралы айтып өту;

- *Тіркемелер:* зерттеу жұмысында қолданылатын құралдарды суреттеу, анкеталар, схемалар.

2.3 Ауытқушылық мінез-құлықты психокоррекциялау бағдарламасы

«Психокоррекция» деген сөз «түзету» деген мағынаны білдіреді. Психокоррекция дегеніміз-арнаулы психологиялық әсер ету құралының көмегімен адамның мінез-құлқындағы немесе психикасындағы кемшіліктерді мақсат қоя отырып түзету[37].Психокоррекциялық әсер етудің негізгі түрлері:

- сендіру;
- иландыру;
- еліктеу;
- нығайту.

Сендіру-бұл адамның психикасындағы және мінез-құлқындағы кемшіліктерді жете түсініп, ұғынып және еркімен түзетуге көзделген психокоррекциялық әсер етудің жолы. Сендіру адамға өзінде пайда болған қиыншылықтың себебін түсінуге көмектеседі, осы кемшіліктерден құтылуға деген тілегін нығайтады. Сендіру әртүрлі болады:

Адамға өзінің кемшіліктерін жете түсінуге және одан өзінің құтылуға күші бар екендігіне көмектесу.Осы кемшіліктерден құтылуға болатын тәсілдерді көрсету.

Иландыру- бұл клиенттің тарапынан болып жатқан кемшіліктерді жете түсінуді қажет етпейтін клиентке әсер етудің жолы. Клиент өзіне психикалық әсер ету болған жағдайдан күңгірт түсіне алады, бірақ соңына дейін не болып жатқанын түсіне алмайды. Иландыру кезінде адам саналы, санасыз күйде болуы мүмкін.

Еліктеу- психолог клиентке еш нәрсе түсіндірмейді, иландырмайды, оған қажетті мінез-құлық үлгісін көрсетіп, оны қайталауды ұсынады.

Нығайту- бұл әлеуметтік оқыту теорияларының негізінде құрылған бихевиористік хабары бар психотерапия жасап шығаратын тәсіл. Бұл жағдайда қажетті психокоррекциялық нәтижеге қол жеткізу үшін әрекетті ынталандырулар іске асырылады. Жазалау және мадақтау, олардың көмегімен мінез-құлықтың қажетті жақтары нығайтылады, қажетсізі алынып тасталады.

Психокоррекция практикада екі формада іске асырылады:жекелей және топтық.*Жекелей психокоррекцияда*- психолог клиентін бөтен адамның қатысуынсыз, тек бір адаммен жұмыс істейді. *Топтық психокоррекцияда*- психолог топ адаммен жұмыс істейді.

Психологиялық коррекция - психолог маман қызметінің ең маңызды және жауапты бағыты. Ол адамның ішкі әлемі мінездемесіне ықпал жасайды. Сонымен қатар адамның іс-әрекеті мен танымдық процестердің күйзелісін және нақты жағдайдың жауабын шешеді. Ол психолог қызметіндегі психикалық дамудың ерекшеліктерін түзету, оның шығу себептерін зерттейді

Психокоррекциялық жұмыстың негізгі принциптері мыналар:

Диагностика мен коррекцияның бірігу принципі. Бұл принцип коррекциялық жұмыстың екі бағытын қалыптастырады. Бірінші кезеңкомплекстік диагностиканы қарастырады, яғни коррекцияның даму жұмысының мақсаты мен міндетін демек бастапқы кезеңін қарастырады.Екінші кезеңклиенттің түзету жұмыстарды өзгертеді, яғни мінез-құлық іскерлігі, эмоционалдық жағдайын қарастырады.

Нормативтік даму принципі: Бұл принциптің басты негізінде психологтың жас ерекшеліктері жатыр. Баланың даму деңгейін бағалауда сәйкестік нормасы ескеріледі, баланың іскерлік деңгейінің дамуы.

Түзету принципі төменнен жоғарыға қарай. Бұл принцип дайындықты қажет етеді. Яғни бұл психикалық қабілеті бір адамдарға, яғни берілген мінез-құлық модельдерін үйрену және оны дамыту.

Түзету принципі жоғарыдан төменге қарай. Түзету жұмысының бастысы жақындағы даму зонасын құрастыру бала үшін, яғни бұл болашақта психологиялық жаңа білімдерді меңгерту болып табылады.

Психологиялық іскерліктің жүйелік дамуы принципі. Бұл принципте түзету жұмысының профилактикалық және дамытушылық тапсырмаларды қарастырады. Яғни дамудағы бұзылумен күрес. Демек жүйелілік принципі анықтау кезінде себеп-салдарды құру және симптомдар мен оның бебебінің арасындағы байланысты анықтау.

Отандық психологияда түзету мақсатын құрудың үш басты бағытын бөліп көрсетті.

1. Белсендіруэлеуметтік жағдайдың дамуы.

2. Баланың іскерлік даму түрлері.

3. Жаңа білімдердің жас ерекшелік психологиялық құбылымы.

Коррекциялық бағдарламалардың түрлері

Коррекциялық әсер етудің бірнеше үлгілері бар: жалпы, типтік, индивидуалды немесе дербес тұлға.

Коррекцияның жалпы үлгісі—бұл жеке тұлғаның жас ерекшелік дамудың оптималды шарттар жүйесі. Ол қоғамдық қатынастар, адамдар, қоғамдағы өзгерістерді т.б. туралы білімдер жүйесін тереңдету.

Коррекцияның типтік үлгісі – практикалық әрекеттерді ұйымдастыруға негізделген.Әртүрлі әрекеттерді бөлшектеп қалыптастыру көзделеді.

Коррекцияның дербес тұлға үлгісі – Клиенттің кәсіби білімі, қызығушылығы, үйренуге деген қабілеттілігі т.б. индивидуалды ерекшелігі қарастырылады. Бағдарлама қалыптасқан негізде, алынған білімді жаңа әрекетке пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Стандартталған және еркін коррекциялық бағдарламалар да қазіргі кезеңде пайдаланылуда. *Стандартталған бағдарламада* —бағдарлама мүшелеріне нақты талаптар метілектер, қажетті материалдар мен коррекцияның кезеңдері анық белгіленген. *Еркін бағдарламада* – коррекцияның бағыты, мақсат, міндеті мен кезеңдерін психолог өзі құрастырады.

Клиентке жүйелі түрде әсер ету психокоррекциялық кешен арқылы жүзеге асады. Ол бірнеше блокьардан тұрады. Әрбір блок белгілі бір мақсат, міндетке жауап береді де оны орындаудың әдіс-тәсілдері болады.

Психокоррекциялық кешен негізгі төрт блоктан тұрады.

*Диагностикалық блоктың мақсаты:*жалпы психологиялық коррекция бағдарламасын қалыптастыру, жеке тұлғаның даму ерекшелігін диагностикалау;

Бағдарланушы блоктың мақсаты: Бірлескен әрекетке деген қатынасты орнату, қобалжуды жою, клиенттің өзіне-өзінің сенімділігін жоғарлату, психологпен

қарым-қатынас жасауға деген даярлығы, өзінің өмірін өзгертуге деген құлшынысы.

Коррекциялық блок мақсаты: клиенттің дамудағы үйлесімділігі, дамудың жағымсыз фазасынан жағымды фазасына көшу, әрекеттердің әдістерін анықтау, қоршаған орта мен өзінің арасындағы қарым-қатынас бірлігі.

Коррекциялық әсердің нәтижелілігін бағалау болғының мақсаты: реакция динамикасы мен психологиялық мазмұның өлшеу, позитивті тәртіп реакциясы мен алаңдаудың пайд болуы, позитивті өзін-өзі бағалаудың тұрақтылығы.

Психокоррекциялық бағдарламаларды құрудың негізгі талаптары:

Психокоррекциялық бағдарламаларды құру барысында мына жағдайларды ескеру керек:

- коррекциялық жұмыстың мақсаты мен міндетін нақты қалыптастыру;
- коррекциялық жұмыстың мақсатын нақтылау және анықтау;
- коррекциялық жұмысты жүргізу барысында стратегия мен тактиканың таңдап алу;
- клиентпен жұмыс формасын (индивидуалды, топтық немесе аралас) анықтап алу;
- коррекциялық жұмысты жүргізу әдістері мен техникасын іріктеп алу;
- барлық коррекциялық бағдарламаны жүзеге асырудың жалпы уақытын анықтап алу;
- күнделікті кездесу жиілігін (күнделікті, жұмасына 1 рет, жұмасына 2 рет, екі жұмада 1 рет т.с.с.);
- коррекциялық сабақтың ұзақтығын (10 -15минут коррекциялық бағдарламаның басында, 1,5-2 сағат қорытынды бөлімінде);
- коррекциялық бағдарламаны құрастыру және коррекциялық сабақтардың мазмұның анықтау;
- жұмыс барысында басқа да адамдардың әрекетін жоспарлау;
- коррекциялық бағдарламаны орындау;

Психокоррекциялық шаралардың нәтижелілігін бағалау:

А. даму қиындығын шешу;

Б.коррекциялық бағдарламаның мақсаты мен міндетін анықтау. Коррекцияның нәтижелілігін бағалау бағалаушыға байланысты әртүрлі болады.

Клиент үшін, коррекциялық бағдарламаның нәтижелілігі оның эмоционалды қанағаттануы мен өзінің ішкі жағымды сезімдері мен өзгерістерінің жағымды болуымен сипатталады. *Психолог үшін,* коррекциялық бағдарламаның нәтижелілігінің негізгі критерийі оның қойған мақсатқа жетуімен сипатталады.

Клиенттің қоршаған адамдары үшін, бағдарламаның нәтижелілігін өздерінің психолог көмегіне бетбұрған мотивтердің қанағаттану деңгейін анықтап, қанағаттануы мен клиенттің мәселелерін шешуінде.

Коррекциялық жұмыстардың нәтижелілігін талдау барысында коррекциялық іс-шаралардың интенсивтілігінің де маңызы зор екендігі анықталды[55]. Коррекциялық сабақтар жұмасына 1 рет 1-1,5 сағат мөлшерінде жүргізілуі керек. Коррекциялық бағдарламаның интенсивтілігі оның мазмұның әртүрлілігі мен клиенттің өзінің белсенділігіне байланысты. Коррекциялық жұмыстарға коррекциялық әсердің лонгидтілігі де әсер етеді. Коррекциялық

жұмыстар аяқталғаннан кейін де клиентпен қарым-қатынастың болғандығы тиімді. Коррекциялық жұмыс аяқталғаннан кейін де 1-2 ай көлемінде бақылаудың болғандығы тиімді болады. Дамудағы ауытқушылық ерте анықталса, соғұрлым коррекциялық жұмыс тиімді болады.

Психокоррекциялық бағдарламаны құрастыру принциптері

Коррекциялық бағдарламалардың түрлерін құру келесі принциптерге сүйенуді талап етеді:

1. Коррекциялық профилактикалық, дамытушы тапсырмалардың жүйелігі принципі;
2. Коррекция мен диагностиканың бірлігі принципі;
3. Коррекцияның каузальді типінің проритеттілігі принципі;
4. Коррекциялық іс-әрекеттік принципі;
5. Клиенттің психофизиологиялық және дербес ерекшеліктерін есепке алу принципі
6. Кешенді әдістемелердің психологиялық әсері принципі;
7. Өлеуметтік ортаның коррекциялық бағдарламаларға белсенді әсері принципі;
8. Психикалық үрдістерді зерттеудің түрлі деңгейіне сүйену принципі;
9. Бағдарламалық оқыту принципі;
10. Күрделену принципі;
11. Материалдың көлемін, деңгейін және әртүрлілігін есепке алу принципі;
12. Материалдық эмоционалды күрделілігін есепке алу принципі.

1. Коррекциялық, профилактикалық, дамытушы тапсырмалардың жүйелігі принципі. Бұл принцип тапсырмалардың келесі үш түрінің коррекциялық бағдарламада міндетті түрде қатысуын көздейді: - *коррекциялық*, - *профилактикалық*, - *дамытушы*. Мұнда бала тұлғасының дамуының түрлі жақтары қарастырылады. Әрбір бала дамудың түрлі деңгейінде болуы мүмкін: *қалыпты деңгей* мұнда бала өзіне сай даму деңгейінде болады, *қауіпті деңгей* дамуда потенциалды қиыншылықтар туындайды. *Дамудың актуалды қиыншылықтары деңгейі* – баланың қауыпты дамуындағы айқын әрі объективті көрінетін кемшіліктер. Мұнда дамудың заңдылықтарындағы түрлі өзгерістер көрініс береді. Баланың интеллектуалдық және тұлғалаық дамуында кемшіліктері байқалады. Оны нақты анықтауда алғашқы кезеңде дәл қазіргі уақыт аралығындағы өзгерістерді есепке ала отырып, әрбір коррекциялық дамытушы бағдарламалар келесі үш жүйе сатыларына бағытталуы тиіс.

Коррекциялық - артта қалушылық пен дамудың өзгерістері мен бұзылуын түзету, дамудағы қиыншылықтарды шешу. *Профилактикалық* - артта қалушылық пен дамудың күрделі қиындықтарын ескеру. *Дамытушы* – белсендіру, стимул беру, бамуды байыту. Көрсетілген тапсырмалар ғана коррекциялық – дамытушы бағдарламалардың жемістілігі мен мақсатқа қол жеткізуге қамтамасыз етеді.

2. *Коррекция мен диагностиканың бірлігі принципі.* Бұл принцип практик психологтың негізгі іс-әрекетінің түрі ретінде клиенттің дамуына психологиялық көмек көрсетуді бүтіндей үрдіс деп қарастырады.
3. *Коррекцияның каузальді типінің проритеттілігі принципі.* Бұл принцип бағытталуына қарай коррекцияның екі типін қарастырады.

1. Симптоматикалық ;

2. Каузальдік (себептік) ;

Симптоматикалық коррекция кездесетін дамудың түрлі қиын жақтарынан симптомдары мен белгілерін қарастырады.

Каузальдік тип артта қалушылық пен кемшіліктердің себебін айқындауға бағыытталған.

4. *Коррекциялық іс-әрекеттік принципі.* Берілген принциптердің теориялық негізі ретінде А.Н.Монтьев пен Д.Б.Элькониннің баланың психикалық дамуы жөніндегі теориясын қарастыруға болады, яғни іс-әрекеттің бала психикасының

5. *Клиенттің жастық- психологиялық және индивидуалды ерекшеліктерін есепке алу принципі.* Мұндай талап клиенттің психикалық және тұлғалаық тұрғыдан қалыпты дамуына қойылады.

6. *Кешенді әдістемелердің психологиялық әсері принципі.* Бұл әдістемелер принципі коррекциялық-бамытушы бағдарламаларды құруда кеңінен қолданылады және практикалық психологияның түрлі әдістемелері мен жабдықтарын кеңіне қолдануды талап етеді. Практикада қолданылатын көптеген әдістемелер шет елдік психологияның теориялық негізінде құрастырылған. Яғни бихевиаризм, гуманистік психология, гештальтпсихология және т.б. Әрбір психологиялық әдістеменің өзіндік ерекшеліктері болады, сондықтан клиентке психологиялық көмек көрсетуде бұл әдістемелердің алатын орны ерекше.

7. *Белсенді әрі жақын әлеуметтік ортаның коррекциялық бағдарламаларға әсері принципі.* Бұл принцип жақын әлеуметтік қарым-қатынас шеңберімен анықталады. Яғни баланың ересектермен қатынас жүйесі, тұлғалық қарым-қатынас ерекшелігі, іс-әрекет формасын баланың әлеуметтік дамуындағы келесі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бала әлеуметтік ортадан тыс адамдармен қарым-қатынас жасамай өмір сүре алмайды, дамымайды. Бала сол әлеуметтік жүйеде бір тұтас бірлікпен дамиды. Коррекциялық бағдарламаларды құруда неғұрлым дамыған психикалық үрдістерге сүйеніп және оларды белсендіруші әдістемелерді қолдану қажет.

8. *Психикалық үрдістерді зерттудің түрлі деңгейіне сүйену принципі.* интеллектуалдық және перцептивті дамудың нәтижелі жасы болып табылады.

9. *Бағдарламалық оқыту принципі.* Яғни мұнда жүйелі әрә түрлі аперациялардан тұратын бағдарламалардың нәтижелілігі қарастырылады.

10. *Күрделену принципі.* Әрбір тапсырма белгілі деңгейлерден құрылу тиіс: қарпайымнан күрделіге қарай. Материалдың формальды күрделілігі оның психологиялық күрделілігімен үнемі сәйкесе бермейді. Ең жоғарғы деңгейдегі күрделі әрі нәтижелі коррекция клиентке жағымды, әрі қиыншылықтарды жеңуге деген күштарлығын оятады.

11. *Материалдың көлемін, деңгейін және әртүрлілігін есепке алу принципі.* Яғни бұл принцип әрбір коррекциялық бағдарламаларда жүзеге асыруда материалдық көлемімен әртүрлілігін бірте-бірте жоғарлатуды қарастырады.

12. *Материалдық эмоционалды күрделілігін есепке алу принципі.* Әрбір жүргізілетін ойындар жарияланатын материалдар жағымды эмоционалды әсер

қалдыруф тиіс. Коррекциялық сабақтар міндетті түрде позитивтік эмоционалдық фонда аяқталу қажет. Коррекциялық жұмыс бағдарламасы психологиялық тұрғыда негізделген болуы керек. Коррекциялық бағдарламалардың түрлері : жалпы, типтік және индивидуалдылық.

Коррекцияның жалпы үлгісі бұл жүйе тұлғаның жас ерекшелік дамуының біртұтас оптималды талаптарын қарастырады. Ол айналадағы орта, әлем және адамдар жөнінде терең, кең әрі нақты көз-қарасты қалыптастыру үшін ойлаудың үрдісін жақсарту, қабылдау мен бақылай алушылықты жоғарылату үшін дайындалады. Коррекцияның типтік үлгісі клиенттің психикалық дамуын, индивидуалдық дамуын, қызығушылығын, үлгерімін, түрлі іс-әрекет деңгейін анықтауды көздейді. Стандарттық бағдарламада- коррекцияның этаптары, қажетті материалар, қатысушыларға қойылатын талаптар жазылады.

Клиентке бағытталған әсер:

«Психокоррекциялық кешенді» құрайды: ол бірнеше блоктан тұрады.

1. диагностикалық;
2. бағдарлаушы;
3. коррекциялық;
4. коррекциялық әсердің нәтижелілігін бағалау;

Психокоррекциялық бағдарламаларды құруға қойылатын негізгі талаптар:

- Коррекциялық жұмыстың мақсатын нақтылау;
- Коррекциялық жұмыстың мақсатын анықтайтын тапсырмалар шеңберін анықтау;
- Белгілі тактикамен жұмыс жасау;
- Клиентпен жұмыс жасаудың түрлерін нақтылап алу;
- Коррекциялық жұмыстың әдістемелері мен жабдықтарын іріктеу;
- Барлық коррекциялық бағдарламаларды жүргізуге кететін жалпы уақытты анықтау
- Кездесудің аралықтарын белгілеу;
- Әрбір коррекциялық сабақтығын ұзақтығын есептеу;
- Коррекциялық жұмысқа өзге адамдардың, жанұясының, туыстарының араласуын жоспарлау;
- Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды әзірлеу.

Коррекциялық сабақ аптасына 1(сағат) күн 1-1,5 сағаттан кем өткізілмеуі тиіс.

Коррекциялық жұмыс аяқталған күннің өзінде қарастырылған мәселе жайлы. 1-2 айдан кейін бақылау жүргізіліп қойылуы тиіс.

Психокоррекция тиімділігін анықтау факторлары.

1. Клиенттің өзінің күткені.
2. Клиенттің өзінің мәселелерден босаудағы мақсаты.
3. Клиент мәселесінің мазмұны.
4. Клиенттің бірлесуге дайындығы.
5. Коррекциялық іс-шараны жүргізу барысындағы психологтың өзінің күткені.
6. Психологтың өзінің жеке бас және кәсіби тәжірибесі.
7. Психокоррекция әдіс-тәсілдерінің спецификалық әсері.

Коррекциялық әсердің нәтижелілігі келесі жағдайларға байланысты:

-коррекциялық әсердің нәтижелілігі әдіс-тәсілдердің нақтылығын қажет етеді,

- бір әдіс-тәсілдің өзі маманның кәсібилілігіне байланысты әртүрлі нәтиже беруі мүмкін;
- жұмыстың бағасын тәуелсіз эксперттер бағалауы тиіс;
- психологтың тәжірибесін де есепке алу керек;
- психокоррекциялық әсердің нәтижесін басқа да нәтижелермен салыстыру қажет;
- коррекциялық бағдарламада топтық формада психологтың тәжірибесін ескеру қажет

Кездесу топтарындағы жаттығу техникасы.

Негізі техника қатынас орнату, сенімді қарым-қатнас орнату, конфликттермен танысу, тай – таласты сараптау, қолдау көрсету.

1. *қарым-қатнас орнату немесе танысу*: бірінші топтық процесте сенімді адам аралық қатнас орнатуға негізделген бірінші сабақта топ мүшелері контактіні жеңілдету негізінде лақап есемдер мен танысады. Танысу өте кіші топта немесе жұптер арасында жүзеге асады. Физикалық кантакт кеңейеді: жұптар бір-бірінің қолдарын, бет-пішінін зерттейді.
2. *сенімді қарым-қатнас орнату*. Топта бірінші сабақта кантaктіге түсе алмайтындықтан жалғыздықты сезінетін бірнеше адамдар бар. Таныспай жатып өз сезімдерін біреуге сеніп айту әр кімге жеңіл түспейді. өзінің жалғыздығымен басқаларға сенбеушілікті жоюдың көптеген түрлері бар.
3. *топқа ен (прорвись)*. Топтағы ойынға қатысушылар бір-бірінің қолдарын ұстап шеңбер құрады. Ал өзін жалғыз сезінген шетте қалған адам психологтың тапсыруы бойынша осы шеңберді бұзып, ішке кіруі керек. ойыншылар сыртта қалған адамды кіргізбеуге тырысып бағады, ақыр соңында өздеріне қабылдайды. Ішке кірген ойыншы жалғыздықты жеңуі үшін белгілі күш жұмсау керектігін түсінуі керек.
4. *сенімді құлау немесе сақтану*. Қатысушылар жұптарға бөлінеді. Жұптардың біреуі көзін жұмған күйінде шалқасынан құлайды. Ал келесі біреуі оны ұстап қалатынына сенімді. Екінші адам құлатып алмауы керек.
5. *конфликтіні қарастыру*. Конфликтіні тудыратын топтағы жарыс, бәсекелесу және лидерлік үшін күрес. Көп жағдайларда конфликтер вербалды түрде қарастырылады.

Психолог тай-таласқа түскен топ мүшелерін бірін-бірі тындауға шақырады, ашық және тікелей өз ойларын айтуға тек өз сезімі емес, қарсылас сезіміне мойын сұнуға шақырады.

Тәуелділікпен жұмыс барысындағы арт-терапияның мүмкіндіктері.

Тәуелділікпен жұмыс барысындағы арт-терапияның мүмкіндіктері арт-терапияның әдістері мен ерекшеліктерін анықтау барысында көрінеді. Көптеген белгілі анықтамаларға қарасақ тәуелділікке мынандай анықтама беріледі: тәуелділік кез-келген тұрақтылық, хроникалық және интенсивті нақты ұстанымды қолдану, ол жеке тұлғаның өзінің эмоционалды қалпын бақылауда қолданыс табады.

Тәуелділікке алкогольге және наркотикке тәуелділіктен басқа да темекіге, дәрілік препараттарға тәуелділікті, булемия, анорекцияны жатқызамыз. Соңғы кезде бұл қатарға компьютерлік ойындарды және азартты ойындарды да

жатқызуға болады. Сонымен қатар: жұмысқа берілушілік, теледидарға берілу, тәуекелділікке берілгіштік, ақша жұмсағылыштықты да айтуға болады. Депрессия, сундицитті тәртіп, өзін төмен бағалау, отбасылық және т.б. проблемалардың барлығы да тәуелді тәртіп, немесе оның себебіне байланысты психологтың көмегіне жүгіндіреді:

Тәуелділікке қатысты жалпы белгілер:

- тәуелділікке берілу - өмірдің басқа қырларынан ләззат ала алмау;
- еркіндігінен айырылу тоқтау мен жалғастырудың арасындағы келіспеушілік;
- өзін-өзі бақылай алмау - өзінің тәуелділігін тоқтата алмау;
- өзінің физикалық және психикалық денсаулығына зардап келетінін біле отырып тәуекелге бел буу;
- өтірік пен өзін-өзі алдау - өзін-өзі алдай отырып, бар проблеманы жоққа шығару, өз басынан жауапкершілікті алу;
- абстинентті синдром – препарат дозасын азайту кезіндегі психологиялық және физиологиялық реакциялар;
- тореланттылық – қажетті эффект алу үшін белгілі заттар қолдану арқылы жасалатын жағдайлар;
- интенсивті түрде көңіл күйдің түсуі – эйфориядан ұялуға, кінәдан депрессияға,
- тәуелділікке байланысты ішкі жандүниелік және тұлғааралық келіспеушіліктердің прогрессивті саны.

Клиенттермен нәтижелі жұмыс жасау үшін жоғарыда көрсетілген белгілерден басқа мынадай ерекшеліктерге де көңіл бөлу керек.

Психологиялық қорғаныс механизмдері: жұмыстың кез-келген кезеңінде мынандай қиындықтар кездеседі: қарсы тұру, рационализация мен проекция. Осы үш басты мәселе иррационалды ойлауға тәуелділерді терапияның әр кезеңінде қаралуы тиіс. Манипуляцияға берілгендер қорғаныс маневрі, ол тәуелдіге өз проблемасынан бас алауға көмектеседі. *Өзін -өзі алдау.* Бұл тәуелділіктің ең басты және жеңу қиынға түсетін мінездеме, өтірік пен өзін-өзі алдау тәуелділермен жұмыс кезіндегі қиындық туғызатын бірден бір мәселе. *Когнитивті* психологияда психологиялық қиналыс тудыратын уайымның психологиялық қорғанысы. Американды психолог А.Тверскийдің айтуынша тәуелділердің сыртқы келбетіне сене беруге болмайды, ол қатеселуге апаруы мүмкін. Тәуелдінің интелектісі қаншалықты жоғары болса, соншалықты ол өзінің іс-қимылын ақтап береді.

2.4 Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мен дамуындағы ауытқушылықтарды түзету және алдын-алу шаралары

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мен дамуында ауытқушылығы бар балалар реабилитациясы және психологиялық-педагогикалық коррекциясы бала дамуындағы қалыпты бұзылудың сипаты анықталғанда ғана тиімді. Қазіргі кезде арнайы психологияда және педагогикалық коррекцияда дамудағы ауытқушылықтың әртүрлі

классификациясы бар (В.В.Лебединский, В.А.Лапшин және Б.П.Пузанов; О.Н.Усанова). В.В.Лебединский психикалық дизонтогенез проблемасын зерттеген. Нақты психологияның параметрлерінен дизонтогенез сипатталады:

- функционалды локализациялық бұзылудың ерекшеліктері. Бұзылудан екі негізгі ауытқушылық пайда болады: *жеке* (дамымай қалу немесе бөлек анализаторлық жүйенің бұзылуы) және *жалпы* (түзілуші сыртқы жүйенің бұзылуы);
- неғұрлым көрініс көп болса, соғұрлым психикалық дамымай қалу көп көрінеді;
- алғашқы және қайталанған ауытқушылықтардың қатынасы; алғашқы бұзылу ауытқушылықтың биологиялық сипатынан тұрады (есту кемістігі, көру кемістігі және анализаторлардың бұзылуы, мидың органикалық бұзылуы), қайталанған бұзылу аномальды даму процесінде көрінеді;
- ішкі функциялық қатынас, оған изоляциялық механизмдер, патологиялық фиксациялар, уақытша және қалыпты регрессиялар жатады [1, 45].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы *алдын-алуды* немесе *психопрофилактиканы* үш кезеңге бөледі. *Бірінші кезеңде* психикасы сау адамдарда жүйке-психикалық аурулардың алдын алу шаралары, *екіншісінде* басталған процесті үзу, аурудың қайталануына қарсы шаралар, *үшіншісінде* мүгедек болудың алдын алу шаралары жүргізіледі. Бұларды психикалық денсаулық сақтау мекемелері реттейді. Туа кемтар болған, жүйке - психикалық ауруларына шалдыққан балалардың әрі қарай дамуын бақылауда медициналық - генетикалық лабораториялар мен кабинеттерінің көмегі зор. Адамдардың психикалық денсаулығын сақтауда спорттың алатын орны ерекше. Спортқа жұртты жаппай тарту шаралары жүргізілген жерлерде жеке адамның ұнамды қасиеттері дамып, жігерін күшейтеді, айналадағы ортаның қолайсыз жағдайларына деген қарсылықты арттырады.

Балалардың ана құрсағында жатқандағы кезінен кейін психогигиена ата-ана денсаулығынан, анасының, нәрестенің физикалық-психикалық дамуынан, тамақтандыру сапасынан, сәби мен ата - аналарының психологиялық қарым - қатынасынан басталады. Жеке адамның қалыптасуына отбасының эмоциялық іс-әрекеті де бұған әсер етпей қоймайды. Ата - анасының маскүнемдікпен, не нашақорлықпен айналысуы отбасына келеңсіз жағдай туғызып, баланың психикасының зақымдануына, оның жеке басының қалыптасуына қолайсыз әсер етеді. Дұрыс тәрбиелемеу де (аз қамқорлық жасау, шектен тыс қамқорлық жасау, «отбасының табынушысы», «жетім» ретінде) ұнамсыз әсер етеді.

Психопрофилактика мен психогигиенаның негізгі міндеті адамдар қарым-қатынасында психиканы зақымдайтын жағдайлар мен себептерді азайту. Оның негізгі міндеттерінің бірі - өндірісте де, тұрмыста да шумен күресу. Көшедегі көлік, радиоқабылдағыш, теледидар мен әуез аспаптарының шуы неврология, невроз ауруларын тудырады. Психопрофилактикалық және психогигиеналық кешенде жыныстық өмірдің психогигиенасы белгілі орын алады. Әр түрлі үйлеспеушіліктің алдын алу үшін бала жастан саналы жыныстық тәрбие беруді енгізу қажет. Балалық ***жасөспірім уақытынан әр деңгейдегі (интеллект, инстинкті) жыныстық қарым-қатынасты білу***

неврозды тудыратын үйлеспеушілікті азайтады. Жыныстық сезіммен байланысты невротикалық және басқа бұзылулардың алдын алу үшін жыныстық дамудың жасқа қарай мерзімдерін, жыныстық ерекшеліктерді білу қажет.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық шаралары ретінде психокоррекциялық әдістер арқылы жағымды эмоциональды әсерлерді туғызып, емдеудің ерекшелігі тәжірибеде үлкен көмегін тигізеді. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің алдын ала, сақтандыру немесе қалыпқа келтіру үшін оны туындатқан себептік байланыстарын, себепкер ықпалды анықтау қажет. Осы себепкер ықпалға қарсы бағытталған алдын-ала сақтандыру және болдырмауды профилактикалық шаралар деп атайды. Профилактикалық сақтандыру шаралары себепкер ықпалды болдырмауға немесе жағымсыз әсерге организмнің қорғану-икемделу мүмкіншіліктерін сергітуге немесе көтермелеуге бағытталады. Ол себептер экзо және эндогенді себептер болып бөлінеді.

Экзогенді себептерге - сыртқы ортаның әсерінен пайда болатын адам организмдегі өзгерістерді тудыратын жағдайларды айтамыз. Оларға:

1) механикалық ықпалдардың бүліндіргіш әсерлері

2) шу мен дыбыстардың жағымсыз әсерлері ;

3) барометрлік қысымның әсерлері

4) температуралардың әсері

5) ультракүлгін сәулелердің әсері және т.б.

6) бактериялар, вирустар, микробтар;

Эндогенді себептерге- адам организмнің ішінде болатын өзгерістерді тудыратын себептерді айтамыз.. Мысалы, зат алмасуының біртектес бұзылыстары, гормондардың бұзылыстары. Бұлардан сақтау үшін бірінші жағдайда ауру туындайтын қауіпті бактериялар мен оларды тасымалдаушы жәндіктермен күресу өте маңызды. Мәселен, антисептикалық дәрі-дәрмектерді қолдану арқылы хирургиялық операциялардан кейінгі жаралардың микробтармен асқынуын шектеуге болады. Қауіпті міндеттердің себепкер ықпалын білу арқылы олардың жер-жерге таралып кетпеуі қадағаланады. Безгек плазмодияларының, обаның, бөртпе сүзек қоздырғыштарының т.с.с. ауруларды тасымалдаушы жәндіктерді жою арқылы бұл аурулардан сақтандыруға болады.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмай және оның алдын алу жұмыстарына мұғалімнің психологиялық дайындығына мынау да енуі қажет: оқушылардың дамуы барысында пайда болатын ауытқулардың сипаты және оларды жою жолдары жайлы ғылыми-негізделген дұрыс көзқарастарды қалыптастыру. Оқу-тәрбие жұмыстарының табысты болуы персоналдың тәрбиеленушілер тұлғасының жағымды қасиеттеріне сүйене білуімен анықталады.

Көптеген психологтар, мысалы, О.В.Хухлаева жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мәселелерін шешуден гөрі алдын алу шараларына көбірек көңіл бөлу керектігін айтады. Алдын-алу шаралары дегенде жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері, мысалы, алкоголизм немесе суицидтілікті жеке бөліп алмай, жалпы психологиялық және психикалық

денсаулықты сақтауға бағытталуы тиіс. Психикасы сау жасөспірімдердің әртүрлі аутодеструктивті (*қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық*) түрлеріне шалдығу мүмкіндігі төмен болады. Г.С.Никифоров мен Р.А.Березовская (2003), психикалық саулық критерийлерін жүйелей отырып, психикалық саулықтың көп кездесетін түрлерін көрсетті:

- *психикалық процестер саласында* – өзін-өзі, субъективті образдарды тиімді қабылдау, зейінін шоғырландыра алу, жаңалықтарды есінде сақтау, логикалы түрде өңдей алуға қабілеттілігі, сыни тұрғыдан ойлай білуі, өз ойларын реттеуі;

- *жеке басы ерекшеліктері саласында*: оптимистік, тұрақтылық, тепе-теңдікті сақтай білу, өз-өзін меңгере білу, адамгершілік қасиеттің болуы, адамдарға үйірлік және өз-өзін тиімді бағалай алуы, тез ашуланбау, еңбексүйгіштік, тәуелсіздік, әзілді түсіне алу, өз-өзін сыйлау, бақылау, жігерлілік, белсенділік, талпынушылық;

- *адамның үйлесімділік, біріккендік, тепе-теңдік деңгейіне*, өз-өзін, әлеуметтік денсаулығын дамытуға бағытталуына да көп мән беріледі. Оның критерийлері – әлеуметтік шындықты адекватты қабылдай білу, айналасындағыларға қызығушылық таныту, қоғамдық пайдалы іске бағытталуы, өзінің жоғары мәдениеттілік деңгейін көрсете алуы, жауапкершілік, батырлық.

Қазіргі таңда жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мен аутодеструктивті мінез-құлықтың көптеген түрлері таралуда. Сондықтан оны түзету жолдары ғана емес, алдын-алу шаралары да маңызды роль атқарады. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мен аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығуына әсер ететін факторлар өте көп. Себебі жасерекшелік өзгерістер: эмоцияналдық тұрақсыздық, әлеуметтік жағдайлардың күрт өзгеруі (олардан өзбеттілікті, жауапкершілікті талап ете бастайды), өмірлік тәжірибенің аздығы, «ақ пен қараны» ажырата алмау, сонымен қатар жағымсыз экологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері. Сондықтан жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мен аутодеструктивті мінез-құлықтың психологиялық алдын-алу шараларының жасөспірімдер үшін маңызы зор.

Психологиялық түзетуде және алдын-алу шараларында екі базалық бағытты бөліп көрсетуге болады: ***проблемалық-бағыттылық және дербес-бағыттылық***. Бірінші күрделі жағдайды немесе мәселені шешуге бағытталса, екіншісі адамның тұлғалық көріністеріне, өзіне және өзінің мінез-құлқына, қылық-әрекеттеріне, ортасына деген көзқарастарына көңіл бөлінеді.

Жасөспірімдік жас, қауіп-қатерлі топқа енетін кезең болып саналады. Белгілі кеңес психологтары мен педагогтарының, яғни Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Л.И.Божович, Л.В.Мудрик, В.А.Сухомлинский, В.Т.Властовский, И.С.Кон, И.А.Невскийдің еңбектерінде жасөспірімдік кезеңінің ерекшеліктері баяндалған.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін қалыпқа келтіру және болдырмауда қолданылатын әдістемелер әртүрлі. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін қалыпқа келтіруде және оны болдырмауда профилактикалық шараларға көңіл аудару өте маңызды. Профилактика

жасөспірімнің дамуындағы болатын сәтсіздіктердің алдын алуға, дамуына неғұрлым қолайлы жағдайларды жасауға, балалық шағының барлық кезеңі бойында психикасының саулығын дамытуға, нығайтуға және сақтауға бағытталған әрекет түрі. Б.С.Братусь профилактиканың жоғары деңгейлері «тұлғалық» және «жеке-психологиялық» болып саналатын көп деңгейлі құрылым ретінде көрсетеді.

Профилактика білім беру ортасын, дамып келе жатқан тұлғаның ішкі қайталанбас жан дүниесінің шынайы әлемнің өзге субъектілерімен өзара әрекеттестігінің, әрбір баланың қабілеттік мүмкіншіліктерін анықтауға бағытталатын, нақты жағдайларын ескере отырып жасалынады.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикасын ұйымдастырудың талаптары:

- білім беру ортасында жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін, психологиялық саулығын нығайтуды және сақтауды қамтамасыз ететін барлық заңдылықтар мен өзара байланыстарды біртұтас көрінуі;
- жасөспірімдердің дамуындағы дербес-психикалық ерекшеліктердің салдарынан болатын қиыншылықтарды уақытында анықтап, алдын алу;
- жасөспірімдердің кезекті жас кезеңіне өтуіне байланысты болатын қиыншылықтарды уақытында анықтап, алдын алу;
- мекемеде, қарым-қатынас жасау барысында және білім беру ортасының барлық субъектілерінің өзара қатынастары кезінде жасөспірімге қолайлы психологиялық тұрақты шағын жағдайды қалыптастыру;
- әрбір жас кезеңіндегі баланың сәтті дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды тиімді бақылау;
- жүйкелік-психикалық күйді қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізу; психогимнастиканың, өзін-өзі реттеуші жаттығулардың көмегімен психоэмоционалдық күйден шығару;
- жасөспірімдердің білім беру кеңістігінен шыққан кезде болатын жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін, психологиялық қиыншылықтарын уақытында анықтап, алдын алу.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық жұмыстары төмендегідей бағыттар бойынша жүргізіледі:

- жасөспірімнің дамуындағы болатын «дағдарыстардың» келеңсіз салдарының уақытында алдын алуды мақсат ететін дағдарыс алдындағы профилактика бағдарламасы;
- түлектердің кейінгі өмірінде болатын оқиғалардың (білім беру ортасының өзгеруі) келеңсіз салдарының уақытында алдын алуды мақсат ететін шұғыл профилактика бағдарламасы;
- жекелеген тәрбиеленушілердің келеңсіз тұлғалық қасиеттері мен қылықтарының алдын алуға бағытталған жеке психопрофилактика бағдарламасы;

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактика жүйесіне мыналар енеді:

Жасырын және айқын психологиялық проблемалардың себептері жайлы мәліметтерді жасауға негіз болатын, жасөспірімдердің даму ерекшеліктері

туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған диагностикалық коррекциялау жұмысы; дамытушы немесе коррекциялық-профилактикалық бағдарламаның нақтылы мазмұны мен амалдары таңдалып алынады;

- 1) **кеңес беру** — жағымсыз тенденцияларды жою және дамудың психологиялық сәтті болуын қамтамасыз ету мақсатымен келеңсіз мінез-құлықтардың себептерін, белгілі бір жасөспірімнің немесе балалар тобының қиыншылықтарын бірігіп (тәрбиешілермен, мұғалімдермен) анықтап, талқылау;
- 2) **ағарту** — жасөспірімдердің дамуындағы, іс-әрекетті меңгеруіндегі, қарым-қатынас жасауындағы нышанды қиыншылықтардың болуының алдын алуға мүмкіндік беретін ақпараттарды уақытында таратуға бағытталады. Педагогтар мен жұмыс тұлғаны жалпы ынталандырушы және симптоматикалық диагностикадан өткізуден басталады.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық жұмысы - ата-аналармен оқушылар, ұстаздардың психологиялық білімінің қажет екендігін, әрі оны өз жұмыстарында пайдалану мен жеке басының дамуына септігін тигізетіндігін, әрбір баланың жас кезеңдеріне байланысты жан-жақты дамуына жағдай жасау, интеллектуалдық және жеке тұлғалық қалыптасуына кедергі болатын жәйттарды анықтау, әрі олармен жұмыс жүргізу Оқу-тәрбие орталықтарының типтеріне байланысты психологтың өткізетін профилактикалық жұмысы төмендегілерді қамтиды:

- 1. Кабинетке келген балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруден өткізу;
- 2. Жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін, бейімділігін, ынтасын ашу мақсатында баланың тәртібіне дамуына психологиялық анализ жасау;
- 3. Баланың психикалық дамуында келеңсіз құбылыстарды болдырмау үшін жүйелі жұмыстар жүргізу;
- 4. Тілін дамыта отырып, психологиялық өзгерістерді дамыту.
- 5. Баланың балабақшаға үйренуі(адаптация) бойынша ата-аналарға кеңестер беру.
- 6. Жоғарғы топтан мектепке баруға дайындық кезеңінде кездесетін проблемаларды шешуге тырысу, әрі ата-аналарға кеңестер беру (болашақта мектептегі өзінің қатарынан қалып қоймас үшін).
- 7. Коррекциялық бағдарламаларды, әдістерді дамуына психикалық ауытқушылығы бар балалармен жұмыс істеу бағытында пайдалану, әрі көмек беру.
- 8. Көкейкесті кездейсоқ жағдайларда балаларға, жас жасөспірімтерге психологиялық көмек көрсету.

Психодиагностика барысында анықталған және қатаң индивидуальды, нақты өзгешелігі бар баланың жас ерекшелік және дара ерекшеліктері бойынша жетілдіру және психологиялық зерттеу жұмыстарының бағдарламалары мен жоспарлары құрылады:

- 1) Баланың әр жас ерекшелік кезеңінің дамуын есепке алғанда, пси-хикалық дамудың бөлек жақтарын және жеке тұлғаның толықтай дамуына бағытталған бағдарламаларды өңдеп жүзеге асырады.

- 2) Психолог баланың психикалық дамуында ауытқуларды болдырмау бағытында түзету бағдарламасын өңдеп жүзеге асырады.
- 3) Жетілдіру және психологиялық коррекция жұмыстарының бағдарламасына психологиялық және педагогикалық бөлімдер кірістіріледі. Психолог психологиялық бөлімді жоспарлап, жүзеге асырады. Педагогикалық бөлімді мұғалімдермен, тәрбиешілермен, ата-аналармен бірігіп өңдейді және оны психолог көмегімен жоғарыда аталған адамдар орындайды. Жұмыстың бөлек формаларына ересек балаларды, қоғамдық өкілді және т.б. адамдарды кірістіруге болады
- 4) Жетілдіру және психологиялық коррекция жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша өткізуге болады:
 - жеке балалармен арнайы жұмыс жүргізу процесінде;
 - балалар тобымен арнайы жұмыс жүргізу процесінде;
 - тәрбиелік іс - шаралар бағытында;
 - баланың ата - анасының және басқа туыстарының қатысуын қажет ететін формада өткізуге болады .

М.Манкееваның тұжырымдауы бойынша, «ауытқулар мен бұзылулар орталық жүйке жүйесінің немесе психологиялық аурулардың ағзалық зақымдануы болып табылмайтын жағдайда ғана психологиялық педагогикалық түзету жұмыстары жүзеге асады және саралау (дифференциальдық) диагностикасының барысында белгілі болатын әкімшілік-тәрбиелік сипаттағы қатаң шараларды қолдануды талап етпейді»[323-333б].

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру-психокоррекциялық бағдарламалар екі бөлікті қамтиды. Біріншісі психологиялық, екіншісі педагогикалық. Психологиялық бөлік психолог арқылы жүзеге асырылады, әрі жоспарланады. Ал педагогикалық бөлік ұстаздармен, ата-аналармен психолог біріге отырып жүзеге асырады.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру -психокоррекциялық жұмыстар психологтың арнайы жұмыстарында, ата-ананың қатынасымен әр баламен жекеленіп немесе топпен жүзеге асырылады. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру психокоррекциялық жұмыстар жүзеге асырылады, егер ол жүйке-жүйенің немесе психикалық ауытқулардың нәтижесінде пайда болмаған болса.

Психокоррекциялық және дамытушылық жұмыстар:

1. Баланың психикалық дамуындағы кемшіліктерді жоюға бағытталған коррекциялық бағдарламаны жасау және жүзеге асыру;
2. Дамыту және психокоррекциялық бағдарлама психологиялық және педагогикалық бөлімдерден тұрады: а) жеке баламен арнайы жұмыс; ә) топ баламен жұмыс.
3. Бала психикасының және жеке басының дамуына бағытталған бағдарлама жасау.

Кеңестер беру жұмысы-бала тәрбиесі мен оқыту мәселелері бойынша мектеп әкімшілігін, ұстаздар мен ата-аналарға кеңестер беру.

Кеңес беру жұмыстары:

1. Баланың мектепке келуі, бейімделуі, бір сыныптан екінші сыныпқа көшуі туралы ата-аналарға, ұстаздарға кеңестер беру.
2. Балалардың әлеуметтік-психологиялық реабилитациясы туралы сұрақтарды қамту (ата-анасынан айырылған жетім балалар), осы аталмыш жұмыс орнында істейтін адамдар үшін берілетін кеңестер.
3. Балаларды оқыту-тәрбиелеу, мамандық таңдауында өзін-өзі анықтауға жөн сілтеу, үлкендер мен қатарлас құрбыларының арасындағы қарым-қатынасы туралы топтық әрі жекеленген кеңестер беру.
4. Оқу-тәрбие жоспарын құруға мектеп әкімшілігіне баланың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып құруларына кеңестер беру.
5. Баланың оқу-тәрбиесі жөніндегі мұғалімдеріне, ата-анасына кеңес беру; т.б. сай оқу-тәрбие іс-шараларын жоспарлауға кеңес беруші ретінде қатысу.

Психодиагностикалық жұмыстар:

1. Кабинетке келген баланың психологиялық –педагогикалық картасын толтыру;
2. Келген баланың ата-аналарына психологияның теорияларымен таныстыру;
3. Баланың ересектер арасында кикілжің болса, оның себептерін анықтау;
4. Бала психикасының дамуындағы кемшіліктерге тиісті мамандармен бірігіп дифференциалдық диагностика жасау.

Оқу-тәрбие жоспарын құруға мектеп әкімшілігіне баланың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып құруларына кеңестер беру. Психолог өз қызметін ұйымдастырғанда баланың жан-жақты және үйлесімді дамуына жағдай жасауды көздейді. Оқушылар мен оқытушыларды психологиялық жетелеу барысында психолог өз жұмысын медициналық, дефектологиялық қызмет түрлерімен тығыз байланысты ұйымдастырады. Психологиялық қызметті ұйымдастырушының тәжірибиелік психолог квалификациясы бар болуы қажет. Оның дәлелі ретінде арнайы жоғары оқу орнының дипломы немесе даярлық курсынан өткен кәлікпен тұжырымдалуы қажет .

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру, жүргізу барысы, әр іс-шараларды өткізу уақыты алдын ала жоспарланғанда ғана, психолог өз жұмысын талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік туады. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру механизмдері мен жағымсыз құбылыс себептерін зерттеу негізінде қалыптасатын мақсаттарымен анықталады. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру құрылымында бірнеше өзара байланысқан деңгейлері бөлініп шығарылды: мінез-құлықпен бірге жүретін эмоциялық процестер; мінез-құлықтың өзіндік реттелуі; сырттай бақыланған көріністер мен әрекеттер. Бұл жүйелер жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіру себептерімен бірге жүреді және психологиялық әсердің бағытымен анықталады.

Біздің қоғамымызда жасөспірімдердің адамгершілік келбетіне қоятын талаптардың өсуіне, оларды жақсылыққа тәрбиелеуге баса назар аударылуда. Ал қазіргі кезеңде құқықтық тәртіпке немқұрайлы қарайтын ұрлық, зорлық, бұзақылық т.б. қылмыстық әрекеттер мен қарапайым азаматтардың демалысы мен көңіл-күйіне көлеңке түсіретін жастар жиі кездесіп отыр. Елдің

экономикалық жағдайы, бұрынғы дүниетанымның құлдырауы мен бәсекелі және жоғары өндірісті жағдайда өмір сүру мен жұмыс жасау іскерлігі мен дағдысының жоқтығы – қоғамның күрделі қиындықтары мен ішкі дау-жанжалдарды тудыруға әкеледі. Жастар арасында ересектермен күрделі және қиын қарым-қатынастар көрінеді. Сонымен қатар, қаталдық пен агрессивтілік пайда болып, қылмыстық әрекеттер көбейді. Осындай жағдайларға байланысты жасөспірімдердің мінез-құлқы ауытқушылықтарын психологтар зерттеп білулері шарт. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалармен жұмыс жасаудың сан алуан жолдары бар. Ең алдымен жасөспірімдермен дұрыс тіл табысып, сөйлесе білу керек. Жақсы беделге ие болған мұғалімнің жеке өнегесі қандай оқушыға болса да күшті әсер етеді.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау мен қалыпқа келтіруде көмек көрсететін психологтар баланың ішкі жан дүниесін алыстан көріп білуі шарт. Мінез-құлқы ауытқыған оқушыны ешқандай ұжым өмірінен, қоғамдық пайдалы еңбектен тыс қалдыруға болмайды, олар барлық үйірме жұмысына, басқа да шараларға қатысуы керек. Бұл олардың зиянды істермен айналыспай, жауапкершілік сезімін туғызуға жол салады.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің мінез - құлқындағы ауытқушылықтарынан әртүрлі қылмыстық әрекеттер мен жағымсыз істер көбейіп отыр. Осы жағдайлардың алдын алып, түзету үшін әрбір педагог, ата-ана, психолог бірлесе жұмыс жасай отырып, әрбір жасөспірімнің дербес ерекшеліктері мен мінез-құлқын ескеріп, анықтап, соған сәйкес жұмыстар жүргізу керек.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің себептерін көптеген мұғалімдер мен тәрбиешілер өз жұмысында ескермей, оқушылармен өзара қарым-қатынас жасай алмайтындығын білдіреді. Тәрбиеленушілердің педагогтардың тәрбиелік ықпалдарына объективті қарсы шығуы салдарынан маңызды қиыншылық пайда болады.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің ішінде қарым-қатынастың өктем, тұрпайы үлгі түрінде жасалуы балалардың ашық қарсылық көрсетуін тудырады. Тәрбиешілердің жиі ауысып тұруы, жүйкеге әсер ететін жағдайдың қалыптасуы, қолданылатын педагогикалық әдістердің немесе ықпалдардың келеңсіз салдарын көре білмеу психологиялық-педагогикалық шараларды жүргізу барысында қосымша қиыншылықтарға әкеледі.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің себептерінің ішінде мұғаліммен қарым-қатынас жасау сипаты бір жағынан, баланың ересек адаммен қарым-қатынас жасауының алдыңғы тәжірибесімен, ал екінші жағынан - оқушының мұғалімге деген әр түрлі көзқарасының қалыптасуымен: жағымды - оқушы мұғаліммен қарым-қатынас жасау барысында, оған қайырымды қарап, оның тұлғасын мойындауымен және жағымсыз - оқушы өзін агрессивті, тұрпайы немесе тұйық ұстап, мұғалімнің тұлғасын мойындамауымен анықталады. Тәрбиелеудің сәйкес емес әдістерін (бір қалыпты емес, қайшылықты, жеке ерекшеліктерді ескермейтін) және әлеуметтік ортаның жағымсыз ықпалдарын, шамадан тыс интеллектуалдық, физикалық жүктемелерді коррекциялау психологиялық қызметтің міндеттерінің бірі болып табылады.

Ал жасөспірімдердің құрдастарымен қарым-қатынас жасауы оның осы уақытта «дұрыс ересек адаммен» қарым-қатынасы бар болса ғана мұның тиімді болатынын ескерген жөн. Дәл осы қарым-қатынас арқылы құрдастарының ортасында қалыптасқан құндылықтарды тексеріп, түсінуге болады. Бала үлкен адаммен қарым-қатынас жасаған кезде ғана, нақтылы қоғам мен әлеуметтік ортаға тән өнегелі идеалдар мен құндылықтардың жүйесін біртұтас меңгереді.

Педагогикалық ұжымға психологиялық көмек көрсету мақсатымен семинарлар, жаттығулар ұйымдастырылады. Педагогтар мен психологиялық жұмыс, педагогикалық жағдайларды, айналасындағыларды және өздерін дұрыс бағалауды мақсат етіп, оларда рефлексивтік мінез-құлықты дамытуға бағытталған. Өйткені үлкендердің түртпегінен шаршаған жасөспірімдер жасандылыққа төзбейтін педагогтардың қайырымды қатынасын көріп, қастарында өздерінің құндылықтарымен толық келіспесе де, оларды бірге біртіндеп іштей өзгеруге тырысатын, түсінетін және мойындайтын адамдардың бар екенін біле бастайды. Педагогтардың тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өздерін дамыту, оларда гуманистикалық бағыттарды қалыптастыру жұмыстары жүзеге асырылады.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық шаралары ретінде орталықтың жұмыс өнімділігін қамтамасыз ететін барлық мамандардың жұмыс барысындағы ауызбіршілігі аса маңызды. Осы мақсатта барлық мамандардың тұрақты әрі жүйелі түрде бірлесіп еңбек етуін қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық консилиум ұйымдастырылады. Консилиумды ұйымдастыру және өткізу барысында психолог сәйкес кәсіби амалдарды пайдаланады: іскерлік ойынын, жағдайлар үлгісін жасау, топтық кәсіби рефлексияны және т.б.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттері мен мінез - құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдер әлеуметтік дамуының ауытқуларымен қатар, оқу үлгерімінің нашар болуы, танымдық қызығушылықтардың болмауы, оқуға үстірт қарау тән болады. Олар үшін оқу өмірлік маңызға ие болмағандықтан, оларға педагогикалық ықпал жасау, көптеген кезде, қажетті нәтижелерге әкелмейді. Мұғалім жұмыс барысында оларды білімді меңгерудің рационалдық тәсілдеріне - оқылатын материалды логикалық өңдеуге, басты ойды анықтауға, салыстыру, талдау, қорытындылау операцияларына, өзіндік тұжырымдар жасауға, ой операцияларын тасымалдауды жүзеге асыруға — үйретуі керек.

Алайда, жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық шараларын жүргізуде алдымен танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру қажет. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық шараларын жүргізу үшін жасөспірімдердің оқуға деген дұрыс қатынасын қалыптастырудың кезеңдері:

1. Білім алуға деген құштарлық пен танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру;
2. Оқу еңбегінің қиыншылықтарына тойтарыс беруді үйрету;
3. Рационалды оқу еңбегінің іскерліктерін меңгерту;
4. Оқу еңбегіне деген дұрыс қатынасты қалыптастыру.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикасын жүргізудің негізгі бағыттары:

- диагностикалық жұмыс;
- түзету - дамыту жұмыстары;
- консультациялық – ағартушылық жұмыс.

Диагностикалық жұмыс жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикасын дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан туындайтын, жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы болып табылады.

Түзету – дамыту жұмыстары жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикасын мақсатты түрде бір қалыпқа келтіру. Ол психикалық шығармашылықты, адам бойындағы қасиеттерді дамытуға бағытталады.

Профилактикалық – ағартушылық жұмыс жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмау және алдын алу, сондай-ақ іс – жүзінде жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін қалыпқа келтіруде мамандандырылған көмек көрсету міндетін атқарады.

Психологиялық қызмет – жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің профилактикалық шараларын жүргізуде білім берудің қазіргі жүйесінің жүйелік компоненті болып табылады. Ол балалардың интеллектуалдық және жеке бас потенциалын оқыту мен тәрбиелеуде, өз уақытында максималды толық пайдалану мен қамтамасыз етеді. Психологиялық қызмет жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерінің көрінісін, олардың оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде болдырмау мен алдын-алуды қамтамасыз етуге арналған.

Жасөспірімдердің қоғамға қарсы қылық-әрекеттерін болдырмай, алдын-алу шараларын жүргізуде жасөспірімдік кезеңдегі балалардың ізгілік, адами-рухани қасиеттерін қалыптастырып дамыту маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан үлкендер тарапынан: ата-аналардан, тәрбиеші-педагогтардан жасөспірімдердің ізгілік қасиеттерін, дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзін-өзі тәрбиелеуге, қиыншылық пен жалқаулықты жеңуге, парыз бен жолдастары алдындағы жауапкершілік, еңбекқорлық қабілетін қалыптастыру қажеттілігі талап етіледі. Балалардың бойында ізгілік қасиеттерді белсенді қалыптастырып дамыту мәселесі теория мен тәжірибеде тың жаңалықты іздеуді талап етеді, бүгінгі жағдайда ол өзіндік анықтаушы маңызға ие.

Ізгілік-адамның әдептілік, сыпайлылығын, өнегелік, өзара пайымдылығын білдіретін қасиет. Жасөспірімдік кезеңдегі балаларды ізгілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық-психологиялық міндеттері балалардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормасынан ауытқушыларға жол белмеуді қалыптастыру болып табылады.

Жасөспірімдік кезеңдегі балалардың адамгершілік тәрбиесіне ерекше ықпал ету белгілі жүйеде жүзеге асырылады. Қазіргі кездегі адамгершілік тәрбиесі біздің

өміріміздің дәл осы кездегі талаптарын ғана емес, болашаққа да бағытталуы тиіс. Сондықтан отбасындағы, мектептегі ізгілік, рухани-парасаттылық қасиеттері адамгершіліктің барлық сатысын қамтитындай шеңберлі болуы тиіс және ата-ана немесе педагог тәрбиенің бала дамуына қандай игі әсер ететінін, тәрбие әсерінен бала қалай өзгертетінін, адамгершілік кемелдің жаңа сатысына қалай көтерілетінін жақсы білуі тиіс. Ол үшін ізгілік қасиеттерді, имандылық пен парасаттылықты, адамгершілік сананы қалыптастыру керек.

Жасөспірімдік кезеңдегі балалардың рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, болашағына дұрыс бағыт беру мен жол сілтеу-бүгінгі кезек күттірмейтін мәселе. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу тек білім берумен ғана шектелмейді. Баланың ішкі жан-дүниесіне ықпал ету арқылы ізгілік, рухани-адамгершілік қасиеттері сапалы қалыптасады. Ізгілік, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз—баланың өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-жануарға, экологияға жақсылық, ізгілік жасауы. Сондықтан рухани адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу баланың тұлғалық дербес ерекшеліктерін қалыптастырудың негізі бола тұра, мынандай көрсеткіштерге ие: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, өзін-өзі жетілдіру, дамыту.

Жоғарыдағы мәліметтерге сүйене отырып, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе-жасөспірімдік кезеңдегі баланы құрметтеу. Әрбір жасөспірім өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс. Жасөспірімдік кезеңдегі бала ықпал ету объектісі емес, ол тек ынтымақтастық әрекет барысында ғана тұлғаға айналады. Сондықтан үлкендерден жылылық, түсінгіштік, сезімталдық, кең ойлай алу, шабыттандыра алу, шығармашылық ізденіс талап етіледі. Балалар ұжымындағы рухани адамгершілік, ізгілік, психологиялық ахуал -жасөспірім үшін адамдық қатынастың алғашқы мектебі. Баланың мейірімділікке және зұлымдыққа, тәртіпке, материалдық және құндылықтарға деген дербес көзқарасы жанұяда қалыптасады. Сонымен қатар өзара сыйластық сезімін, достықты, жауапкершілік пен шындықты түсінеді, яғни балалардың барлық өмірлік іс-әрекетіне ықпалын тигізеді. Рухани адамгершілік тәрбиесіндегі аса маңызды шарттардың бірі – әке-шешесінің, ұстазының әрбір ісі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеген сөзінің ықпалы мен әсері, одан шығатын нәтижеге жауапкершілігі аса маңызды.

Қорыта келе айтқанда, жасөспірімдік кезеңдегі балалардың ақыл-ойының, адамгершілік-рухани, ізгілік қасиеттерінің және тұлғалық-дербес қасиеттерінің дұрыс қалыптасуына көңіл бөлуіміз қажет. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгеріс механизмдерін, себептерін біліп, әлеуметтік реабилитация шараларын алдын ала қамтамасыз етуіміз қажет.

III бөлім. Психодиагностикалық әдістемелер

Темперамент типтерін анықтау

Әдістемені талдау негізіне жалпы психологиялық ұқсастықтар мен түрлі авторлық классификациялардың (Кеттелл, Леонгард, Айзенк, Личко және т.б) типтері кіреді.

Ұсынылатын әдістемеді Айзенктің сауалнамасы (жасөспірімдік нұсқау) нейротизм шкаласы нәтижесінің сәйкестігінің классификациясы мен интроверсия шкаласы, әр типтің вербалды сипаттамасы және әр кездегі жасөспірімдердің қарым-қатынасына негізделі бағытталған тактикалары. Негіздік сана ретінде Айзенктің тестісі қолданылады, нәтижелік градация шкаласы және талданған типологиялық мінездеме мен коррекция жұмыстары бойынша ақыл кеңес беру.

Жұмыс кезеңдері:

1. Айзенк тестісінің өткізілуі
2. Қорытындыны талдау
3. Типтік кесте бойынша нәтежені градациялау
4. Шкала бойынша “Өтірік” деген жауап, бестен артықтарын жеке жіктеу.

Психологқа арналған нұсқау: Берілген сұрақтарға зерттелуші ойланбай «ия» немесе «жоқ» деп жауап беруі керек.

Айзенк сауалнамасы

1. Өзіңнің маңайыңда айғай шуды ұнатасың ба?
2. Сені қолдай алатын достарыңның болғанын үнемі қалайсыз ба?
3. Сенен бір нәрсе сұрағанда тез жауап таба аласың ба?
4. Бір нәрсеге тітіркенетін кезің бола ма?
5. Көңіл күйің жиі ауысып отыра ма?
6. Балалармен болғанға қарағанда, саған кітап оқыған дұрыс деген рас па?
7. Түрлі ойлар мазалап ұйқтауға жиі кедергі келтіре ме?
8. Саған үнемі қалай айтса соны істейсің бе?
9. Біреуді қалжың еткенді ұнатасың ба?
10. Нақты себепсіз өзіңді бақытсыз сезінетін кездерің болды ма?
11. Өзің жайлы көңілді адаммын деп айта аласың ба?
12. Мектепте ережелерді бұзған кезің болды ма?
13. Үнемі бір нәрсеге көңілің толмайды деген рас па?
14. Барлық жұмысты шапшаң атқарған ұнай ма?
15. Бәрі ойдағыдай аяқталса да, болған жағымсыз жағдай үшін уайымдайтының шын ба?
16. Саған кез келген сырды сеніп айтуға бола ма?
17. Топтастарыңның көңілсіз ортасында ешбір қиындықсыз көңіл аудартып, топтың жағдайын жағымды бағытқа ауыстыра аласың ба?
18. Ешбір себепсіз жүректің жиі соғуы болып тұра ма?
19. Бреумен жақын тіл табысу үшін бірінші қадам жасайсың ба?
20. Өмірінде бір рет болсын өтірік айтып көрдің бе?
21. Сені және сенің жұмысыңды сынға салса сен тез уайымға салынасың ба?
22. Өзіңнің достарыңа жиі қалжыңдап түрлі күлкілі жағдайларды баяндайсың ба?
23. Өзіңді жиі шаршаулы сезінесің бе?
24. Сен үнемі бірінші болып сабағыңды орындап, қалғанын кейін істейсің бе?

25. Сен әдетте көңілді және бәріне риза боласың ба?
26. Сен ызақорсыңба?
27. Басқа балалармен қарым-қатынасқа түскенді ұнатасың ба?
28. Жақындарыңның айтқанын орындап, үй шаруасына үнемі көмек көрсетесің бе?
29. Сенің басың айналған кездер болдыма?
30. Сенің істеген қылық-әрекеттерің өзгелерді ыңғайсыз жағдайға қалтыратын кездер бола ма ?
31. Саған бір нәрсенің жалықтыратынын үнемі сезінесің бе?
32. Кей кезде мақтанғанды ұнатасың ба?
33. Қоғамды танымайтын ортаға түскенде сен көбіне үндемей отырасың ба?
34. Орнында отыра алмағанда қобалжу сәттері бола ма?
35. Сен әдетте тез шешім қабылдайсың ба?
36. Мұғалім жоқ болса да сен ешқашан сыныпта шуламайсың ба?
37. Қорқынышты түстерді жиі көресің бе?
38. Достарыңның ортасында сезімге ерік беріп көңіл көтере аласың ба?
39. Сені режіту оңайма?
40. Біреу жайлы айтуға қиналатын кездерің болдыма?
41. Ойлануға көп уақыт жоғалтпай тез сөйлеп іс әрекет атқарасың ба?
42. Егер ыңғайсыз жағдайда қалып қалсаң, кейін көп уайымдайсың ба?
43. Саған қызықты және көңілді ойындар қатты ұнай ма?
44. Алдына ұсынылған асты талғамай жейсің бе?
45. Егер саған өтініш жасаса, саған жоқ деп айту қиынға соға ма?
46. Қонаққа жиі барғанды ұнатасың ба?
47. Өмір сүргің келмейтін сәттер болып тұра ма?
48. Ата-анаңмен дөрекі болдың ба?
49. Айналаңдағылар сені көңілді деп санай ма?
50. Сабәқ орындап отырғанда жиі ойың бөліне ме?
51. Ортақ көңіл көтеретін ортаға қатысқаннан көрі көп жағдайда шеттен көрермен болып қарап отырғанды жөн санайсың ба?
52. Әдетте түрлі ойлар мазалап ұйықтау қиындық тудыра ма?
53. Орындау керек істі атқара алатынына кәміл сенімді бола аласың ба?
54. Өзіңді жалғыз сезінетін сәттерің бола ма?
55. Сен жаңа танысқан адаммен бірінші болып әңгіме бастауға қысыласың ба?
56. Бір нәрсені түзету кеш болғанда, сағың сына ма?
57. Балалардың бірі саған дауыс көтерсе сенде солай жауап қайтарасың ба?
58. Ешбір себепсіз өзіңді көңілді немесе жабырқау сезінетін кездер жиі бола ма?
59. Топтастарыңның көңілді ортасынан нағыз ләззат алу қиын деп санайсың ба?
60. Бір нәрсені ойланбай істеген жағдайда, кейін сол үшін жиі алаңдайсың ба?

Кілт

1. экстроверсия(Э)

“Ия”:1,3,9,11,14,17,19,22,25,27,30,35,38,41,43,46,49,53,57.

“Жоқ”:6,33,51,55,59.

2. Нейротизм(Н)

“Ия”:2,5,7,10,13,15,18,21,23,26,29,31,34,37,39,42,45,47,50,54,56,58,60.

3. “Өтірік”

“Ия”:8,16,24,28,36,44.

“Жоқ”:4, 12,20,32,40,48.

Белгілі темперамент типтеріне жатқызу үшін жасөспірімдер нормативі 12-17 жас:экстраверсия 11-14ұпай,”өтірік”4-5 ұпай,нейротизм 10-15 ұпай.

Темперамент типтері

Айзенк тесті бойынша		Айзенк тесті бойынша	
Э,ұпайлар	Н,ұпайлар	Э,ұпайлар	Н,ұпайлар
0-4	0-4	16-20	4-8
20-24	0-4	4-8	16-20
20-24	20-24	4-8	4-8
0-4	20-24	16-20	16-20
0-4	4-8	12-16	8-12
0-4	16-20	8-12	8-12
0-4	8-16	16-20	8-12
4-8	0-4	12-16	4-8
8-16	0-4	8-12	4-8
16-20	0-4	4-8	8-12
20-24	4-8	4-8	12-16
20-24	8-16	8-12	16-20
20-24	16-20	12-16	16-20
16-20	20-24	16-20	12-16
	20-24	8-12	12-16
	20-24	12-16	12-16

1 тип

Э: 0-4 ; Н:0-4

Мінез көріністері: Ашуланбайтын, бейтарап, ренжісуге жақын емес. Топта қарапайым. Достыққа баулымайды, бірақ егер ұсынса бас тартпайды. Өзінің дұрыс екенін білсе, қырсықтыққа бейім. Үнемі көңілді емес. Дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері бір қалыпты баяу, шыдамды.

Түзету жолдары: Ең бастысы сол адамға топтың назарын тиімді аудару арқылы өзін бағалауын жоғарлатуға икемдеу керек. Негізінен, индивидтің белгілі бір жұмысты өзі таңдауға мүмкіндігі болғаны дұрыс. Бағалау, салқынқандылық сияқты қасиеттерінің құндылығын көрсете білген жөн.

2 тип

Э:20-24; Н:0-4;

Мінез көріністері: Қарым қатынасқа жиі түсетін, көңілді, сөзшең. Оптимист, сәттілікке сенгіш. Реніштерді тез кешіреді, конфликтті жағдайларды қалжыңға жиі айналдырады. Жаңаны

ұнатады,тез таң қалады.Барлығының сүйіспеншілігіне бөленген.Дегенмен қамсыз адам.Нәтижеге жете алмайды.Сыртқа көбіне белгілі роль ойнайды.

Түзету жолдары: Табиғи артицизм мен жаңаға бейіділігін пайдалана отырып еңбекке қабілеттілігін арттыру.Негізінен тәртіппен,ұйымдастырушылыққа бейімдеген жөн.Белгілі бір уақыт дайындап топтық жұмыстар,кружок, экспедицияға және т.б.жіберген дұрыс.

3 тип

Э:20-24; Н:20-24;

Мінез көріністері: Белсенді,дамыған жауынгерлік қасиетке ие. Бәрімен тең қарым қатынаста болуға ұмтылады.Өте адал.Егер үлкендермен келіспей қалған жағдайда қарама қарсы позицияны ұстанады.Өз кезегіне мән бермеу,көзге ілмеу дегенге шыдамайды.

Түзету жолдары: Басты тактика ол қадір тұту.Қарым қатынаста байсалды және қарапайым мейірімді болу.Аффектілік әрекетте кекектінді реакция болуы мүмкін.Конфликт кезінде өзара қарым қатынасты талқылап қажет емес.Мәселені кейінірек қалыпты бір сәт келгенде талқылығын жөн.Осы типтегі жасөспірімдерге ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытып, көрсеткен дұрыс,сонымен қатар энергетикалық потенциалды дамыту қажет(спорттағы жетістіктер т.б.).

4тип

Э:0-4; Н: 20-24 ;

Мінез көріністері.Қалыпты тип емес,өзіне сенімсіз,үнемі алаңдаушы.Қамқорлық іздеуші.Қарым қатынасқа түсе алмайды,сол себепті бағалауы мен өзін өзі бағалауы күлкілі.Өте тез ренжігіш.Бейімделу өте баяу жүреді,сол себепті іс әрекеті жылдам емес.Белсенді өмірге деген қызығушылығы төмен,тіпті ұнатпайды.Философияға бейім.Жағдайды тез ушықтырады.

Түзету жолдары.Қолдауға тырысу, орынсыз күлкіден шектеу.Жағымды жақтарын көрсетуге тырысу.Белсенділікті талап етпейтін әрекет түрін таңдау.Қоғамдық ортаға қызығушылығын тудыру.Адамдарға мейірімді жағымды энергетика қалдыруға тырысу.

5 тип

Э:0-4 Н: 4-8

Мінез көріністері.Байсалды,нағыз өмірге деген қызығушылық деңгейі өте төмен,сонымен қатар жетістіктері де төмен деген мағына.Ішкі ойларымен өзіндік бір әлемі бар.Салғырт.

Түзету жолдары.Өзін өзі бағалауын жоғарылату көмегіне қатты зәру.Бұл жұмысқа немесе оқуға деген селқостық деңгейін арттырады.Негізінен жағымды және әлсәз емес жақтарын көрсеткен жөн.

6 тип

Э:0-4 Н:16 -20

Мінез көріністері.Ұстамды,сезімтал,таныс емес жағдайларда қысылып өзін нашар сезінуі мүмкін.Сенімсіз,қиялшыл.Көпшілік ортаны жақтырмайды.Күдікке бейім.Өз күшіне сенімсіз.Жалпы алғанда

салмақты. Жағдайды асыра сілтеу немесе байбалаң салуға бейімділігі жоқ. Көбіне шешім қабылдай алмайды. Қиялға жақын.

Түзету жолдары. Түсінуге, қолдауға, көмек көрсетуге тырысу, топтың алдында тек әрекетінің жақсы тұстарын көрсету. Өзінің бағалауы мен оптимисттік көзқарасын арттыру үшін идеяларын жоғы бағалай білу тиіс.

7 тип

Э:0-4 Н: 8-16

Мінез көріністері. Қарапайым адам, белсенді, жұмысқа аса бағытталған, адал, сенімді дос, өте жақсы, икемді көмекші, брақ нашар ұйымдастырушы. Тұйық. Көптің көлеңкесінде қалғанды жөн көреді. Топта қалыптаспаған. Достығы тек екі адам арасында ғана. Өзара қарым қатынасты басты назарда ұстаушы. Кей кезде жалықтырғыш адам.

Түзету жолдары. Іс әрекетінде негізінен еркін режим болуы тиіс, біреудің айтқанымен емес, өздігінен жұмыс істеуге үйрету, ойын жүзеге асыруға бейімдеу. Өзінің күш қуаты мен сенімін арттыруға ықпал ету.

8 тип

Мінез көріністері. Бір қалыпты адам. Топтағы қарым қатынасқа бейім. Эстетикалық дарынды. Салмақты. Сәттілікке деген көзқарасы нейтралды. Барлығы сияқты өмір сүргенді ұнатады. Қарым қатынасқа түскенде тең дәрежеде, дегенмен аса уайымдау дегенді білмейді.

